



ІЗТІЛЕУ ТОЙШЫБАЙҰЛЫ



*Жиделер жұпар
иашқанда ...*



**ІЗТІЛЕУ
ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**



**Жиделер жұпар
шашиқанда ...**

Өлеңдер мен ойлар


ARDÀ
Алматы
2012

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Т 37**

**Жауапты редакторы: Манар СОЦИАЛҚЫЗЫ,
филология ғылымдарының магистрі.**

**Тойшыбайұлы І.
Т 37 Жиделер жұпар шашқандада...: Өлеңдер мен
оилар. – Алматы, «Арда», 2012. – 336 бет.**

ISBN 978-601-7355-01-2

Ақынның бұл жинағына өр жылдары жазылған өлеңдері мен баллада, поэма, ой-толғам, мақалалары топтастырылды. Жыр жинағы ойлы өлең өрнегімен ерекшеленеді. Ақынның өмір мен қоғам, тағдыр мен адам туралы толғаныстары оқырманды ойға жетелейді.

Жинақ өлең сүйер оқырманға арналады.

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5**

ISBN 978-601-7355-01-2

© Тойшыбайұлы І., 2012
© «Арда», 2012

Ақын жүрегі

Өлең – өмір. Иә, расында да сезімі өзгелерге үқсамайтын, жан-дұниесі ерекше, бірде көнілі көк аспан мұз боп, сарғайып сағынышын шашқан күз боп, бірде баладай қуанып, болмашыға жұбанып тұратын ақын жүрегінің тазалығына не жетсін!

Олар бұл тірліктен өмірін өлеңге айналдырып, өлеңге өмірін арнап өтеді. Ерекшелігі осында.

Енді осы өлең туралы өңгіме арқауын «Менде де бар ақындардың жүрегі» деп жүрген жаны нұрға, ойы сырға толы Ізділеу Тойшыбайұлының өнер жолынан бастасақ. Ақын азаматтың бүгінде шықкан жыр кітаптары да бар. «Менде де жүрегі бар ақындардың» 2002 ж., «Өмір элегиясы» 2008 ж.

Колына қалам алған кез келген жанның, мейлі ол мықты, әлсіз болсын маңдайына онай тағдыр жазылмасы анық. Сол сиякты 9 жасында әкесінен ерте айырылған Ізділеу аға 12 жасынан бастап қара жұмыс істейді. Ұжымшардың шөбін шапқан, балалық шағының киындығы ағамызды ерте есейткен көрінеді. Бала кезіндегі естелігін еске алып: «Алғашқы жалақымды алған күнім әлі көкірегімде. Шөп шауып жүрген кездерім еді. Кенестік 81 сомды (қалың ақша екен) колыма уыстап ұстаған күйім табаным жерге тимей, борша-борша боп терлеп анама жеттім-ау, әйтеуір. Көкірегім әнге салған шаттық сезіммен колына ұстата қойдым, ол кісі көзіне жас алып маңдайынан сүйді. Міне, осы көрініс санамда үнемі жаңғырып тұрады», – дейді ағамыз.

Ақындық өнердің бір ұшығы әкесінен жүққан болуы керек, ол кісі кезінде сөзге шешен адам болған деседі. Бала кездегі өлеңге құмар шумактары жерде қалмай, сол кездегі аудандық «Балқаш енбек-кері» газетінде жарияланып жүріпті. Есейіп өмірдің тізгінін өз колына алған шакта өлеңнен ажырап

калады. Белгілі бір себептермен ержеткен уақыттың қиындықтары өлең жалғасына үзіліс өкеледі. 1981—83 жылдары катты науқастанып аурухана төсегінде жатқанда қолына қайта қалам алды. Тура осы сәтке:

Оралдым өлеңге, оралдым өнерге,
От-жалын қеудемде, өртөнген денем де.
Үйқымды қашырған, тынышымды кетірген,
Ақындық сезімнің тамыры терендे, —

деген өлеңі куә. Жас күнінде жазған өлең қолжазбасының жоғалып кетуіне байланысты, кейбір өлеңдері облыстық газеттерде басқа аттармен шығып кетеді. Тіпті «Көкжиде жағалап атырауын» өлеңінің «Волганың жағалап атырауын» деп өзгертіліп, телеэкранда ән болып айтылған да еken. Бұл өлеңді ақын өскерге аттанарда шығарып, әнін Қыдырпан атты жолдасы жазғанын, Мәскеуге 9 тәулік жүріп барған әшелондағы жігіттердің жол бойы жаттап барғанын айтады. Ән өзгенің атында кетседе автордың кім екеніне ауылдастары куә.

Сонымен бірге өскерге аттанған сарбаздардың бейресми гимніне айналған:

Анашым, анашым, нашым,
Мәпелеп өсірген баласын.
Баласы солдатқа кеткенде,
Көзіне жас алып қаласын, —

деген әлі күнге дейін «Жас қалам» әнімен айтылып жүрген өлең жолдары да Із-ағаның онсегіз жасында қаламынан туған.

Ендігі сөзді өлеңге арнайық...

Иә, бүгінде 60-ты алқымдаған ақын «жат мінез секілденген кала мен дала қезген кездердін, шалқып өткенін» мойындалған, «Сол бір кез» атты өлеңінде:

Қанғыбас бол жер кезуден тоқтағам,
Бұқіл қызық көрген түстей бол тәмам.

Сарғаудын сары алтыны емес пе?
Енді кайтып жігіт болу жоқ маған, –
іеп өзіне өзі тоқтау айтады. Ауырып қолына қалам
шіған жылдары:

О, дүние, білмеймін мұң қалтаған,
Өмір тарлық етеді сырғактаған.
Қара жерді менімен қатар басып,
Жүргені үшін адамдар қымбат маған, –

іеп жомарт жүрегімен айналасындағыларды қимай
бауырына қысады. Өмірді түсінгені соншалық,
«Достарға» атты өлеңінде өмірдің өте шығатынына
женгін келмейтін мына дүниеде:

Қара тас мамық болар үйкyn келсе,
Сұлудан сұлу асар сүйгің келсе.
Қолындағы бүркітін тұлкі ілмес,
Туған жерден араныз алыс кетсе, –

іеп туған жердің қадірін түсіндіріп, ақыл-кеңес
жереді.

Ақынның махаббатқа арнаған жырларының
бастауы өз анынан басталады. Үнемі түсінде маң-
қайынан сүйіп кететін анын:

Жанымды үге бердін-ау, Ана,
Уақыт, мезгіл өтсе де осы.
Әруағын коршап жүрген де болар,
«Әулием» қара кемпірдің косы, –

іеп еске алады. Ал, інкөр сезім мен ыстық сүйіс-
тіеншілікке толы «Сен, мені ойландырын», «Өкі-
ніш», «Қасымда бол», «Өкпелеме» т.б. өлеңдерін
Мұқағали өнегесімен жазған.

Уақыт зымырайды тоқтамайды,
Белгісіз өткен күнмен нокталайды.
Болса да өмір тасқын, тағдыр тәлкек,
Махаббатым өзімде сакталады.

Әділетсіздік десе жаны күйе кететін ақын жүргегі «біреудің ту сыртынан түйген жұдырығымыз-бен, біреуді ішті тырнаған қара мысық қызғанышпен сан-саққа жүгіртетін пендешілігімізді» өшкөрелеп:

Шындық ізден күні менен тұнімен,
Жүрегімнің түкпіріне үнілем.
Мен қуансам, шындық үшін қуанам,
Мен тұңілсем, жалғандықтан тұнілем, —

деп өзіндік үн тастайды. Ойы жамандықтан ада, жүргегі кіршіксіз, анқылдақ көнілі ел алдында көктем құсы секілді жайнап-жадырап:

Сағынышы акқуы бол көк айдын,
Құсы болып ұшайыншы тоғайдын.
Жайлауы бол жадыраған көнілдін,
Толтырайын кем-кетігін, ағайын! —


деп ақ ниетін актара салады.

Абай, Мағжан, Мұқағалиды пір тұтатын ағамыз үнемі: «мен ақын емеспін, ақынға жақынмын» деп айтып жүреді. «Үлкен ақын үлкен жолда болуы керек» деп есептейтін Ізтілеу аға бүгінде өзінің олен өнірінде жана өріс ашып жүр. Өнер бәйгесінде топқа түсіп, шанына ілестірмейтін тұлпар болмасала, өлең өлкесінде канатын кенге қақканың біре-гейі бол қалатыны сөзсіз. Бүгінде сырлы өлеңі ел аралап, жүрек жаралап жүрген сәулет қызметкери ағанын ақындық жүргегі көлденен көк атты сезбейтін сырлы да әсем өлемге еріксіз жетелей береді, жетелей береді. Жана жырларынмен қауышканша, аға!

Макпал МЫСА, ақын.

Бірінші бөлім

ЖАН ЖЫЛУЫ



ОРАЛУ

Оралдым өленге, оралдым өнерге,
От-жалын кеудемде, өрт шалған тәнім де.
Ұйқымды қашырған, тынышымды кетірген,
Ақындық сезімнің тылсымы теренде,
Оралдым мен саған, оралдым өленге!

Оралдым өленге кеңейіп өрісім,
Тарылмай тынысым, тоналмай намысым.
Кайталанбас өмірде өткерген кей ісім,
Арымды аяққа басқанның тамырын үзуге,
Оралдым өленге... қайтадан сол үшін!

Косылмай зорлыққа, сұмдыққа, құлыққа,
Құрестім тағдырмен, өлеңім, сен үшін.
Тірліктің шуағы мәңгілік сөнгенше,
Бұзылмас бір қамал салуға кірістім,
Окушым оны да, іркілмей айтуға тырыстым!

ШЫНДЫҚ

Ұмытта қалған шындықты,
Бүгіннең ізден шаршама!
Бар ғұмырын сарп етіп,
Оймен шарлап жер-көкті.
Қаншама жандар жан кешті,
Жоктаумен жүріп шындықты,
Жүйелеп барын бағалап,
Шындық жалғыз деп кетті.

Ақылдан қайта іздеді,
Ақиқат деген мұндықты.
Кинады заман шындықты,
Тұншығып тағдыр булықты.

Тұспеді қолға ол мықты.
Жоғалтып содан шындықты,
Ғасырлар өтті, кім үтты?!

Пайымдал көрсөң кезінде,
Өз шындығың өзінде.
Қуаныш – қайғы сезімде,
Ақиқат пенен төзімде.

Тұйыққа батқан шындықты,
Алып шығар бір күні.
Калтырап тоңып сұықтың,
Суына батқан бір пенде!
Ал дәл қазір сен мұлдем,
Өларадан шындық іздеме!!!



Адамды қартайтатын ой мен өсек,
Тылсым тұнде тарықпа болып кесек.
Сезімнің не екенін ұқпаған жан,
Өмірді жалған қуған ол бір есек.

Сезімің сергелденге тұскен кезде,
Уақыттың қадірін білген артық.
Жанынды жапырак қып түйген сәтте,
Өмірдің қадіріне жеткен артық.

Қадіріңді білгенмен, қайран уақыт,
Талай рет кеттің ғой мені сатып.
Сол қылығың есіме тұскен мезгіл,
Тұрады жүргегіме тас бол батып.

Қайтемін өртенгенмен жалыныңа,
Тұсемін енді қалай қалыбыма?

Акқу боп сылансан да айдынында,
Уақыт, түсірдің ғой қалыбына.

От болып бірге күйіп, бірге жанып,
Сезімінді ояттың ғой бойда анық.
«Көн қатса келеді рас қалыбына»
Қолменен укаласан ебін тауып.

О, жалған дүниеде өмір жалған,
Өткізген сезімсіз күнің жалған.
Қалдырмасан артыңа бір ізінді,
Қаласың көн тұлақтай болып арзан!!!



Бар байлықты тәксем де саған сатып,
Жастық шақ, оралар ма, сол бір уақыт.
Кеудені қатты қысып дем біткенде,
Жүрекке сағынышым тұрар батып.

Қадірінді білмеген қайран жастық,
Колдан ұшып кетті ғой талай бақыт.
Мәнгі жастық болардай меніменен,
Жүрдім ғой өр шөлмектің дәмін татып.

Осы еken деп өмірдің бар қызығы,
Болып ем бұл өмірдің бір бұзығы.
Кей қылышым ойыма түскенінде,
Жүрегімде соғар жел салқын күзгі.

Ойлатпаған мастық пен қайран жастық,
Қадірінді кеш ұқтым, сол да – бақыт.
Тағдырыма түйсініп енді отырмын,
Өткізген уақытқа ей, болып ғашық.



Шыңына Алатаудың таласасын,
Төбе – күм бәрібір сен аласасын.
Қарағай найзалаңған қарасаңшы,
Сен қалай биік шыңмен жанасасын.

Білемін терсken мен жантағынды,
Жеген мал семіреді, еті дәмді.
Таласпа қолың жетпес биқтерге,
Бағанды өзің білсөң жарасады.

Биік шың тірегендей көк аспанды,
Алатау тұндік түріп көзін ашты.
Мақтанбай мансабына манғазданған,
Күдірет бөлшегіндей құшак ашты.

Күн, оның баурайында дөңгеленген,
Бозғыл таң, бұлдыр тұман перделенген.
Биіктің кім сүймейді таза басын,
Әр ақын өз биігін, өзі білген.

БІР ТАМШЫ

Заман мынау кеміткен,
Тамшы құлап биіктен,
Кеуіп кетті неліктен?

Тамшы, тамшы тағдыр ма?
Бірің жетпей ғұмырға,
Ұстап бірін қалдың ба?

Тамшы, тамшы мәлдірсін,
Көрген мынау көз құрсын,
Өксіген жырлар өмірсін.

Кұдыретімен құдайдың,
Тұнық өмір құрайтың,
Көлшік неге ылайсың?

Ылайланған қоғамың,
Мәлдірден қалай сұрайсың,
Сенде содан жылайсың.

Тамшыдан теңіз құрайсың,
Тамшы тағдыр тұншығып,
Тіршілік кілтін бұрайсың.

Ит- өмір бір тамшысың,
Баянсыз дүние бал-шырың,
Жалғанға солай қарайсың.

Ай көрінер үнілсөң,
Көз, қара тұн – қарашиқ,
Дір-дір еткен жұлдызың.

Рас көніл аппақ шық,
Періште жырға бас иген,
Сен бір тамшы – ол шындық.

Ғайыптан сені құрадым,
Ылайдан тұнық сұрадым,
Болсың деп бізде тек бірлік!



Шаңырағым мықты еді айқаса өзі өрілген,
Тұнлігін тұрсөң, Алланың нұры төгілген.
Кең дүниедей керегем менің керілген,
Бар дүние табылатың еді төрімнен.

Казактың жері кеңінен байтақ, елімен,
Карайтын еді сыртынан жау да күйінген.
Ізет қылғандай, кеудесін кернеп қызғаныш,
Батыс пен Шығыс не ойлаған, не білген.

Каптады сырттан, Қытайда басқа елдерден,
Отбасы құрды, қызыымды алды гүл терген.
Кармағын құрып табыс та тапты біртіндеп,
Ақшаға алды, сатылған тенгеге жеріммен.

Шаттығым бар ет, шалқайып ашар есігім,
Жер үйықпен бірге еді менің көшуім.
Іабалдырығын баскызбайтуғын дұшпанға,
Көсібі мен нәсібі бар, еді Тұраным?!

Аналарым менің әнімен тербел бесігін,
Ер – жүрек ұлға тәрбие беріп есейткен.
Ана бесік жоғалды, замана неліктен?!

Ақ – ару ана, ак жүрегін төсеп паш еткен.

Ғаламтор мына кеңінен тарап елімде,
Корланды жастар, түстей көрін өмірле,
Жастарым мына «колар» қылық үйренген,
Жағымсызын тастап, жағымдыға бой берсе!

Басында жүріп, жаралы құстай жар-құзны,
Ақынмын деймін, керексіз кейде пакырын.
Тәрбие – голім, онеге берер когам жок,
Осы бір заман ойлантын, қалам алдырлын?!

БИЫЛГЫ КӨКТЕМ

Ай туынды шалқайып,
Көктем күрек бола ма?
Озие жаиды болғанмен,
Шаруата жаисыз болды да?

Жауынсыз көктем құрғады,
Таудағы шөп те шықпады.
Төңген бұлтты аспаннан,
Алла да сырып тастады.

Ай туыпты шалқайып,
Орактай көкке шаншылмай.
Бұлактар қалды мұнданып,
Тірлігі тоқтап қалардай.

Алла көктен бермесе,
Жерден шөп те шықпасы.
Тасаттық бердік бүгінде,
Тірліктің жөні болсаши.

27. 04.2012 ж.



Түннен тұрсан қарында, бер,
Ата – анаң мен бауырға.
Таңертеңгі амандық,
Куаныш берер саған да.

Өкпелетпе жақынды,
Онсыз да тартыс дүние.
Сендерден тапқан қуаныш,
Бақыт берсін өмірге!

НЕМЕРЕМЕ!

Көп борыш бар мойнымда өтмелеген,
Ойым жок қарыз болып кетем деген.
Егерде уақыт берсе Аллам қолдап,
Сырымды, жырға қосып кетермін мен.

Алатаудың шынында мекендергем,
Бұлағынан сусындалап, мұзын жегем.
Тағдыр мені биік қып жаратқасын,
Сол биіктен түспеуге бекемделгем.

О, өмір, мұқитсың сен тереңіммен,
Сыбағанды қабылдап келемін мен.
Немеремнің қуанышын енді көрдім,
Ұзағынан сүйсіндір, келер күнмен.

Келер күнім әкелсін бақыт таңын,
Қуанайын мен неге шаттанбайын?!
Немеренің күлкісі жүрек жаарар,
Тіліңнен шүлдірлеген айналайын.

Айналайын жан еркем, аймалайын,
Кызығыңнан садаға менің жаным.
Мына заман «ғаламтор» заманы ғой,
Өсе келе оқырсың «атан» жайын.

Таңды –таңмен атырдым бүлдіршінім,
Тілім аман болсын деп сенің үшін.
Қанша ғұмыр берерін Аллам білер!
Өлімшінің калінде жатыр, ана тілім.

Жарқынным жаным ержетсең өзің білерсін,
Тіршілік – жарыс, бәсеке, бәйгі көрерсін.
Жарыска тұс, ғылым мен өнер салыстыр,
Халқынды ойлап, үрпағы «Қазақ» дегізгін...

Жүрегім талқан, ойымда арман дүние-ай,
Алдында елдің борышты өтеу киын-ай!
Дегенің болмай, киялға мына беріліп,
Немеремді құшып, отырмын міні осылай...

СЕКСЕУІЛ

Осы мен туған далада,
Шежіреге толы арада,
Сірескен сексеуіл өседі.
Бұлтқа телмірмей,
Жер түбінен нәр алып,
Буынын бұрап сығымдаپ,
Өз өмірін кешеді.
Әйтсе де кейбіреулер,
Балталап түбірінен кеседі.
«Сиреп те қалған» – деседі.
Сонда да сертін алдырмай,
Еркіндікпен таласып,
Мәңгілік ғұмыр кешеді.

Өзекке теппей өз ұлын,
Кен даланы жайлаған,
«Қазак халқы» деседі.
Дәл осындай қайсар мінезді,
Қазақта ұлдар өседі.
Ұмсынған һас жауының,
Тамағынан кеседі,
Казағым солай өседі!!!

ҚАРА СӨЗДІҢ ТҮЙІНІ

Тіленіп адам жүреді,
Кұлық саумак, көз сүзіп.
Еңбек етсөң болады,
Бір Аллаға сыйынып.

Құр өткізбе өмірді
Біріне-бірің егесіп,
Жарамсыз қылышқор етер,
Өмірдің өзі бір күндік.

Әр күнінді бағала,
Жүре берме көп күліп,
Көкіректен шықпаса,
Бояуы онған сол күдік.

Орныменен болмаса,
Өң бұзатын күлкі бар.
Орныменен шыққан сөз,
Құлакқа күнды ой салар.

Таза енбектің бағасы,
Өміріңе нұр берер.
Арамдықтың аяғы,
Ашылып ертең сорлы етер.



Уайым-қайғы баспасын,
Шегімен ойла әр істі.
Үнемі қайғы – уайым,
Шыдатпай жейді жаңынды.

Қайғыға түссең, қасірет,
Есігін тап ашатын.
Аша алмасаң есігін,
Қайғыда қалып тозасын.

Есті адамның парқы бар,
Орынды іске қызығар.
Ойлы сөзін естісөн,
Құлак кана, сүйсінер.

Ессіз адам парқы жоқ,
Әр нәрсеге қызығар.

Ойлар ойы баянсыз,
Бағасызға құмартар.

Буындарың босансып,
Жастық та тозар бір күні.
Әмірді үкқан азамат,
Талапқа қайрат тенестіп...

ЗАМАНА

Өзі құрттанып шашылған заман,
Кулық пен сүм боп ашынған қоғам.
Сатып алған, жағып алған қызмет,
Мықтыны сыйласп бас үрған заман.

«Кеселді қулар» көбейген заман,
Қайырымсыз мырза көсілген заман,
Ойрандал ойсыз қанатын қағып,
Елін тонаған сұрамшақ заман.

Үлкенді – кіші пара алған заман,
Әдепсіз, арсыз мақтанған адам.
Өсекші, өтірік жарамсыз қылық,
Мінездерімен қор еткен заман.

Ақылдылар – арлылар зар еткен заман,
Жақсыны ұмыт, жаманын бар еткен заман,
Демесін – десін «бай боламын» – деп,
Пайдасын ойласп қор болған адам!

Ләкин надан болғанда заман,
Құттылар елде, сұттілер аман.
Іздеген нәрсе табылар ма екен?
Адалдық, шындық жоғалған заман!

Кейбіреудің артында құрым,
Киізді тұзға малшып ап таққан.

Әділет, ұят нысаптан асып,
Амалы елдің таусылған заман.

Естері шығып мырза боламыз деп,
Кім болса соны емізген заман.
Шерім толқып шыккан бір сөзім,
Жүрекке иман толтырышы Аллам!!!



Озбыр адам – құнсыз адам,
Тозақпен өмір кешеді.
Дінге кемел толған адам,
Тәні игі, жаны иманды – деседі!

Рухани тірі жүріп ұқпағандар,
Тәндік өлім азабына түседі.
Сондықтанда Аллаһ бізге,
Екі бөліп, енші кескен – деседі.

Бірі тозақ, бірі пейіш пендеге,
Мәнді жарық «иманды өлім» – деседі.
Корықсан тозақ оттарынан ,
Имандылық кіргені де – еселі!

Жүрекке таза бақ берсін,
Жәннатта өмір бізге келсін,
Аллаһ корғап бәрімізді ,
Жақсы қасиет иман берсін.



Өткен қүнге сарапшы,
Өміріне мән берер.
Не дүниеде жарамды,
Жарамсызын шегерер.

Іште ақиқат саналы,
Сыртта шарифат болады,
Аллаһтан туындар шарттарды,
Жүректе ұстасаң сапалы.

Дінсіздік – азап дүниеде,
Жалған сүю өмірді.
Исламның бірлік – дініне,
Арнаған жөн өзінді.

Жүрегі нәзік адамның,
Сөзі де көркем болады.
Жүректі көркем ететін,
Алланың берген жолдары!!!



Айналам менің құлағы жоқ пенделер,
Ақиқат жайлы айқайласаң кім сенер?
Сөзің «сөз» – деп, түсінерлік адам жоқ,
Аш қасқырдай іші ұлыған біреулер.

Ардан кетсе азамат, ата – анасын сатады.
Ата – анасын сатқан соң Құдайын да сатады,
Танымаган Құдайын, Отанын да сатады.
Байлық қуған арсыздар шетел асып жатады.

Арынды сакта азамат, көз сүзіп қулық іздеме,
Жылап туған сәбисің, кейіп өлер түбінде.
Дүниенің қызығы, рахаты қайда – деп,
Бірін – бірі андумен өмірін өтер тегінде.

Жарамсыз қылық құндерін, ескерусіз тұндерін,
Бояма құлқі көңілін, таусылар құні өмірін,
Ансайсын, байлыққа сатып алмайсын,
Кулықты сүзгөн, дүние жалған, әлі-ақ өшесін.

Ей адамдар: бізді жаратқан Алла бар,
Ақыреттің алдында қыл көпірде, сұрау бар.
Шайтандардың азғыруынан аман боп,
Имандылыққа көңіл бөл, арттарына қарандар!

АДАЛДЫҚ ҮШІН

Жанымды менің аялап өскен ақ қайын,
Өктемсің өмір сырласып саған айтайын.
Жанымды жанып, қалақтай қара тастарға,
Мактаса бек боп, арымды таза сақтайын.

Кетсе де кейде әділдік заны алыстап,
Шындыққа талай жүгінген бабам ар ұстап.
Сан рет тұрдым, сабырлық сактап тас түйін,
Тұрса да ғайбат жанымды менің жаныштап.

Ойлану керек, шешерде адам тағдырын,
Болмауы қажет, пенделік деген тар ұғым.
Сол кезде, жаным, әділдік туы желбірер,
Алаулап атса сонымен ғана таң нұрым.

Жауабын таппай қиналды жаным неше мұн,
Заманың мынау түйінін түйткіл шешер кім?!
Адалдық деген адамның асыл мұратын,
Корғайтындарды,
Бас иіп тұрып кешірдім.



Мына дәуір бұлқан – талқан өзгерген,
Өзгергенін міне, бүгін көз көрген.
Тағы-тағы талғамдарда өзгерген,
Бірак бұны біз айтпасақ, кім көрген?

Ақыл-ойлы тұлғаларын,
Пір тұтатын қазағым.
Надандықтан тазаратын,
Ұлы үмітпен оянатын,
Шексіз сүйген өз Отанын!
Күліп қарсы ап күн шапағын,
Шындық үшін жан беретін,
Күн шығарына аппак ертең!!!
Мен сенемін болашаққа!
Ұлы дүниені өзгертетін,
Дарқан далам гүлге оранып,
Көк құрағы жайқалатын.
Өмірге арман жетелейтін,
Имандылық бас болатын,
Әлі-ақ ертең күн туар!!!

ҚАЙРАУ

Жырлар жаздым, сөзіме болсын тірек,
Өзім ұқпай, басқаға болмас керек.
Арпалысқан, алысқан әр күндерім,
Есте қалсын сол үшін, жазу керек.

Өмірімнен жазамын, кімге керек,
Күйінемін кей кезде, жану керек.
Күйінішін Халқымның, сүйінішін,
Өз жаныммен ұқпасам болмас дерек.

Бір басымның қайғысы кімге керек,
Ұғынатын, сені оқыр халқың керек.
Өз үніммен жырласам сол халқымды,
Жанға шипа болар ма тілге тиек.

Адалдық керек, өмірде шындық керек,
Жаққан отың жанбаса сөну керек.
Сарыарқаның даласын жалғыз кезіп,
Барса келмес сапарға кету керек.

СЕН БІР АҚЫН

Неге көніл жабырқау, неге жарым!
«Женейін-ау»-дейсің-ау соның бәрін.
Көктеміндей көнілді сипап өтsem,
Самалыңа рақаттанар ма сонда жаным!

Көнілі ақындардың бәрі жарым.
Жан ауырса шығады сонда дарын!
Тоғышарлық, тоң мойын керек емес,
Бағасын асыл сөздің білген халқым!

Шөлдемеген білмейді судың дәмін,
Теренірек тұсінсен сөздің мәнін.
Құс та ұшар сары күзде жылы жакка,
Жылы жырлар жазылсын жатталатын!

Бірде женіліп өмірде, бірде женіп.
Өтесің-ау дүниеден, сен бір Ақын!..

ӨЛМЕСІН ӨЛЕҢ

Сенгішпін, не айтса да сене салам,
Ақ көніл, адал жүрек сезімменен.
Сонда да ансауы мен самал ескен,
Жадырап жанға шуакты келеді өлең.

Желпінбе дүниеге басу берген,
Жүйрікті біз де міндік желдей ескен.

Сондықтан бедел биік бетегеден.
Біз кетсек, жыр қалады кестеленген.

Бұгінде оқылмайды неге өлең?
Тарихта шала – жансар қала ма өлең?
Мүмкін ұрпак табысар сөрелерден,
Шындықтан қайта жанар, өшкен өлең.

Оқылмаса, халайық, өледі өлең,
Жүрекке сезім керек бесенеден.
Сезімді оятатын «Ақын – өлең»!
Тілеймін өлмесе деп сол бір өлең!!!

РУХТЫҢ ӘЛСІРЕУІ

Ұлы Рухын сыртқа тепкен,
Жалдау коғам мынау неткен?
Жалаң аяқ қалай жүрем,
Жолда қалың шөнге – тікен.
Қайсар сана, кемел ақыл,
Ағатайлар кайда кеткен?
Қазақ үшін тым қауіпті,
Ата-тегін білмей өскен.

Ғасыр арсыз болғаны ма?
Ізгілігін күдік женген.
Тағдырынан «руһ» қашып,
Заманымыз нені күткен?!
Ой созамын сенім артып,
Болашакка, бұгін-ертең.
Халқымыздың ұлы руһын,
Бедел-парқын төмендеткен.

Шулы нарық базарында,
Билік-байлық шіренеді.

Ұлылардың жолын кесіп,
Қарға-құзғын семіреді.
Қырандарын жамандасып,
Жағымпаздар жағаласып,
«Тексіз тарих болсын»-деді
Тексіз болашақ не біледі,
Тексіз «руғ» кімге керек?!

Тек өділ сын, Ел тірегі!
Жалған мактау өлтіреді.
Сан қуарып, сан гүлденген,
Ұлытауым гүлденеді.
Әлі талай болашағым,
Мен сенемін, гүл тереді!!!

2006 ж.

ЖАРАТҚАН САҒАН, БАС ИЕМ!

Арылмас мұң бар ауырған жанда арманмен,
Арам шөп аман, жатады гүлдер жиі өлген.
Аңсаған көніл аptyғын басып алса дем,
Көлемі шексіз көлеңкесіне сүйенген.

Анаған елтіп, мынаған сеніп, алданған
Өзімдей көріп, өзгеге сендім аздаған...
Сарыала таңды сарғайып күтіп жүргенде,
Өтіпті өмір алыс жолдарға қамданған.

...Тұлғасы бөлек, тұрпаты кесек, тоң мойын
Көрсе де көрмей, айтпайды саған он ойын.
Баршадан қалған, қойнына басқан байлығы
Калады кімге, тарайды кімге – уайым!

Көтерер көніл, өзгеше өлке бар ма екен,
Жалықтырды мені тірлігі бітпес тар мекен.

Жұлдызға жырлап, ай менен күнге ық таптым,
Жаныма сая, табылса дедім, жаһан кен.

Алданыш іздең біреуге сірә бас имен,
Табылар деймін мандайға жазған несібем.
Артықта кетсем пенделік жасап, кей-кейде
Кешіре гөр, Жаратқан саған, бас ием!

01.11.2010 ж.



Өмірге қонақпрыз ғой келіп-кетер,
«Бұл жалған басымыздан әлі-ақ өтер».
Колыма қалам алып із тастадым,
Дүниеден өтпеу үшін босқа бекер!

Қара жер сүйк дейді, көр каранғы,
Жан кетсе болар денең топырак әлі.
Тіршілік, ғұмырыңа қолынды соз,
Алдың жар, артың да құз болса-дағы.

Болғанда дауылдарда үресінде,
Жанынды жарға байлап жүресін де.
Каншама үйренсем де күресуге,
Кей тұста әлсіреймін тіресуде.

Колдан келген істермен карсы келем,
Өлмеу үшін күресіп тағдырменен.
Бірақ тағдыр әу баста нені жазса,
Карсы аласың дәл соны бұл өмірден.

Күрес-күрес, Мәңгі көз жұмғанымша,
Токтамадым, талмадым өз басымда.
Мінезім бар бетке айтар тіке қарап,
Жалынбадым ешкімге жар басында.

Қарға – құзғын кей кезде коршап алып,
Жүк артады жанымды жарға апарып,
Женілмедім қашама күрессем де,
Жеңіп шығып, қараймын өз басыма,
Ақылымға ырза боп алып шыққан,
Адалдық пен мырзалық қатар тұрған!!!



Алдағыш көздер мен алдамшы сөздерден
жалақтым,
Ойласам елімді, жерімді, мен жалғыз қалыптын.
Сатылған бак-дәulet қойнауы қара алтын,
Бағымнан сорым көп, арылмас Халықтын!!!

Әлі де күдіктің қиялшыл үміттің ізімен,
Руһани байлықты жүрмін мен жоктаумен.
Мына ғасыр, бәлкім сенің ғасырың, сондықтан,
Бәрін саттын сатуға мүмкіндік болғанын.

Ақыны болған соң жақыны болған соң Халықтың,
Ұлтымның мұңынан алыстал мен қайда
барыптын?!
Өксіген кеудемді баса алмай, дем жетпей
жатырмын,
Шындықты қаныммен, жаныммен жазыптын.

Өртөнген жүрегін айта алмай үнсіз жұрт,
Бара жатты бакайлар табан жалап, үнсіздік.
Ашы мұнды жұтамын айрандайын сіміріп
Аш бөрідей қала бердім айға ұлып!!!

01.11.2010 ж.



Жалғайын жылап жазған жырымды,
Сұлуырақ бүгінгіден бұрынғы.
Мазмұнды ой тозған, бос өуен,
Адастырған ашық күнде арманды!

Мен едім сыйнығы асылдың,
Тиіп тас, үгітілдім, шашылдым.
Өз несібем өзіме жетер еді,
Жер сатуға несіне асықтың!

Құмай жер шалғыны мына көк,
Ата-бабам найзамен қорғаған.
Теніз ем, тамшы бол барамын,
Қазаным суалғанша қайнаған.

Мың ғасыр өткен соң мұнайып,
Енесінен ерте калған құлындей...
Теренімді теріске телміртіп,
Теріскені жазылмаған тілім-ай?!

Тастардың тасы домалаған,
Ғасырмен қалай кектесем?!
Кара жер тарта береді
Көгіме сініп кетпесем!

2010 ж.



Бәрі де құліп тұрып пайда ойлаған,
Қайсы дұшпан, қайсы дос, біле алмадым.
Бүгін міне жиналған қарға-құзғын,
Тойды ма екен тойымсыз арандарың?!

Құнымды өлшеп өзінше бағаладың,
Құзғын құсқа айналған ағаларым.
Атқан оғың денеме дарыған жок,
Жан жарамды жазумен жазыламын.

Керек емес маған жау, маған дүшпан,
Өлең жазу өмірде бар арманым,
Дән теріп, ырысымнан жай аулаған
Жүремін тірлігіммен өзіме аян.

2009 .ж.

ҚАРАШАШ

Баллада

Әсемдікке құштар көнілді
Көкше көлі булы еді.
Жүргін сезім билеген,
Сонау бір айлы тұн еді.
Айы толып толқыған,
Торғын тұнде ала арқан,
Алты бақан кеші еді.
Ауылдың сырты, көл жаға,
Ақ көніл ауыл жастары,
Ақ сүйек ойнап, биледі.
Қаншама әзіл айтылды,
Қаншама әндер шырқалды.
Келген қонақ әнші аға,
Әніне ерік берген-ді.

Айдың жүзі сәулелі,
Көк құрактың судыры,
Қытықтайды жанынды,
Биши қайың сыбыры.

Күлкіге толы дүбірлі,
Ақкудай сылқым сұлуы,
Көкшениң өсем қыздары.
Толқынды сезім билеген,
Тобылғы жүрек күйге енген.
Мамықтай жұмсақ жібегі,
Қарааш қалқам ойда еді.
Махаббатын сағынған,
Айтуға үні шықпайды,
Жүрегі оның жыр өлен...

Әнші ағасы қасында,
Көгілдір көлдің жағасы.
Екеуі үнсіз келеді,
Қол созымдай арасы.
Иыққа иық сәл тисе,
Шоқ болып күйер шамасы.
Тіл байланып-күрмеліп,
Ақ саумал көніл елеңдеп,
Толқынымен сабалап,
Сынқыл сезім абалап,
Сал бауырын түйреді.
Қадау селдір ақ қайын,
Көк нұры айды аймалап,
Алтын сәуле шашырап,
Алтыбақан ән-жырдан,
Алыстап барат екеуі.
Кос сұлба жұмбак күйінде,
Бозамық түнге ақырын,
Бұлдырға сініп барады.
Толқып, ойлап бір сырды.

Қарааш қуана сөйледі,
Үнінде сәл ғана дірілі.

Мұны бірақ сезді ме,
Нәзік жүрек дұрсілі.
Көк мұнар тұнған көл жаға
– Ау әнші аға – деді де,
– Ана аққуды қарашы...
Көгілдірі көл бетінде.
Ай сөулелі айдынында,
Жұзген аққу көрінді.
Суреттеуге тіл жетпес,
Балапаның ерткен-ді,
Еріктен тыс бой билеп,
Сезім перне тұншықты.
Билеп, тежеп, ғажап ойын,
Иә – деді әнші ағасы,
Қандай сұлу мына көлдің жағасы,
Ал мына Аққу,
Жақсылықтың нышаны ғой шамасы.
Қайта-қайта қарай берді,
Бойды билеп сұлулықтың санасы.
Содан кейін бір тұңғиық ойға қап,
Екі көздің оты жанып шоқ ойнап,
Қарашашка ұзак қарап,
Айта алмай іштей тынып,
Жай ғана еріні жыбырлап.
– Әттен, кештеу кездестің де,
Дауа барма жалғанға.
Кешір Қалқам,
Маған аян, қыз көнілі нәзікті,
Жене алмаспын,
Бір бақыттым бары анық.
Өтінемін ол бақытты сорлатып,
Бұл бақытқа сенім арту артық-ты.
Сен ерекше сыйлы жансың,
Саған айтсам сырымды

Адасқандай болып тұрмын,
Кешір мені, кешірші!..

Құпті көніл кедергіні айтқанмен,
Ғашық жүрек өз тағдырын,
Өзі ғана шешеді!

Селт еткендей сөзді бұрды басқаға,
«Ғажап» – деді.

Қайта айналып келе ме,
Мына Ақку осы көлге?
Сәл күрсінді, естілмеді,
Байкамады өзі де.

Кыз көнілі басқада,
Жас кезінен әнін тыңдалап,
Үміт қайғы, өзі жылап,
Ғашық болған жан, тәнімен
Өміріне желкен еткен,
Өзі сұлу бой түзеткен,
Албырт сезім өртенеді.
Небір жайсан жігіттерді,
Мазак етіп елемеді.
Шөлден іздең махаббатын,
Әнін айтып еркелеген.
Ойлап соны армандаған,
Жылай жүріп, сұрак қойған,
Ғашық жүрек, енді жетті.
Бұлттан биік занғар ма?
Білдіре алмас сезімін,
Жазылмаған зан бар ма?
Жиырма жыл бойы ой салған,
Ғашық көніл мәңгі жасыл болмай ма!
Тұншықкан ойдан арылмай,

— Эрине, мына көл, көк құрак,
Тұып-өскен мекені.
Туған жерден алыс кетіп,
Кім бақытқа жетеді?
Мен де сүйем мына туған өлкемді.
Әнші аға, — деп сөзін жалғап,
Киелі жерге, киелі көлге,
Аққулар кеп қонады.
Аққулар жүзген көл сұы,
Киелі — деп жатады.
Менің де шомылғым келеді,
Аққуға жүзіп барсам ба?
Жаймен үн қатты.
Әнші ойы шып-шимай,
Сұракқа жауап бермеді.
Ай жүзі көл бетінде,
Тербелген бесігіндей.
Көл беті баяу толқын,
Тіршілік иесіндей.

Киелі көлге шомылу,
Ақкумен бірге жарысып.
Арманмен бірге алысып,
Билеген бойын сезімге,
Ие де болмай өзіне.
Ағытып шешті түймесін.
Сыпрып тастап лыпасын,
Жұмыртқадай ақ тәнін,
Ақ сәулеге сүйгізді.
Айлы тұнге шомылған,
Оқтаудай жұмыр мұсіні.
Мінсіз сұлу денесі,
Көлде жүзген шабактай.
Жалт-жұлт етіп барады.

Ал әнші аға!
Ес-ақылың жия алмай,
Жан дүние бұлінді.
Алай -дүлей жүрегі,
Қолқаға кеп тірелді.
Жас сұлуға жұтынып,
Тіксініп бетін бұрады.
Көл суына еркелеп,
Көкірегін жумады.
Бәлкім «ұят» — дегені,
Бәлкім сезім салмақты.
Бас айналып, қан тасып,
Қисық балтыр ак қайын,
Оңашаға беттеді...

Жас сұлудың бөксесі,
Бұлт етті де еңкейді.
Көл бетінде ойнаған,
Толқынмен бірге жүзеді.
Ай аймалап, су сүйіп,
Жалаңаш дене салқындаپ,
Іште күйік жан-жебе,
Арпалысты бір өзі.
Сабасы түспес көнілдің,
Өзін-өзі жанып қайрады.
Сеніп сүйген махабbat,
Артынан неге бармады?
Жанның жазы табылмай,
Су ішінде жылады.
Жылай жүзген Қарааш,
Аккуға жетіп озады.
Жылжыған акку жылжымай,
Жан жарасын түсінді.
Мойнын созып иіле,

Аққу үні сұнқылдап,
Бір бәлені сезеді.
Шақырғандай көмекке,
Үнін сонша безеді.
Сарғая құткен махабbat,
Бала кезден арман ед,
Киялына шомылып,
Талай күліп-жылап ед.
Сезіміне беріліп,
Кеудені қысып езілмей,
Ақтарып сырын жеткізбей.
Кеудесі суға тұншықты.
Шамасын өзі байқамай,
Айдын көлдің бетінде,
Өзі жалғыз Ақку мен,
Жалғыз жүзді жаралы.
Жаралы жүрек,
Сынарын ізден барады.

Ай сөулесін қара бұлт,
Көмкеріп енді жабады.
Үрейленген Қараашаш,
Бар даусымен айқайлап,
Шыбын жаны шырқырап,
Жан-жағына қарады.
Көмектесер адам жоқ,
Терең көлдің ортасы.
Бір көрініп, бір батып,
Суға кетіп барады.
Қысқа ма өмір алқасы.
Махабbat, сезім арқасы,
Қош деуге шама болмады.
Әттен тағдыр қосылмады,
Ғашық көңіл мәңгі қалды.

Ғашықтықпен өткен күндер,
Өмір болып саналады.

Ай жылады, құрак шулап,
Дауыл сокты, нөсер жауып.
Жарқ-жүрқ етті найзағай да
Ақ қайың да иіледі,
Анасындай белін ұстап.
Ашы айқайдан оянғаны...

Бір-біріне ғашық жандар,
Тіршілікте аз ба адамдар.
Өшпейтін де, өлмейтүғын,
Ғашық жыры мәнгі қалар.

14.02.2011 ж.

КОРҚАМЫН

Мейрімсіз жұтаң кезең де,
Жок болып дария сезім де.
Күмға айналған төзім де
Құлқынның құлы болған ба?
Корқамын содан өзім де.

Жүректер тасқа айналып,
Құлазыған көніл байланып.
Ағайын қалды ойланып.
Көргенде көніл босамай,
Қатыгездік бойды алып.

Сенім де кетті жоғалып,
Әділет азып, ар кірлеп,
Жамандық озып бір-бірлеп.
Қанағатсыз қеудеге,
Ашқөздік кірді біртінде.

Заманға үрей қосылып,
Арсыздық женіп бас сұғып.
Кітаптар құрып кете ме,
Техникалық дәуірде,
Мен содан қорқамын!

II

Том-том болып жазылған,
Сөреде толы кітаптар.
Оқитын жастар шамалы,
Техникалық қоғам бар.
Атысқан мен шабысқан,
Құбыжық пен қуыршақ,
Компьютерлік ойындар.
Соны ойнаған болашақ та,
Қасиет қайдан табылар!?
Ұлағатты ұлы сөз,
Әже айтқан ертегі,
Әке айтқан өсиет,
Сөреде тұрған кітапты,
Оқып оны кім үғар!?

Кітапта қадір қалмады,
Күндердің күні өткенде,
Орта буын кеткенде,
Керексіз деп кітапты,
Жер астына көме ме?
Абай менен Мұхтарды,
Мағжан менен Сәбитті,
Төлеген мен Саттарды,
Мұқағали – Ғабитты,
Кім оқиды, жоктайды!?
Болашаққа тап болым,
Көнілге тоқыр ойы арзан.

Кешкі жиын, ырдуы көп,
Казино, карта, тойың қөп.
Ақыл-есі уланған,
Нашақор мен наркоман.
Мен солардан қорқамын!

03.03.2010 ж.

ТӨЛҚҰЖАТ

Қазақ тілінің мемлекеттік дәреже иеленгенінің құрметіне қырқүйек айының 21-жұлдызында «Сарыарка» кинотеатрының арт жағында Әкімшіліктің тікелей рұқсатымен жалпы саны 3500-ден астам адамдардың жиналудымен «Мемлекеттік тілді корғау» акциясы өтті.

Сол акцияға қатысқан қалам иелері мен өнер кайраткерлері жоқтың қасы еді. (2-Задам)

Акцияда, қазактың тегін төлқұжаттан алыш тастау мәселесі де қөтерілді. Сонда туған ой.

Автор.

Құрсаулы қоңыр қоғамын,
Рухтан елін жұт болса?!
Шындықтан безген заманын,
Кең пейіл дархан елімнің,
Шекіресі шексіз жоғалса,
Ата-тегің солмай ма?
Өлудің жолы міне, осы,
Мәнгүрт болып қалмай ма?
Ертенің білер кім болжап,
Асудан калай өтесің,
Болашактың алдында,
Не? – деп жауап бересің?
Ата аруағын аттаған,
Оу, қазағым, не дейсің?

Құлаған мына ағынды,
Тосатын тоған жоқ па екен.
Намысың қайда Қазағым!
Бетін ашам демедің,
Бейіті қалған бабаның!

II

Шөгеді адам өзінен,
Рухы шіріп ішінен.
Парасат тұтқан ағалар,
Көленкеде көз ілген.
Осындай қын кезеңде,
Тегін сатып жіберген.

Казіргі танда кейбірі,
Көк көйлектің түймесі,
Үзілерге шак қалып,
Өз-өзіне сыймаған.
Ұлтты ойлайтын ағалар,
Басқа тілде сайраған.
Дәурен құрып ойнаған,
Құрдымға кетпе, Ағайын!

Том-том кітап жазатын,
Ұлы қайда қазактын?
Қызы қайда казақтын?
Сахнада өн салған,
Әншім қайда қазақтың?
Қара тасты как жарған,
Шешені қайда қазактың?
Намысын бермей колынан,
Жан беретін қазағым!
Жерім, елім дегенде,
Қан төгетін қазағым!

Ар-намыстан айырылып,
Жұрдай болып бүгінде,
Құрдымға кетпе, қазағым!

III

Кейбір өнер саңлактары,
Ой-санасы, мешеу-ді.
Атағына сыймай жүр.
Қалталылардың алдында,
Ән салғанын қоймай жүр.
Намысынан айырылған,
Ата-тегін ұмытқан.
Ұлттық руһтан алыстан ,
Мәңгүрттеніп болмай жүр.

Кімге айтып зарланам,
Кімге барып корғанам,
Жіліктеп бәрін бағалап,
Айдар тактым тағадан.
Өзді-өзімді обалап.
Қайғы — мұным бес елі,
Тұра алмай қалдым жоралап.
Саңлауын тапсам егерде,
Кетер едім андалап.

Колда қару-қаламым,
Сөз айтамын сыналап.
Тында елім, сөзімді ұқ!
Шындыкты айттым шамалап.
Шыныраудағы шындықты,
Аспандатқан ақиқат.
Ақиқатын айтпасам,
Өзіме-өзім болам жат.

Жауым өзім болғанша,
Өлгенім артық болып «дат»
Осы ойдың иесі,
Ізділеу – деген азамат!

МЕН СЕНЕМІН

Ия, шындық ашы да,
Барады өртеп арымды.
Айта алмаған шындықты,
Ақын – ақын болмайды.

Қайда Қазақ ұландары,
Қайда қыран саналы?!
Жағымпазға токтау айтар,
Ақсакалдар қалмады.
Кілең тобыр алғыштар,
Халық отын жағады.
Ел сенімін актамаған,
Намыс жалын тонады.

Жігерің мен көктен өлдің,
Ұлт намысын қолдан бердің.
«Төл құжатта «тегі» мүлде,
Жазылмасын» жоқ дегенің.
Қалай мұны түсінемің,
Сана, ойға кірмедің,
Қалай жағам өз жанымды..,
Өз отыма күйгенім!

Мен сенемін ертеңіме,
Нұрлы үміт оянат деп.

Ел наласы тарқар деп,
Ақымақтар күрт азайып,
Ақылдылар артар деп.
Мен сенемін ертеңіме!!!

ІС ТҮССЕ ӨЗ БАСЫНА

Көргеннен де көп екен көрмегенім,
Бәрінен де жақсы екен өлмегенің.
Бақыт тайып, басына іс түскенде,
Дос-жолдастар жоғалар «сен» дегенін.

Ақыл – айлаң, сана – ой төзе білгін,
Сараң болсан қаларсың өшіп бір күн.
Акқа қара жабысып байқаусызыда,
Уысында ойнатар тағдыр шіркін!

Десе – дағы тағдырдың болмасына,
Жанға жақын іздесен жар басында.
Қолдың ұшын беретін жолдас тапбай,
Тарылғанда іс түсіп өз басына.

Жас та келді алпыстың жағасына,
Канша ауыр болса да өз басыма.
Куат берер жанымда мәнгі серік,
Жан жарым мен балалар от басында.

Таза жүрек арланып болмашыға,
Досқа қара дүшпан мен арбасуда.
Адалдығын түбінде женіп шығып,
Карға – құзғын қалады жар басында.

2010 ж.

ДОМБЫРА – АСТАНА

Өмірдің жарқын күнінен,
Күй төкші бүгін, домбыра
Бабадан қалған киелім,
Тыңдасын сені, Астана.

Бөлөнген сезім нұрына,
Адам тілі жетпеген.
Айта алмаған сөздерін,
Сен жеткіздің, домбыра.

Туған күнге арналған,
Жиырма жылдық кешіне,
Келіп тұрмын арнайы,
Төгілте-төге күй төкші,
Егеменді ел болған,
Мына қазақ жерінде,
Астананың төрінде.

Сендей мына асылды,
Қалдырып кеткен бабама!
Мың раҳмет айтамын,
Борыштармын мәнгілік,
Ата – заман жұртыма.
Айналайын, домбыра,
Жүректің қылын суырып,
Құмарынан бір шығар,
Астананың халқын да.

Ертегіге ұқсаған,
Сырттан айтса нанғысыз,
Жаңа кала Астана.
Көзбен көріп куанып,
Мен келемін көшөндө,

Жүрегімде жыр ойнап,
Көніл толды Алла-лап!
Сәлемімді қабыл ал,
Басымды ием Халқыма!!!

Ақын да емес жақынмын,
Өлең сөз түйген жанына,
Қуаныштың шегі жок,
Көніл толқын, жүрек от,
Мәңгі жаса Астана!!!

Бір тиек пен қос ішек,
Күй төгілді үш таңға.
Атадан қалған киелім,
Басымды идім саған да!!!

2011 ж.



Сезгемін жүрекпен көбін сырдың,
Келді міне, күз бопты өмір сүргім.
Құштарлық та, құмарлық та көнілде,
Сүю үшін мәңгі жас бол қалармын.

Көше қынп, кеше соққан дауыл жел,
Өтті жастық, өтті уақыт, өтті ол.
Құрсінсең де қуансаң да мәз болып,
Бір тамшы өксік қалады екен шыны сол.



Кейде өмірге, көніл неге толмайды?!

Кырандарын жамандасып, қарғаларын мақтайды.
Оңай шаруа ісі деп, жаксы сөз деп семіріп,
Арсыздыққа бой ұрып адам содан сорлайды.

Кейде дүниеге көзің неге тоймайды?!
Құлқыны аждаһа, құныққанын қоймайды.
Кейбіріне айтқан сөзің санасына қонбайды,
Тірлігі онбас бәрінен де сол қайғы.

Неге өмірде қуды-қулар қолдайды?!
Шындық айта бастасаң, айтқызбайды ондайды.
Аласапыран мына өмір, қу тірліктің құны жок,
Заманы ма ептінің, адалдықтың ізі жок?!

АЛТЫ АРЫС АЛАШЫМ

Елестен өлең жазбаймын,
Шындықты айтып сорлаймын!
Дүниені ұта алмай,
Тақырға шөккен нардаймын!

Алты арыс Алашым!!!
Сенің үшін серттесіп,
Қаншама жаумен кектесіп,
Өзегіммен өрт кешіп,
Қасық қанын төккен Бабамыз!!!
Сондықтан осы байтақ өлкеге,
Ие боп біздер қалғамыз.
Енді міне,
Көкірегім от еміп,
Өз отыма өзім түсіп өртеніп,
Көзде жасым бұлданып,
Қалай шыдаймын?!
Еңсем түсті, еніреп.
Арыстандай айбатты,
Қолдан келер қайран жок,
Арғымақ мінген ерім жок.

Шығыстан Қытай қаптады
Ағынды тосар тоған жок.
Қын ішінде қылышым,
Суыратын дәрмен жок.

Қайсарлықтан қан жұтқан,
Сілеусін көз, кең иық
Тегеуріні тепкісіндей түйғынның,
Еңкейгенге – еңкейіп,
Шалқайғанға – шалқайған,
Көкжал руһ бізде жок!!!


Казақы намыс, қасиет,
Тамыры бітік, күн қайда?!

Шындықты айтсақ қасқайын,
Екі бүйірден сығымдаپ,
Басып келеді жаныштап,
Менің жалпак жерімді...

О, Түркі жұрты! Атажұрт!
Тарамда – тарғыл тағдырым,
Шынарам кер бұтағым,
Мен қайранмын!
Сен қайдасың?!

Жауырыннан балта тиген шалдайын,
Шалқалап шалқақ барып құладым...
Бір ак сәуле тамырымды тұр тұртіп,
Алты арыс Алашым!!!
Сол сәуле: сендер ме дедім!?
Шырылдан жан жалғыз жатырмын!...

2011 ж.



Ақын өлмес, өлуге жоқ уақыты,
Жүргінде нөсерлеген нар өлеңі.
Ажалдан да қорықпайды, жоғалмайды,
Жоғалмайды, тәнін ғана жерлейді .
Ақын қанат қағып мәңгі-бақи сермейді.
Ақын өлмейді, тәнін ғана жерлейді!!!

Өмір деген дүрбелен дөңгеленген,
Өтсем деймін жүректерге нәр беріп.
Білмеймін не бітірдім, не тындырдым,
Қалса деймін жібі тұзу өлендерім мәңгілік!

Әй, қанша өмір сүрерімді кім білсін?!
Өрмек жүзі ауғанымға бұл қалай?
Күн-күнестен, тұн-тұнекпен сырласқан,
Шағыл құмдай сусып жатқан күндер-ай!

2011 ж.



Көкірек ашар ойы жоқ,
Кей қыздардың сәні бол,
Көрсө қызар күлкі көп.
Іс істемей сылап бой,
Жол саудаға жолдағас бол.
Айтқан сөздің мәні жоқ.

Алмай ақыл батасын,
Келемсж қылып атасын,
Мойнына алмай қатесін,
Тындей қоймай Анасын,
Асыл сөзді бұлт жапты.
Істейтұғын шара жоқ.

Шаруа десе жиіркеніп,
Өсек десе сүйрендеңеп,
Женілдікке былығып,
Жол жүріске қызығып,
Қырмызыдай ажарлым,
Қылышсыз болды, амал жок.



Сөзіне сүттей ел үйып,
Құшағына ел сыймай,
Аға сұлтанabyздар,
Елдің қамын біле алмас!

Алатауым, тұнерме,
Басыңнан бұлтың арылар.
Жайқалса қайың, карағай,
Бұлт артынан күн шығар.

ТӘҢІРДІ НЕГЕ ТОНАТЫП АЛДЫҢ

Таспадай ғып мойныма, өлең өрдім,
Күндіз күлкі, тұнде үйқы көрмедім.
Арыстандай айбаттандым,
Жолбарыстай қайраттандым,
Көкбөрідей жігерлендім.
Удай болған көз жасымды,
Ак қағазға өрнектедім!

Ей, Адам!!!
Заманмен бірге сенделіп жүріп,
Сезімді неге былғатып алдың,
Төзімді неге ұрлатып алдың,
Тіршілікті неге талатып алдың,
Тәнірді неге тонатып алдың,

Жарықты неге жоғалтып алдың,
Сабырды неге сабатып алдың,
Шындықты неге сорлатып алдың.
Дүниені ұтам деп жүріп,
Бәрінен де ұтылып қалдың!

Заманмен бірге алқынып жүріп,
Ашынды ойым ашы дәм тұтып.
Құбылып соққан қатыгез заман,
Қайғының көлін кешкенім жұтып.

Жаутандап жұртый, қалмады түгің,
Күндерің кермек, жүргенің ермек.
Саудаға тұскен жерінмен бірге,
Тағдырым өзің, қоғамым бөлек.

Заманым осы сенделіп жүрмін,
Тамырға шаншып емделіп жүрмін.
Корықпайтын жан ем, корқайын дедім,
Құйындай соққан қара бұлтарды көрдім.
Құтқарушым менің өзің деп білем,
Кеудемдегі құйттай кішкене жүрегім!

2011 ж.

ЖАЛҒЫЗ АҒАШ

Жалғыз ағаш, жас тал бір кездегі,
Қамығып тұр кәртейіп жасы келді.
Суып кеткен денесі тарам-тарам,
Тамыры қара жерге терең кетті.
Дауылдан құламай-ақ тік тұр әлі.

Жалғыз ағаш, жалғыз тал бір кездегі,
Сокты жел, боран да жене алмады.

Жапырағы нәр алған жер анадан,
Біракта жанарында мұн тұр өні.

Жалғыз ағаш, жайқалған терек еді,
Калшылдап тіл қатты безектеді.
Мен тұрдым мұнды үнге құлак тұріп,
Кеудеден шыккан сырқат күрсіндірді.

Жалғыз ағаш, далада орман болмас,
Сонда да кей мезгілде қорған рас.
Көк шыбын да басынған үймелдеуде,
Не көрмеген сорлы дің, сорлы бас.

Дауылдар сезінбейді ағаш жанын,
Назардан қалған шарасыз сезім жалын.
Бір кездे жайқалған жапырақ астында,
Канша адам көленкелеп дем алғанын.

Канша адам жылы сөз айтып сенделді,
Дүниедегі ең бір бақытты ағаш сен деді.
Ақ самал соққан саясын бәрі мақтады,
О, жалған дүние, енді бүгін кім еді.

(Еңбек жанып қызметте жүріп сіз едім,
Зейнеткер болып жұмыстан кетіп сен деді)

2011 ж.



Сағыну, сүю бұл күнде,
Тағдырды отка өртеген.
Бақытты өмір сұрсөң де,
Касиетің өлшенген!

Намысын, Қазак бары рас,
Наркескен ел сенгенің.

Нарықтың қиын, жолында,
Өзінді де, ұғып көрмедің.

Көк мылжынды тындал өзің де,
Ашық күнде адастың.
Тіршілік – ол да, сенде де
Кемшілігі көп заманың.

Жұдырыктай жұмырлы,
Теніздейін тереңім.
Буырқансан Бөрі едің!
Кеудедегі жүрегім.

Мен не, кім болдым,
«Сақтан» қалған сарқытым.
О, Түркі жұрты артығым,
Мен от боп сүйем!
Сені, сені, Атажұртым!!!

2011 ж.

ЖАПЫРАК

Мезгіл жетті жапырактар сарғайған,
Жайбаракат үзіліп түстің самалмен.
Кеше ғана биікте ен, сұлу ен,
Ал, табанда жатырсың бүгін сен.

Жапырак-ау, өмір сені аяй ма?
Батады сол тағдырың маган да.
Қатыгездікке төзімім де таусылды,
Канымдағы тектілігім жадымда.

Парасатты ғұмыр, адамдығым,
Аяқ асты болмасын, адалдығым.
Жапыракка ұқсаттым кей өмірді,
Сүрініп кетіп құлаған кей мезгілді.

Сезесің бе, айтады өлең нені?!

Өмір кейде желге ұшат қоңілдегі.

Шашасына шаң жұқпас кейбіреудің,

Ақ жұмыртқа секілді уылжиды.

Ал мен дауыл, ішімде өрі-сәрі,

Ала құйын есерсоқ ізім бе еді?

Жапырақ – жыр желменен төгіледі.

Сөйтіп, менің жанымды кеміреді.

Неткен бұл катыгез өмір еді!...

03.10.2011 ж.

ДОСЫМА ХАТ

Ассалаумағалейкүм, досым менің,
Куанышым қойныма сыймай менің
Өшкенім кайта жанғандай боп тұр,
Куансын деп, хат жаздым саған бүгін

Мен сол кезде, есінде ме,
Мектепте оқып жүргендеге,
Әлгі алпыс бесінші жылдар да,
«Шыңғысхан казак» дегенім де.
Сонда карқылдал құлгенсің.
Есімде мәнгі қалып қойыпты.
Енді міне «Құпия шежіре» қолымда,
«Тілеуберді Әбенайұлы» жазыпты,
Ой, пәле-ай,
«Құпия шежіренің» құпиясын,
Кайдан колға түсірген?
Кайдан алса, онан алсын,
Қытайналан аударыпты және де,
Шежірені талдапты шебер екен.
Мен оқып отырып катты қуандым.

Сен тындашы:
Шыңғысханның діні – ислам,
Нәсілі – Түрік,
Руы – Жалайыр,
Ұраны Арқар – Алаш,
Таңбасы – тарақ – алауы от.
Осыған күмән келтіруге негіз жок.
Түріктің дұшпандары,
Қазақтың қастары,
Не десе о десін,
Енді ештеңе де өнбейді!
Әйткені, өктемсіген жүйелері,
Қалтырағалы қашан!?

Әй, досым, Алла қуат берсін,
Алаш жұрты азаттықка кенелді,
Еліміздің терезесі теңелді,
Арда Алаштың үрпағы!
Бүгін жиырма жылдық, мерейі!
Шыңғысханның киелі аруағы,
Келешегіне жұғысты болсын,
Деп аяқтайын хатымды.

Желтоқсан. 2011 ж.



Әлдекіммен масак тердік,
Таза дән деп қателестік.
Егер дерпті тұқым болса,
Асымызды арамдаса,
Біз де оған мақұл дедік.

Іргедегі өз егінімді,
Жиып алсак жетпеді ме?

Өткен уақыт үйретпеді,
Шын қатені түзетпедік.
Кейде өзіміз астамшылмыз,
Асып қырдан алыс кеттік.
Бәрінен де маңыздысы,
Алаштың Алашаханы,
Шыңғысхан деп мойындаттық.

Жасанды мәлімет,
Жасанды талдау,
Жасанды сөздік,
Бәрін көрдік, бәрін білдік.
Тек әділет мәнгі жасайды.
Міне, енді таптың шындық!

2011 ж.

УАҚЫТ

Уақытты текке корлап,
Дұние қума, ағайын.
Ғылым ізде бар жан салып,
Жеткізер сол бар жайын.

Бұл адамға берген байлық,
Ең бастысы – УАҚЫТ!
Құрмет тұтып, бағаласак,
Соның өзі бір бақыт!

Көбелек бар өмірде,
Бір -ак күн ғұмыр кешетін.
Гүлден-гүлге конактап,
Күнін бітпес көретін.
Сондай қысқа ғұмырда,
Саналы білім іздегін!

Баянсыз мына өмірде,
Баянды ғұмыр тілегін.
Руһынды асқақтат,
Жігерінді шындағын.
Иманынды нұрлантып,
Жансын лаулап шырағын!



Өткен күн қайта келмейді,
Екі рет сөule бермейді.
Уақыттың қадірін,
Ойсыздар ғана сезбейді.

17.07.2010 ж.

СОЛ БІР АҚЫН

Аз ба ежелден атақ, даңқын «бу» еткен,
Орда ақыны так, тәжіні жыр еткен.
Күні үшін қара басын қор еткен,
Нансоғарлар асап жүріп күнелткен.
Ондейлардың көбі тағы қайғысыз,
Дәуірге сан қылышымен түрленген.
Уакыт өтіп тақтан түсіп бақ тайса,
Заманымен бірге өлген!

Жырлары мен жүрегі бір ақын бар,
Міне, осындаі ақындарға ақыл сал.
Сын сағатта шетке таймай шығатын,
Жігерлене от кеудесін тосатын,
Халқы үшін шындық жырын шашатын,
Тілі дара қара үзген, жел үні бар,
Артта калар сол Ақынның жыры бар.

Бәрі-бәрі ұмыт болған уақытта,
Сол бір Ақын жатталар да, оқылар!

II

Жігерсізден шықпайды шын ақын,
Тыңдата алмас арзан жырын бұлағын.
Опасыздықтан, онсыз да руһың тұншығып,
Асқындырып жібермесін жарасын.

Тұлпардайын ауыздығын керген,
Ақындардың арылмаған ер ісі.
Жыр тұнығын айта алатын шындықпен,
Қалың жұртқа бере білсе болғаны.

Қара бұлттай, нөсері мен жауыны,
Сокқан желі бүрқасын мен дауылы,
Қайсар міnez қатан талап өзінде,
Сол ақыннан, ақын шығар түбінде.

Сол ақынның күндесі көп досынан,
Ту сыртынан оқ атады тосыннан.
Талантимен алда жүрген ақынның,
Ойлай білсен көкірегіне кір тұнған.

Ел қиянат, жер апатты көргенде,
Ең алдымен ақын жаны сезінген.
Көкіректе жалын жанып өртеніп,
Өрімдей бол бала кезден езілгем.

Сезіп халқын оятпаса,
Жанын салып жұбатпаса,
Ол ақын, ақын емес,
Тек бағы үшін тояттанса!!!

17.07.2010 ж.

ҚҰДАША-ға!

Құдалық – құдашалық – дәстүрлі жол,
Қысқа өмір болғанымен қымбаты мол.
Бейне бір алтын балық мұхиттағы,
Көзіме бір көрініп жоқ болдың сол.

Құдаша, көрген түстің қызығы бол,
Сөз жаздым мен өзінді сынағам жоқ.
Сен ұксан, мен балқыған қорғасынмын,
Жалының шарпығанмен өртенгем жоқ.

Сөз құмар, көніл шартын жазбай өлмес,
Жас өмір қайталанбас, қайта келмес.
Жанарың жалт-жұлт еткен ойды алды,
Тал бойың жанған шоқтай, болдың елес.

Ойласаң ақылменен бар мен жоғын,
Адамға берген құдай ақыл тегін.
Көз көрді, көніл жанды, тұралады,
Сабыр – тағат қашады, кетті төзім.

Тұлқідей Алтайы қызыл бұлан қағып,
Тастама бұл сөзімді бұра тартып.
Көшеде сүйген жанға берер сәлем,
Жүрелік сәлемдесіп көніл артып.

2008 ж.

ШИПА ЖОҚ ЕМДЕР БҮЛ «У» ДЫ

Әлсіреп қонған қырандай,
Тұғырдан кеттім тұра алмай.
Шөнгеге шөктім енді мен,
Жерім түсіп саудаға-ай.
Мен бұған қалай көндігем?!

Қалжырап, қажып, әлсіреп,
Күтемін тосын жылуды.
Тәңірім, саған сүйендім,
Басамын қалай бұл істі?!
Кім болдым деймін енді мен.
Қара Қытай қаптады,
Шипа жоқ емдер бұл «у» ды!

Тарығып, талған шағымда,
Тіледім, тілек бір Алладан!
Жүрекке берсін жылы ағын,
Сыйлашы өмір ғажабын!
Кеудем қатты қысылды,
Жан шыға ма, білмедім!
Өзімді-өзім тонадым,
Ағыспен ағып жүрмедім.
Тұйыққа талай тірелдім,
Алқымнан алып демедім.
Қабырғага керіліп,
Аш бөрідей ұлыдым.
Әлсіз адам, кім дедім?
Әлді адам, кім дедім?
Осыған жауап іздедім.
Коғам бөлек адамнан,
Басын қоссам деп едім.
Өзіне бауыр – өзіңсің,
Бауырды сатсан не дейін?!

Заманға кінә таққанмен,
Кінәлі оған өзіңсің.
Өзіне – өзің қарағын,
Шындықтан қалма көз жазып.
Бірінді-бірің құрметте,
Өзінді таны алдымен!

Тасқа таңба салғандай,
Ізін қалсын, жолынмен.

II

Жерінді, қазақ, сатқаны —
Жүректен көздел атқаны.
Күніңнің сөніп батқаны,
Тозақ пен тамұқ отына,
Тірідей сені жаққаны.
Ордалы жылан шаққаны,
Жерінді қазақ сатқаны!
Сұлу дүние аузына,
Шыға келген ұшықтай.
Сарт етсе қасқыр қакпаны —
Жұтқаны сені қапқаны.
Жерінді, қазақ, сатқаны!

III

Әділетсіз адамда,
Ұят, нысап болмайды.
Көкірек болған бишара,
Қадіріне жетпейді.

Мінерлі жайы болса да,
Тұсері жок, сол қайғы.
Өлімді тұсін ертерек,
Қадіріне өмір жетерсін.
Тұсінбесен өлімді,
Мәңгі күл боп кетесін!
Шипасыз болып өтесін.

11.11.2011 ж.

ІЗКЕҢ

Із қалсын деп ізгі істермен өмірде,
Ақберен ой келтірген-ау көңіліне.
Есім қойып Жалайырлар ұлға ерек,
Мәз болыпты сен өмірге келгенде.

Ата Қазақ жақсы ырымдар ойлаған,
Ақ ниеттер – Арман болған, Ар болған.
Аллаһ өзі тумысында белгілен,
Сұлу... Сырбаз... Ақындықты арнаған.

Туған өлке өнірінде жүресін,
Бес саусақтай әр пүшпағын білесін.
Отан – білек, Қазак – жүрек, сен ұлсын,
Алты – Алашты ардақтым деп білетін.

Ізге қоссаң Тілеу деген есімді,
Үйлесіп түр үйқас, ұғым-өршімді.
Достар керек айнымайтын жалғанда,
Бұл тұжырым – ақиқаттың кесімі.

Сан мың бұлак Алатаудан тарайтын,
Ізекемді ізгілікке балаймын.
Саһараның сан мың тарихын іздесек,
Алаш деген жігер бермек арайлы үн.

Өмір – өлең, өлең – көңіл айнасы,
Уа, Ізеке, таңнан тұрып ойлаши.
Біз алдыңғы толқын болып барамыз,
Бірді беріп, бірді өмірден аламыз.

Бірде шалқып, бірде налып дегендей,
Бұл фәниге келген сөттік қонақбыз.

Бізге бәрін Аллаһ қана сыйлаған,
Жақсылардан қалады тек жаркын із.

Жаңа ғасыр жұдырығы білеулі,
Не боларын Аллаһ қана біледі.
Қазақ жері, қасиетінен айналдым,
Меркіт шалдың осы ғана тілегі.

Алматы. Меркіт-Тілеухан Әл-Мажсений
21.01.2010 ж.

БАСУ

Жан едім әр күнімді сынап өткен,
Көкірекке сөз данасы, сөзben жеткен.
Бар еді өрге жұзген өжет көніл,
Көктегі шолпандай бол жарық сепкен.

Тірлік пен тіршілік деп еңбек еттім,
Саны бар, аяғы жоқ ісі көптің.
Бұлтты болма, ашық бол әр мезгілде,
Көленкенді көре жүр, кем – кетігін.

Әділетсіздікке тап болсан, төзе білгін,
Әділетсіздіктің алды тар, өзің білдің.
Жүргенде өлі – тірі арасында,
Өмірді имандылықпен қадірледім.

Өз қабілетіне баға бер, өзінде күш,
Елде бар білімділер, ізгілі іс.
Арынды биік ұста, өлімнен де,
Алып шығар адал жол, тазалық іс!

«Өмірден қымбат ештеме жок» деген де,
Бірак оны сактамайды ешкім де.

«Өмір дәптер, Адам қалам» десек те,
Уақыт жойқын, сатып кетер түбінде.

Зұлымдық арқылы адамды басқарады.
Жақсылыққа жамандық қас болады.
Айналамда қу мен сұм жаландаған,
Зар жылаған жүрегім, тас болады!

Жер жүзінде жүрген жандардын бәрі де,
Шындық пен туралықтан неге шалғай?!
Бос пікірді неге қымбат көреді, неге олай?
Мейрімділікті, мейрімсіздік женеді кейде солай!

Жету үшін арманға, сүрінесің – құлайсың,
Осынау мына жалғанда қиналасың – жылайсың.
Жету қын өмірде, ой түбіне жетпейсің,
Амалсыздан Алланың салғанына шыдайсың.

11.11.2011 ж.

ТАНЫСУ

«Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады» атты
мұшайраға катысқандағы танысу.

Автор.

О, ағайын тында сөз,
Айтатұғын келді кез.
Көкіректеніп панданбай,
Менің сөзім тындасан,
Кеудене шырак жақкандай.

Арғы атам Жалайыр,
Нокта ағасы Қазактың.

Тұлпар мініп, ту алған,
Келер менен кетерді,
Даналықпен суарған.
Қилы-қилы заманда,
Жау жағадан алғанда,
Атамекен қонысын,
Найза ұшымен қорғаған.

Өзім өкем Тойшыбай,
Қара сөзді, білімді.
Топта жалғыз сөйлеген,
Асыл сөзі тактайдай.
Болыс болып билеген,
Кедейден шықкан даналық.
Алдына келген дау болса,
Әділдікпен жөндеген.
Демі біткен күнінде,
О, да көшіп жөнелген.

Ата-бабам қонысы,
Басылмайтын сонысы.
Көкжиденің даласы.
Іле өзенінің жағасы,
Жынысты тоғай арасы.
Көлі шалқар каз қонған,
Жағасы жайлау көк майса.
Қыр жағына карасан,
Сағымдай белес төбе-күм
Жорта тартар аны бар
Сексеуілі, торанғы,
Касиетті мекенім,
Мен де сені қызғанам,
Сен десе салам байбалам.

Балқашта туған бір балаң.
Өзімді сіздерге таныстырған,
Ізтілеу ақын, мен болам!

Зарымды тыңда, ағайын,
Айтайын тағы заманым.
Өксігімді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алдым.
Заманға сай мына адам
Сатылмасын жер – мұлкім.
Тағы салдым байбалам!
Кырсық туды қыз балаң,
Өзі жалқау кер табан.
Бозбалан да, бошалан,
Ебі кеткен, Ел аман!
Замана ғасыр жиырма бір,
Бәріңе де ой салам!



Кайшылықсыз өмір, өмір болмайды,
Кайшылыкты түзетпесен сол қайғы.
Кайшылыкты түзете жүріп жол тапсан,
Коғамда бірлік, бір жүйе де болғаны.

Кеудені кірбін – көнілсіз ауыр басқанда,
Тіршілік – түрмис жағымсыз, сүрқай тартады.
Тағылымы караң, бөтегесін май басқан,
Сиқырлы – құлкіге бой алдырып жатады.

Сүркай дүние, сорақылықтарды өшіріп,
Киындықтардан киналмай шығу төзімдік.
Аласапыран талас-тартыс мезгілде,
Болашакқа сенім арттық, үмітімізді үзбедік!!!



Дүркіреп достар, дүрмекке ерген,
Ізгінің ізін, іздеп мен жүрмін.
Жарысып жаз бен күзді өткізген,
Қайдасын достар, қайдасын бұғін?

Талай бір істер болды ғой бізбен,
Таратты тағдыр тасқынды күшпен.
Жығып та кетіп жүре ме атым,
Достарым қайда додаға түскен?

Іздедім сені саялы бақтан,
Баратын жерге баяулап барам.
Адасты талай, тарлан тағдырым,
Адасқан сонда асыл да арман.

Жанып та жатыр, жалын айналам,
Жарып шығам ба, жаным жай таппай.
Сары далам-ай, сағым айдаған,
Жарамды досқа жарымай барам.

Күрен бел сезім, санамыз суып,
Күтеміз нені, барамыз қуып.
Атка мінген ағамыз суық,
Кайтсамба екен кияға қонып.

Жүзінен жүдеу нұр ауғандайын,
Жұлқына кейде асау аттайын.
Жараса тұлпар озбайды неге?
Кұрығыр жаным, коздайды өлең.

Бола ма бізге елім өкпелі,
Ақынның бар ма шалқып өткені.

Тағдырды ойлап тұрактамадым,
Жанымды жейді жырақтағаным.

Белбеуді шешпей босаңдау тартып,
Босаңсуменен босқа күн өтті.
Ілеңің суын бірге де ішкен,
Арманы бірге достарым кетті.

Жағадан асад кейде өзенім,
Жырымды жаздым, жанды безедім.
Көнлімді біреу бұзып кеткенде,
Тандырым кепті, талды өзегім!...



Ақынды бұлар жай көреді ме,
Жараған жұрттың бір керегіне.
Салмақты кейде тереңге салам,
Өлеңім, жыр бол жалғассын бірге.

Кімдерін мактап, кімін даттайын,
Құрып жатқанын, кетіп жатқанын.
Жаратып жатса жырымды айтайын,
Кезегі келсе сырымды актардым.

Тағдырдың катты талабы неткен,
Тектілер талай талаңып өткен.
Үлкен үйлерге үнім жетпеген,..
Кезегі келсе кімің кетпеген.

Айым да өтті, күнім өткелі,
Тұлғаға төрді беремін тектілі.
Калжырады ма, қағады жүрек,
Ширатты өмір, ширатты мені.

Құйма да құлак, тыңдаса елі,
Қара өлеңмен суғарал сені?
Сарсанға түсіп сабылып сана,
Ақындар аз ба амалсыз өткен!

Ақиқат атты, алдаспан жүзді,
Адасқан заман, айтамын кімді?
Жазамын жырды, турасын айтып,
Оқысын үрпак жоғалтпай жырды.

Ұлықтар мұны қалай ұғынады,
Шындықты бетке айта алмайды.
Әлі де талай заман бұзылады,
Қыс кетіп, күн де жылынады,
Жылынады күнім шұғылалы!

29.06.2009 ж.

КҮЛКІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Күлкі – қөніл көркі,
Күлкі – жүрек еркі.
Күлкі – шуакты шырай,
Бет – жүздегі арай.

Күлкі – ақжарқын ару,
Күресте қайрап салар қару.
Күлкі – дертке дауа,
Көнілге керек ауа.

Күлкі – өнер,
Күлкі – шеберлік,
Оны тудыру үшін,
Ақыл керек.

Құлқі – ойлы, парасаттың жемісі,
Құлқі – адамның болмыс құбылысы.
Құлқі – сезімнің ең өткірі,
Құлқі – ең ықпалдысы.

Бірак :

Біреу қуанып құледі,
Біреу ренжіп құледі.
Енді біреу кекетіп құледі,
Қайсы бірі мұқатып құледі.
Капылыста сасып құледі,
Біреуі көнілін ашып құледі.
Бірі секіріп секендеп құледі,
Тағы бірі тонып бүрісіп құледі,
Бірі семіріп құледі,
Енді бірі аштықтан құледі.
Бірі құлдіру үшін құледі,
Кейбірі сынап құледі.
Алуан құлқінің сырын ашып,
Терен кенкілдеп құледі.
Керен көріп құледі,
Сокыр жорамалдан құледі.
Әйтеуір құледі, құледі...

Құлқі – көніл көркі,
Құлқі – жүрек еркі десек те,
Жаман әдет жүккыш келеді.
Орынсыз құлқі көк жөтел.
Мәнсізге малданбай,
Арзанға алданбай.
Тұздығы жок татымсыз,
Құлқіден сактағын Құдай!!!



Адамдар мәз бола ма сүрінгенге,
Табалап мазақ етпе бұлғынгенге.
Көкірек шер – наласы сыйзамай ма?!
Қын-ау өрге жүзер өжет ерге.

Қателік кезігеді іс бар жерде,
Дұние жетегінде жүрме текке.
Адамдық қасиетті жоғалтпасан,
Кешіп өтіп кетесің тенізден де.

ҰШ БӘЙТЕРЕК

Бұл өлең қоздағалы өтті уақыт,
Уыздай қарындағы жатты ұйып.
Борағанда заманың дауылдары,
Ері, елінен қызулы қуат алып.

Жүрегім қатты соғады неге?
Жаралы қаным ағады көпке.
Біреудің салған кателігі үшін,
Қайғырдың, халқым, сен неге?

О, ақыны қазақтың, ақыны!
Ұш байтерек құлады.
Әділеті жоқ заманы,
Тағдыры қатты кез болды.

Аққуы көлінен адасқан,
Ботасы боздаған,
Інгені сыйдаған,
Құлыны желіге байланбай,

Бейімбет, Ілияс, Сөкендер,
Халқы үшін өмірін оздырған.

Кан тамып жүректен,
Тамшысы қалғанша күрескен...
Келешек үрпак немен өтедің,
Еске алсак болғаны дегенің,
Ал сен, сен не бердің,...
37–38 жылдары атылды,
Кім үшін, не үшін,
Соны ұккын, жас өрім !!!

II

Ол заманда, ағайын, сол заманда,
Көк аспанды қара бұлт торлағанда.
Бір кісідей бәрі де жұмылатын,
Халықтың ізгілігін ойлағанда.

Ол заманда асылын жатқа кеткен,
Ұл-қызыңды өсірген аттап өткен.
Сарбаз болар жігіттер атқа қонып,
Амангелді, Исатай, Махамбетпен.

Көрінсін, – деп кімде-кім кеңістіктен,
Ерлер тұрмақ езден де жеңіс күткен.
Оты сөнді сол уақыт заманында,
Шанырактар жок болды шырағы өшкен.

Кайғылы елдің мұн тұрса қабағында,
Айбынды елдің күн күлген жанарында.
Кектенгенде семсер бол суырылған,
Казак женбес жалғанда зауал бар ма?!

Өзен, көлін жағалай құрақ өскен,
Жиырма бірінші ғасырда келіп жеткен.
Ат ойнатқан ол заман өтті-кетті,
Мейірімді ел болды шуағы ескен.

Ол заманда өтсе – өтті ел біледі?
Тауым неге құрсініп, дүр сілкінеді.
Тәуелсіз ел атанған мына шақта,
Қалың жұрттан жарқылдаپ кім тұледі?!

Тірлік кешкен бейғам жұрт құм, далада,
Мал бағып, дән жинаған алқабында.
Етек-жені жыртылып, жырымдалған,
Жұтпак болған Аштықтың араны да.

Ұмытылып бақыт та, бақ та қалып,
Азамат ер жалданған жатқа барып.
Зауал туып, көздерге мұң байланған,
Болысқанды койды ма Құдай налып.

Жігіт қанша жағынып жаңын саткан,
Ару қанша, сүмбелі тәнін саткан.
Кара қытай қаптаған алқымдаса,
Кім кепіл, Іле өзені кері ақпасына.

Кеністікке тараған аудай нарық,
Жып-жылмағай сапырып талады алып.
Казак елі – байлықтың ұлы Отаны!
Жатқан жокпа тұс-тұстан бәрін сатып.

Ит тірліктің бәрімен тірестірген,
Құні барма халықтың үні естілген.
Қалталылар бәрін де сатып алып,
Жат колына өндіріс түгел көшкен.

Алаш жұртым өрттей лаулап жалында,
Жүре бермей тозған тобыр соңында.
Аруактанып елін атқа қонған жок,
Жер сатқанын бағын, әлде сорын ба?!
Тәнірінің тайдырсан да тағынан,
Өз тізгінің тұрған жок па қолында.

Шындық таптай сансырап сабылғанда,
Серттен семсер беліме тағынғанда.
Сан адасып тағдырдың тұманында,
Бір күн сөнер өз отым, шырағым да!..

Үш байтеректі есте сакта жас өрім!
Елім еді тасқа жігер қайраған.
Қайғы арқалап кайысқанын көргенің.
Күйін желі сокпасын енді дүрбелен!?...

11.11.2001 ж.

IЗ ҚАЛСЫН КӨКТЕЙТИН

Мен білмеймін – жоғалтам ізімді,
Ағыны бол өзенге сіңгем бе?
Сөзіме жауап іздеймін,
Еріксіз күлемін мен кейде.

Бакыт тілеушілер – алда есік,
Мен күнәһар, мен күлемін.
Әлде кулық, жүр кешіп,
Сұмдарды күп жерлеймін!...

Әлімді ойла бір мезгіл,
Табытың тарлық етпесін.
Ізгі нәрге иек арт,
Ізің қалсын, көктейтін!...

ЖҰЗІК

Мен сенің қолындамын – сен көрдің,
Айқасқан қолда кос жүзік.
Сенің қолында қазылған ор демеймін,
Бүкіл өлем тұр бүгін бақыт тілеп.

Бұл жүзікте, мысқыл құлқі бар,
Байладым дейді аяқ-қолынды.
Бұл жүзікте бақыт тұні бар,
Ұмыт, жастық бойдактық күнінді.

Бұл жүзікте ақыл-ойын бар,
Сезім мен сенім бір тілек.
Бұл жүзікте сарқылмас бақыт бар,
Махаббат оты бір жүрек.

Бұл жүзік мәнгі қолымда,
Куәсі болсын адал жүректін.
Өлсем де алма, саусактан
Көрімде бірге жарқыра,
Мәнгілік өшпесін,
Өлмесін махаббат та!

29. 10. 2011 ж.



Сен сол қалпындасын,
Бәрі тартады саған.
Сен сол бағындасын,
Жайнаған жасыл бағын.

Сен өмірде керексің маған,
Жай сөз емес, шындығым.

Сен жарқыраған жұлдызың,
Басқаға жәй жалын.

Сен домбыраның ішегісін,
Күй төккен жаңымен.
Бар жолда махаббатсың,
Мәңгілік жанды тербеткен.

МЕНИҢ КӨЗІМ

Бәрі – сендерге,
Көздерің сенің.
Мен не алдым,
Бақытты менің...

Енді калғаны,
Сен үшін.
Кім үшін айттым,
Не күттім,
Неге күйдім,
Жазғаным өлеңім,
Тагы сен үшін.

Сендім мен саған,
Сен үшін бәрін кешірдім.
Сен үшін өлсем де,
Өмірге ырзамың,
Сені кеш ұқтым.
Сенін жүрегіннің кағысы,
Менін өлеңім.
Бар жогалтқанымды,
Өзіннен таптым.
О, менін көзім,
Кайта оралған өлеңім!
Сенімен жарықпын!...

БІР АДАМҒА

Асыл тасты, ақылды сөзді ұқпайтын,
Надандар бар, айтқаныңа көнбейтін.
Кеуде соғып, білем бәрін өзім дер,
Ақылы таяз, алды-артын көрмейтін.

Ақыл айтсан «ар» санайтын өзіне,
Тындармайды, түсінбейді өзін де.
Женіл сөзге құлак асып әр тұста,
Бұл адамнан аулақ жүргін тегінде.

Досын сатар, жауын өзі біле алмас,
Жақын айтқан ықыласын түсінбес.
Бұл адамға қандай ақыл айтасын,
Ақыл жетпес, ар жолын да сезінбес.

Бір адамға ашық айттар ойым сол,
Жасыра алман, шындық сүйер ұлы бол.
Бірде жағып, бірде жақпас айтқаным,
Қыйналсам да айттар сөзім, шындық сол.

Ар – намысым, қызу қаным ойнайды,
Әттен, әттен қолды кей кез байлайды.
Сені қанша жақын тарттым десем де,
Сырғактадын сен сол көнілге қонбайды.

Жалындаған жастығын бар бағында,
Бүгін айқын көз жеткіздім тағы да.
Аскар тау, – деп ойлағанмен жотаны,
Тегіс болып қалады екен расында.

II

Адам алдап жүрген кұнара,
Батамын демейт күнәға.
Өтірік айттар бір кісі,
Болса да қанша ғұлама.

Безбеді туыс-жақыны,
Көзінде ойнап жарқылы.
Сан еркек көрген әйелдей,
Төсектен аспас батылы.

Жүйкесінде жұрттың ойнаған,
Өтірік күліп жайнаған.
Өсекшіл катын секілді,
Өтірік айтуын қоймаған.

Адамды алдап мындаған,
Сөзінде бір сәт тұрмаған.
Өтірікшінің барлығы,
Өз уақытын ұрлаған.

Қарамай өлі-тіріге,
Шоқ тұсір қызыл тіліне.
Өтірікшіні жойған жөн шығар,
Өрт койып апан, ініне.



— Немен қымбат мына өмір?
— Эринс, өмір өзімен!
Көктем де гүл жарады,
Қыста жауар карымен.

Аспанда күнін жарқырап,
Күндізін түнге ауысар.
Түнде жұлдыз жарысып,
Түнін, күнге ауысар.

Бірінді-бірін сағыну,
Ағаштың бүрі жарылып.
Көктемі бар, күзінде,
Жемісін теру бір бакыт.

Тамырлы ағаш тас жарып,
Жатқан таска жан берер.
Жапырағы оның көленке,
Жолаушыға дем берер.

Келді қараша қатаңдау,
Қантары сұық тағы да.
Жапырақ биік, ән салған,
Жатыр табан астында.

Қалды ағаш жалаңаш,
Күздің сұық бораны.
Жапырақ жок корғайтын,
Жолаушы жоқ тындайтын,
Бәрін берді, не қалды?!!.

Адам да бәрін береді,
Жалаңаш қалып бір күні.
Ерте ме кеш пе білмейсін,
Әйтеуір бір күн өледі.

Өмірді түсін кезінде,
Уакытты бекер өткізбе.
Таска айналып қаласын,
Бәрін бер тірі күнінде.

Ізінді таста жол қылып,
Артта қалған үрпакқа.
Тастап кетті талшығын,
Таудан құлап қайың да.

Ақ қайын құрлы болмаған,
Адамнан құдай сактасын.
Кейбіреуде жол тұрмак,
Сұрлеу де калмас басатын...

26.11.2011 ж.

БЕС СЕКСЕУІЛ

(*Кендірбай көкемнің аруагына багыштаймын*)

«Бес сексеуіл» – десе болғаны,
Көкемді көрем жайдарлы.
Мәнісі бөлек мен үшін,
Болған-ды жаздық жайлауы.

Мөп-мөлдір айна тазалы,
Балауса құрак ажары.
Жастық та өткен заманы,
Есімде барлық базары.
Әр күні өткен алтын нұр,
Бес сексеуіл аспаны.
Жалықпастан көгінде,
Жұлдыз самсап жанады.
Құстар самғап төсінде,
Әндептіп ұшып барады.

Бес сексеуіл жайлауы,
Көкем де әнін салады.
Жайбаракат мал бағып,
Жастық әнін шырқатып,
Жайлауды күйге тербетіп,
Женгеммен суға баратын.
Отынға ағаш жаратын.
Мойнына кезек мінгізіп,
Ойнатып бала-шағасын.
Кешігіп біз келмесек,
Кейіп те бізге қалатын.
Сағынышын жасырмай,
Маңдайдан иіскеп коятын.
Көркейіп өскен мекенім,
Бес сексеуіл – Көкжиде.
Шәмшінің әнін салатын,

Көңілді жайлау сол мекен,
Сағынып соны жүрмін мен.

Мандаидан иіскер Көкем жок,
Шемшінің әні, жайлау жок.
Сөуледей ғана бір үміт,
Сағыныш қана сыздаған.
Айтамын енді амал жок.



Жайлау жатыр тым-тырыс,
Мұн шағамын мен кімге?..
Тұп қазығым – мекенім,
Сағынамын сені де!



Еңбекпен жүріп қырық жыл,
Жап-жарық болған күндерім.
Тұманға ендім мен бүгін,
О, өмір жанды өткелім.

Жасылды жайлау өткен-ді.
Өлең болып төгілдім.
Жасыл дала, көгілдір тау,
Жайқалған жасыл көктемім.

Сары күздей сарғайып,
Алтын бояу сіңіріп,
Шабытты өлең – үмітім.
Азық қып нәрін бойыма,
Жыр жазып жүрмін,
Алпыска келген шағымда.

О, өлеңім, менің жан досым,
Тұмаға тамған тұнығым.
Мен, сенімен ауырдым,
Сенімен бірге кетермін!!!

КОНАЕВ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН

Дөңгеленген дүние-ай!
Замана жанбыры тоздырса,
аскар таулар да шөгеді екен...
Нағашым Дінмұхамед Ахметұлы
Конаевтың аруағына арнаймын.

Заманы сүм, зауалды күні төнген,
Тіршілікті кім сонша құрделі еткен.
Бәрі кетіп көне көз естілердің,
Бұзылышта үлгерген кескіні елдің.

Бәрі кетіп, жөн-жосық білгендердің,
Арандары ашылған бүгінгі «ердің»...
Биігі еді білгенге Димаш аға,
Кремілдің төрінде жүргендердің.

Жанның бәрін тен көріп ізіне ерген,
Биіктігін сездірмей жүре білген.
Мысы басып, ақыры біреулердің,
Бүйрық келді Мәскеу – Кремілден.

Санлактарды баураған биязы үні,
Бұл қазактың кетпеген қүйіп кімі.
Кім ойлаған сор болып жабысадеп,
Батыр баба руһының биіктігі.

Таба алмады сүйеніш іздесе де,
Дала шарлап жок қарап күн кеше ме?!

Камкор болған халқына Димаш аға,
Елге сенді, гайбатпен кеткенде де.

Дүлейіне шыдамай дауылдың талай,
Сөнген жок па жалп етіп жерде арай.

Күні кеше зор тұткан пысықайлар,
Ар-намысын жоғалтып алды қалай?

Азаматтың төнгенде бұлт басына,
Жоламады неліктен жұрт қасына?
Көсем деген «көкелер» айнып қалды,
Ру-рудың айналған қыртпасына.

Інжу батып жоғалған тереніне,
Терендіктен асылды іздемей ме?
Асыл айды шалғаймен бүркесен де,
Асылдарын жатпайды қын түбінде.

Алатауым батқандай жамбасына,
Бермесін мына күйді жан басына!
Ала құйын жүргендей шартаралта,
Карай берді кең байтак даласына...

Сайқал мінез уақыт күбылған да,
Кім ұшпаған биіктен тұғырдан да.
Мактау айтып жататын жиындарда,
Табылмады-ау, ара түсер жанашыр да...

«Жанын егер үқпасаң асыл ердің,
Қасиетін кім ұғар іргелі елдің».
Деп колдаған жастарым өре тұрған,
Кілең боздақ төсеп ақ жүректерін.

Көсеміне сүйенген, текті еліне,
Жастар неге кор болсын келімсекке?
Жүректері сескеніп дір етпеді,
Кара құйын әскердің өктеміне.

Қасқыр итке жабыла талатканда,
Тамтық қалмай бастанда, тамактанда.

Карлы аланда қансырап жатты жастар,
Арын бермей, жалбарынып жаратқанға.

Жендеттердің қолына қару беріп,
Кан қақсатқан казакты шабақ көріп.
Намыс құған жастарды жер жастантып,
Зұлымдығын паш еткен Колбин келіп.

Ауыздарды тас қылып тығындаған,
Коркау когам ізгі ойдан құрылмаған.
Кыздарды да жосадай ұрып-соғып,
Кеуделерінде бозторғай шырылдаған.

Карлы аланда жатқанда тепкіленіп,
Сүйек еті қыздардың кетті ме өліп.
Қардай жауған сойылды елең қылмай,
Карсы атылды дүлейге екіленіп.

Касіреттің қайғысы елге ұласқан,
Карлы алаңның төрінен қан ағызған.
Каракшыдай қараңғы тұн ішінде,
Талай намыс қорланды касарысқан...

Әскерлері айналды жендеттерге,
«Ұр», – деп тұrsa басшысы «тентектерге».
Кімді аясын катыгез қара қоғам,
Касиеті кеткенде жер-көктен де.

Шойын қеуде сұмдарың кек тілеген,
Аландағы жастарды тобыр көрген.
Бұдан былай ұрпағы онбасын деп,
Күректеп, кіндіктен тепкілеген.

Казак жасын алаңға карға аунатып,
Талатты ғой иттерге, қан қақсатып.

Шаштарынан қыздардың тартпады ма,
«Ер туатын арулар сендер ме», — деп.

Қыр көрсетіп қазаққа, іргелі елге,
Кірсендер де мейлі деп бәрің көрге,
Төкті апарып Ақсайдың жырасына,
Симағанын, жастарын – түрмесіне.

Ер көнілге сәуле бол шырақ жақкан,
Намыс қуған жастарым қазаға ұшқан,
Өз көсемім, өз елім дегендердің,
Қарлы алаңда үміті қан бол аққан!

Жастарды қорғап неге үн қатпады,
Қазактың қайда кетті «сұнқарлары».
Оларды бұдан кейін кім сыйласын
Өнердің бір топ жұлдыз саңлактары.

Аланға намыс куып, кайнап шықкан,
Жастарым әнін айтып айбат қылған.
Шындықты шырылдан айтқан кезде,
Елім деген басшылар қайда қалған?!

Сатқындығы үшін де атак бердік,
Жастардың өр ерлігін шатақ көрдік.
Жұрт бар ма жер бетінде бізден сорлы,
Боздактарды боздатып матап бердік.

Суда жүзсен шоршыған шабағым-ай,
Намыс үшін жан берген қарағым-ай.
Жас жандарын қылды тендік үшін,
Кансыраған алаңға қарадым-ай...

Намыс қуған, ар көрген қарағым-ай,
Кейбіріннін есімің де калмаған-ай.

Сондай жәлеп сатқындар болмаса егер,
Ілінбес ең қандыкөз қармағын-ай!

Қонаевты сатқандар, күні ертең ,
Елдігінді кім кепіл сатпасына.
Бұгін-дағы үнім де тұнжыранқы,
Еркіндіктің арайлы ақ таңында!

Кадау-қадау жайғасқан дала, белге,
Айтарынды өзің айт саналы елге.
Жалғыз атын досына түсіп берген,
Ата Қазақ ұқсайды жаралы ерге...

Енді міне, айналдық еркін елге,
Тәуелсізбіз, ағайын тәубе дейік.
Өкпе айтып не керек өткен күнге,
Еркіндікті ел болып мәпелейік!!!

16.12.2006 ж.

ЖУЗ ЖАСЫҢ ТОЙЛАНАДЫ

Неге, неге тұнерді нұрлы аспаным?
Дұшпан ба еді, дос көріп сырласқаным.
«Не көрсек те, біргеміз» дейтін жандар,
Қайда, қайда жоғалды көп достарың?!

Көнілімнің ұшырып шағаласын,
Қысылғанда мұны кім бағаласын.
Алтын басты азамат деп жүргенім,
Арсыз болды ойлаған қара басын.

Жұрт едік кой асылын ардактаған,
Димаш аға, өзінді пір деп ұққам.
Кейбіреулер ісінді бұрмалайды,
Антын бұзып, адамдық арын сатқан.

Кенде емес ед арысқа іргелі елім,
Пенделікпен адасса жөн бе дедім.
Бірақ, бірақ үзенгілес жұргендердің,
Көрдік талай ит болып үргендерін.

Атқа қонған қыранды ұландарым,
Аттарыңды сан айтып ұрандадым.
Тәуелсіздік, ағайын, тәубе дейік,
Көтерген ауыр жүгін қара нардың.

Дүние мынау сілкініп қалтыраған,
Іс тыңдырар тандарды таңға үрған..
Көніл деген көк дөнен ала шапты,
Атыңды оқып жан аға, ғаламтордан.

Жүзге жеттің, жан Аға дамыл тапқан,
Аталмады «ЮНЕСКО-да» дабыл қаққан.
Жақсылығын ұмытып, жылан қанша,
Қанын сорып жүрегін шағын жатқан.

Шындық ізден жан болса шырылдаған,
Үнін түгел өшіріп тығындаған.
Көн тартпаны шегелеп табытына,
Ұңғысына мылтықтың сығымдаған.

Ұйықтамай тандарды – таңға үрған,
Дүние түгел сілкініп, қалтыраған.
Жүрегім де суынып бара жатыр,
Әзінді ойлап, жан Аға жандырмасам.

Сағынбады демегін халқын мұлде,
Ат шаптырып той жасап, әйгілеуде.
Сан ғасырлар өтсе де дабыл қағып,
Мәнгі жасар, жан аға, елің бірге.

Балқашың да бақ сынап қалыспаған,
Темір тұлпар бәйгеге табыстаған.
Атым озып, жүлденің бірін алдым,
Аруағыннан айналдым бір аунаған.

Мереке боп жайнасын жарқын күнім
Мәңгі өлмейді еңбегін халқын үшін,
Артық емес өзіндей үрпақ туса,
Сан сүрініп, сан тұрған казақ үшін!!!

Тойлап жатыр түлеген туған дала,
Тәубе, тәубе бүгінгі туғандарға.
Аскар таулар алыстан мұнартады,
Халқын аман тұрғанда тұлғаң дара.

12.01.2012 ж.

СӘУЛЕ ШАШЫП ЖҮРЕСІҢ

(*Сыныптастым Тынышбай Досымбекұлына*)

Етті бастан жылдар, айлар талай күн,
Откендерді, өшкендерді талдар кім.
Сол күндермен тағдырың бір сенің де,
Толқып, жатқан өмір деген бұл айдын.

Бір сыныпта, сол мектепте оқыдық,
Шырқап өстік, болды талай олқылық.
Балалықтың балбыраған күндерін,
Еске аламын интернаттың тұндерін.

Интернаттың кара нанын бөліп жеп,
Киял қуши, жұлдыз санап жүруші ек.
Білмей қалған есебімді көшіріп,
Жастық шіркін, жатып алып құлуші ек.

Содан бері біраз жылдар саналды,
Алпыс жаста есік қакты, таянды.
Қанша саты, қанша биік тұрғанмен,
Сенің жаның сол баяғы жайдарлы.

Көзге ыстық Бақанастың көшесі,
Әмірдің бір дулы өткен көші еді.
Тұған ауыл, өскен орта ыстықсың,
Жастық өткен, думандаткан күндері.

Откен күндер бір дәуірдің парагы,
Еске түссе өлең-жыр болып барады.
Жұмбак толы сырлы екен бұл әлем,
Адам тоймас қызығы да қалады.

Сәуле шашып жүрсендे мекеніңе,
Болды, болды демейсің еңбегіңе.
Бар адамның қалдырмай бір тілегін,
Үлкендерден бата алдың өсе келе.

Жақсылықтан із калдыр артыңа тек,
Өркен жайған үрпакты алданыш ет.
Ұлағатты ұлы жол сүрлеуімен,
Аман-есен сүрінбей жүзге де жет!

II

Ақындардың аузы – дуалы, тілі – тікен,
Айқындейды, ақындар парқын білген.
Ау, Тынышбай сен тында, мен айтайын,
Кеудемде құса болып біраз жүрген.

Сарқылмасын, мұнайы, кеніші де,
Бала үшін де немере, біз үшін де.
Толқын-толқын үрпактың несібесі,
Алтындалсын ыдысы, кебісі де.

Халықтың да тұрмысы қалпында шын,
Адал жандар, ақ көніл жарқылдасын.
Итаяғы мейлі ғой алтындалсын,
Туған жердің байлығы таусылмасын.

Алпауыттың бет-жүзі қызармастан,
Ұят – оттан жүздері шарпылмастан,
Жалмауыздар бүгінде тойымы жок,
Көкейдегі ойды айттым тартынбастан.

Өзгенің қолында қара алтын да,
Анда-санда көрсетер жонын ғана.
Жаксылығы жалт етсе қуанасын,
Жаксылыктар, өмірді құраған да.

Жергілікті халыққа тиер жер жок!
Болсақта кең байтақ ұлан асыр.
Ең бастысы жер шұқып жыламасын,
Шүкір дейік, бұған да бұла ғасыр.

Ерінімді шиедей қып тістеледім,
Өзімде бар, өзіме жетпегенін.
Құрт қайнатқан женгелер, құбі пісер,
Базар тұрып сатады пістелерін.

Ар – ұятын жасырып құмға көмген,
Жұрттың бәрін бүгінде сауда женген.
Сардар болар жігіттер сағыз шайнап,
Сағым куса, ар – намыс қайда өлмелеген.

Ерден ерек қай туған бағаласын,
Сен сияқты түсінер кім бағасын.
Окка байладап оп-онай жібереді,
Көлдің ата салғандай шағаласын.

Ар – намысты тулатып тебіндірем,
Жыр жазамын тұнімен өрімделген.
Қызғанады, ойпырмай, сәулені де,
Тереземнен құйылса нұрыменен....

III

Дүние жалған – Адамға!!!
Қамықпа қамкор жан барда.
Ашы тер шығар тұлпардан,
Омыраулаг өрге салғанда.

Заманында құзғын, қарғанын,
Жазықсыз қүйіп жанғанда.
Кете ме су да тандайдан,
Шөлдеп кеп ішіп қанғанда.

Қамыста қалың орманда,
Шиебөрі қаптап толғанда.
Қасқырға пана болмайды,
Суықта жортып тоңғанда.

Жүрсенде өмір төрінде,
Сактана жүр тегінде.
Қисаймай тұрсын өркешін,
Алпыстың биік көгінде.

Ұмытпай жүргін салтынды,
Көтергін биік халқынды.
Айдарлап алға сені ұстап,
Көтереді елің данқынды.

Ашылып жаңа сан қырың,
Болашактан тауып жалғасын.
Тынышбай салған данғылы,
Тарихта неге қалмасын?!

Бетіңе келсе карсы кім,
Адасып азып сорласын.
Кер данғыл жолың қөсіліп,
Келешек ұрпак үлгі алсын.

Әтінде қалып желдердің,
Жылтқаның, мұздап — тоңбасын.
Көштері тұзу елдердің,
Көленкесі болмасын.

Туғандар кілең текті елден,
Ұлағатқа халқын жеткерген.
Көтерген биік ардағын,
Ел басқардың енбекпен.

Ай — күнің тусын оныңнан,
Несібе берсін молынан.
Әзіңе берер батам бұл,
Жарылқасын Алла жолыңнан!

14.12.2011 ж.

КОЛ ЖЕТКІЗГЕН МАХАББАТ

Адал да, таза махабbat
тұрактылығы,
Сенің шынайы сезімің
мен ақылдылығың
Галина!!!...

Автор.

О, махабbat! Құдіретінді үқтym мен,
Әрлігімді саған ғана жықтym мен.
Әмір сүрген уақытym, деп білемін,
Талай танды көз ілмestен өткergен.

Жасырдым мен күннен, айдан, елден де,
Өзге түгіл қызғанамын желден де.
Ақ тәнінді сұйген кезде ақ толқын,
Ала қашам, аққу жұзген көлден де.

Кейбіреуге болар мұным ағаттық,
Өмір бірақ шын махабbat-мұраттық.
Махаббатсыз өмірді мен білмеймін,
Мың жасасқан, құны болмас сағаттық.

Талай жайсан саған ғашық білемін,
Оны ойласам ойран болар жүрегім.
Бұл ғаламда шын ғашығың болғаны,
Бақыт екен, бақыт екен білгенім!

Елестейсің қуған жандай сағымды,
Қалай қиям арманымды, барымды.
Маған бақыт, жүрсем сенің касында,
«У» берсенде шымырлатар қанымды.

Көнілдегі жатқан тұнық сыр едін,
Қалжың айтсан қарғам сенемін.
Аз жасайын өмірді көп жасайын,
Бірге өткізген өмірім, өмір менің!

Егде тартам, мен де шашы ағарған,
О дариға қалар бір күн ақ арман.
Кол жеткізген ғашығым ең, ол рас,
Жыр арнадым ұнаса деп, тек саған!

17.12.2011 ж.

ТІРШІЛІК ДАҢҒЫЛ ЖОЛ ЕМЕС

Жасырып қайтем, жанымның жарақаттарын,
Білемін мен де ойымда дүлей алапат барын.
Бәйтерек болсам, көлеңкем түсер жаксыға,
Кеудемде жайған жасыл жапырактарын.

Киянатына көніп, таяғын жедім өмірдің,
Тіршілік даңғыл жол емес талай сүріндім.
Кеше бір ғана күнәсіз сәби жан едім,
Откенін зулап, уақыт қалай сезбедім!

Алысып көрдім, дұние жалған өзіңмен,
Жанымды салдым, өтсем деп өмір – өзеннен.
Кызығын қайтем, жалғыздық көрген күндердің,
Мұнартып кейде, бұлтындаі күздің тұнерген.

Сокса да боран, дауылы қатты күндермен,
Ыңғары кетіп, артынан ашық күн келген.
Тағдырлар қанша, сүрініп жолын таба алмай,
Арманын аңсап, жандарын шоққа күйдірген...



Қыс, бораны тағы мынау, жарқыным-ай,
Кайдасың жаурадың ба, қалың қалай?
Көп болды көніл ашып сөйлеспедік,
Жүрсің бе сенде, мені сағынып-ай!

Япырау, көктем қайда көнілді жадыратар,
Талшыбықтай – талықсытып сені құшар.
«У»ға тамған ақ сүт боп кетсін бәрі,
Сағыныш боп жетпеген сол бір күндер.

АДАЛ ДОСТЫҚ

Ашылмаған көнілдің шуағы жоқ,
Жүрегінде жатады ызғары көп.
Доспын жаным дегенинің өзегінде,
Жалғандықтан жасалған есебі көп.

Арам достық, қазады өзіне ор,
Ондай доска сенгенің болады қор.
Адал достық, тұрғанда есік қағып,
Жадыраған көнілің болады зор.

Шындық айтсам көнілім жадырайды,
Сенімсіз, дос дегенге жан жылайды.
Өкінішпен көп өмір өтіп кетті,
Таза достық дегенін мұңсыз – қайғы.

Шын достың, болмайды бөтен сыны,
Табысқанда ашылады жүрек сырьы.
Косылса ажырамас бауыр еттей,
Кірлетпес көніл кірі, жүқпас тіпті.



Шарап ішіп сандалмай,
Еңбектеніп жөн салдым.
Бала-шаға асырап,
Жақын жұртты дос санап,
Содан бүгін не калдың?
Бір сөз үшін жау болған,
Бір күн үшін дос болған.
Саны бар да, сапа жоқ,
Құлығы бар да, опа жоқ.
Жаланаш сөз антүрған,

Бәріне сендім, аңқаумын,
Соңынан бүгін сорладым!
Әтірік, өсек, мактаншак,
Сол нәрседен қорландым!
Нәсібімді теріп жеп,
Қаламымды қолға алдым.
Аллам енді қуат бер?
Расын бер сөзімнің,
Мәңгі өлмесін өлеңім!!!
Шынның бетін боямай,
Тура сөйлеп берем деп,
Онанда таяқ жеп алдым!

СЫНЫПТАС

(Көлбаев Шәлімбекке)

Шіркін-ай, достарынды көріп күнде,
Не қымбат отырғаннан мына өмірде?!
Достардан айрылысқанда, құсалықтан,
Жаман жок, қайғы түссе жүрегіне.

Ау Шәкे!
Тай-құлындаі тебісіп бірге өстік,
Бірге оқыдық, жастықты бірге кештік.
Тәтті күннің қызығы таусылмластай,
Уақытпен санаспай еркін өстік.

Енді міне карасан, өткен күнге,
Не бітірдік, апырау неге бөстік?!

Артта калар немере, бала-шаға,
Отынды өшірмесе болсын дестік.

Енді міне жатырсын тәмпешік бол,
Жаураған көнілдің жылуы жок.

Ағайын туысына қатты батты,
Ерте көштің өмірден, ертені көп.

Достарың еске сақтар, жүрек сезер!
Өмірдің барлы, жоғын, уақыт жәндер.
Сағынып, сарғайғанда жақын достар,
Басына Құран оқып, солар келер!!!

Оңай емес бұл өлім, кім ұмытар,
Ғайып болды көзіннен сүйіскен жар.
Жұлдыздайын бақытты ең, сүйкімді ең,
Жүргегінді тілгілеп, кетті тағдыр.

Кезігіп қалды сүм ажал,
Қайғыра жүріп шыдарсың.
Жазылған мына тағдырдан,
Керектісін сұрарсың.

Топырактан жараган,
Тәнді жерге тапсырды.
Аманаты Алланың,
Жанды аспанға ұшырды.

Жаксы жан еді Шәлімбек,
Жұмақтан барып орын теп.
Ардактап жүрер ағайын,
Ұмытпас туған-туыс деп!

28.01.2012 ж.

АЙТАРЫМ БАР ЕСКЕРСЕН!

Жаксы да өтті, жаман да, мына
Ку топыракты, қеудесіне басты да.
Кете барды өз орнына арналған,
О, жаратқан, түсті сыз жер астына..!

Сарп етер өмірін,
Дүние қуған адам да.
Айтарым бар ескерсөн,
Дүние қып жетпейсін,
Биіктегі арманға!
Артында ізің қалады,
Ақ қағазға жазғанда.
Жамандықты ойлама,
Шапағатың тисін адамға!
Дүниенің байлығын,
Басыңа үйіп қойса да,
Алғыс айтпас пенденің,
Әдеті ғой кашан да.

Өлген адам оралмас,
Тірілер жатар көрге кеп.
Әдеті солай дүниенің,
Тұрғанда жерін дөңгелек.
Әкеттің енді ойласаң,
Он екі метр кебін тек.

II

Жасалған зұлым тағдырдан,
Ақталып біткен, қалай жан.
Болса да қын өмірін,
Өнеге алда, кел үйрен.
Сонда ғана, зұлымдық,
Өзінен, өзі женілген.
Игілік, бақыт бар жерде,
Өзімді, өзім сезінгем.
Мен де мына жалғанның,
Кереметін үйренигем.
Жаксылық пен женісті,
Тұсіне жүріп күйге енгем.

Жазғыра берме карағым,
Махаббатта «у» берген.
Ашы су ішкен адамдай,
Талай шөлдеп, күн кешкем.
Басқа кәсіп өзінше,
Алпыска келген шағымда.
Жүргегімнің емі боп,
Өлең жазып жүрмін мен!

02.02.2012 ж.



Кейбір күшке тұтқын болдым,
Қамауда қап жырларым.
Көп адам мен дәм татыстым,
Білдім өбден сырларын.
Шындық айтып мен таластым,
Әділ жолға бекін деп.
Арам терге кейде түстім,
Әуре болдым босқа тек.



Жүрек жара – қайғы мен мұн із салған,
Елім мынау аш – жалаңаш тоналған.
Таңғаламын өз-өзімнен қиялдай,
Тағдырдың кей ағат ісін тыя алмай.



Тасқындаій акқан ойға құламадан,
Сұлулық – сені іздең қуаладым.



Неге жасыл дүние, жасыл бәрі,
Алатауға күн шыкты асылғалы.
Жалын отка өртеніп бара жатқан,
Мені жоғалтып алмашы қасындағы.

Жадыратшы көңілді жасылданғын,
Жаңа көрген немере қуанышын,
О, жасыл дүние, жасыл бағым,
Қызығына тояйын, асықпағын.

П

Төбеге төнсе қара бұлт,
Ауырған жүрек жаншылат.
Жауалмай тұрса дара бұлт,
Кан тасыйды, тұншығат.
Ұрпағым өніп-өскей деп,
Кара нар жүгін көтердім.
Күт дарып береке берсін деп,
Кеніттім өріс, мекенін.
Тәнірі жаратқан дара қып,
Танырқап саған қараймын,
Куанышымды өзің ұқ,
Алтын күндерге санаймын.

Тілі де тәтті, үні өсем,
Өмірдің нағыз гүлісің.
Інгәлап сезім оятқан,
Періштем жалғыз өзіңсің.
Жылама жаным, жылама.
Куатын берсін бір Алла!
Анамның төсін аймалап,
Жылағам менде, сұрама,
Ал сен жылама!



Жазған пенде жазмышынан озбаған,
Ойға оралсам өзімді – өзім қозғағам.
Шыр – шыр етіп талып жатқан шындықты,
Көрген кезде шымырлайды жон арқам.

Жүргімнің қадалғандай өзіне оқ,
Ақиқатты айту қандай қын ед.
Кеудесі жоқ бастың соры тұқ емес,
Ал, не етеміз кеуделерге басы жоқ.
(Отырғанда қалың тұман тобыр бол.)

Күнім алан, сана – ойда маза жоқ.
Тағдырымды сан ақсатты, сыны көп.
Азатпын! – деп айқайлаймыз аттаңдал,
Азатпын! – деп ойлануға мұрша жоқ.

Сезе білсек мына халық жүргегін,
Осыны айтар, тыңдал көрші, Ақынын!
Құр уәдемен суғара бермей елінді,
Уақыт жетті, халықтың ұғар тілегін!

Арыстан да көп жатпайды апанды,
Ашындырма, атылады бір күні.
Жемтігі бол жетілгеннің қолында,
Кетпейікші жүлдесі бол сол күні!!!

Шаршатуға жанымды ми талмайды,
Жүрек байғұс күмілжіп күй таңдайды.
Сазға қонған қоңыр қаздай майпандал,
Кеуде соғып, мен – мен деуін қоймайды.

Калай бұл күн өзгертемін тылсымды,
Соны ойлаумен миым міне шаршады.
Аршып дәнді қауызынан алмасан,
Базданған сон бұзылады, болмайды...

КӨКТЕМ КЕЛЕР ТАҒЫ Да

Көп болды ойда барды жазбағалы,
Ойымды сарапқа сап казбағалы.
Өмірдің ойлы-қырлы сокпағымен,
Көп болды-ау, қу тірлікке жалданғалы.

Автор

Жапырағы жок ағаш жасыра алмас торғайды,
Сұлулықтан жүрдай боп, өзін-өзі қорғайды.
Табиғат та қатал зан, төрт мезгілді болжайды,
Көнбесе де тағдырға шыдамменен жалғайды.

Мына тұрған көк терек, жапырағы сарғайды,
Құз келгенді сезгендей бірін-бірі қимайды.
Жастықты үққан жастығым көкірегімде сайрайды,
Өткен жастық келмейді, қоштаспасаң болмайды.

Көктем келер тағы да, жапырағы жасыл-ды,
Адам бақыт табады, бүршік жарса асылы.
Артта қалса асыл сөз, о да саған қанағат,
Тұяқсыз қалса адамдар, шырағы сөнер, жаман ат.

Терен ойла, құрбылар, осы өмірді бақыт тұт,
Күнделікті ортамыз өзінізге болар құт.
Ебін тауып мезгілмен өзінді қала кірпіш қып,
Солса өмір қаласың жапырақсыз жарым боп.

Уақыт кайта келмейді, бағалай біл өткенді,
Үлгі-өнеге аларың, тыңдасаныз үлкенді.
Бакытсызын деп ойлама, бакытты болу өзіннен,
Киялға көп салынбай, киянға қара сезіммен.

Се зімге бойла, терендет, сеніммен қара өмірге,
Тағдыр салса көп салмақ, құресе бер женілме.
Жетесін түбі арманға, қуат берсе төзімге,
Бағалай біл асылды, тот баспайтын тегінде!!!

ТУҒАН АУЫЛ ТОПЫРАҒЫ

Жота, қырат, далаң бар ма жоктаған,
Неге ыстықсын, бала кезде ұқпағам.
Топырағына аунасам да қанша рет,
Шаңың тұрмақ, шапағатын жұқпаған!

Табаныма шөңгелерін қадалып,
Тұрса-дағы жүгіруші ек, балалық.
Абайсызда жылап қалсам құшақтап,
Туған жерді аймаладым «ана» ғып.

Ойнап жүріп, алысып та тарадық,
Арамызда қалмаушы еді налалық.
Құйып өткен ақ жанбырдың астында,
Тұрушы едік бір-бірімізді пана ғып.

Қыратыннан талай гүлді тергенбіз,
Ұялшактап құрбыларға бергенбіз.
Дала кілем, қызғалдағың құлпырып,
Бала сезім, адал жүрек сенгеміз.

Сана-сезім оянған-ды өзінмен,
Содан болар, талай түнде көз ілмен.
Құрбы-достар асық атса дауласып,
Мен отырдым жоғалтқандай сезіммен!

Қолда барды бірге жеген, бөліскен,
Тай-құлындаі бірге жүріп тебіскен.
Сағынамын жастық шактың күндерін,
Жазбаса да бірге болу өзінмен.

Тағдыр жазған қындыққа көнгеміз,
Талшық етіп талай дәмді бөлгеміз.
Сая тауып, талай ағаш саясын,
Туған жердін әр бұтасын сүйгеміз.

Әні – думан, үні – өсем құстары,
Қызыктадық көл жағасы, тоғайы.
Сағынасын, сарғаясың таппассын,
Балалыктың өтіп кеткен сол шағы.

Қайда жұрсем сен өзіңе тартасын,
Туған жерім, туған ауыл, марқасын.
Бір сыйқырлы құдіретің бары анық,
О, туған жер, бәрімізге ортақсын.
Құшактаймын, сағынамын баршасын!!!

СЕН БОЛМАСАН...

Мен ғашықпын, тұнығыңа батырдын,
Бойымды алдың, сен деп қана табындым.
Бұл жалғанда сенен артық бір жан жок,
Саған қарап көздің нұрын қандырдым.

Тізе бүгіп, құлдық етем тәнірге,
Кездестірген сені маған өмірде.
Бақыттымын, бақыттымын мен бүгін,
Ғашықтықтың уын ішкен мен пенде.

Ғашық болып оны сұю жанындей,
Асыл қасиет ақ жүректен табылғай.
Мен сиякты ғашық болған ұлыңа,
Тарту етші адад достық, нұрлы Ай.

ОБАЛАР

Қарасам қыр басына, обаларға,
Боламын үн қатқандай бабаларға.
Ардакты асылдардың жер-мекені,
Ол жерде ана барда, дана барда.

Дәм бітті олар енді топырақта,
Әр көніл сүм ажалдан тоқырап па?
Бабамның өткендегі ерлігінен,
Сыр шертер шежірелі тарих та.

Тұрады дәйім олар күй актарып,
Тұрады дәйім олар қияқтанып.
Қара тас өріп жиған көп обалар,
Қас батыр мавзолейі сияқтанып.

Шандатып қырдың төсін найзалаған,
Атойлап аға-бауыр қан жаласкан.
Заманы сыйға тартқан ауырлықтың,
Куәсі болып қалды оба тастан.

Шандатып таудын төсін кескілескен,
Айырылып боздағынан кемсендескен.
Ғаламат арпалыста сыр алдырмай,
Жауына айбаттана кел-кел дескен.

Шандатып жердің төсін шапқыласқан,
Дауыстар үрейлене шанқылдасқан.
Үлгермей түйе тендер, жылқы ерттеп,
Суындей дарияның сел бол тасқан.

Ақ алмас суғарылған ант пен кекке,
Шаппаған дүрсілдетіп атпен текке.
Тажалдың елге тиген басын кесіп,
Паш еткен үлгісі бар болашаққа.

Айқайлап ұрандаған колды бастап,
Қырыпты еш аяусыз қойдай бас сап.
Қан ішіп, ел тонаған тонаушылар,
Кояндай зытқан екен бас сауғалап.

Жауының ойран салып ортасына,
Талқандап туын тіккен ордасына.
Корғаған әлем жерін, туған елін,
Бабалар сеніп кеткен өз басына.

Осылай өмір өткен бабаларда,
Сөйлейді: «Мен куә» деп обалар да.
«Жау тисе жермен-жексен етіндер» деп
Өсиет қалдырыпты үрпактарға!

СОЛ БІР КҮН

Сол бір күн емес пе еді,
Тағатсыз іздең барған.
Киялым дегбір таппай,
Ноқталап жетекке арман!

Сезімім саңлау алып,
Сергелден bastalғan күн.
Көбелек көңіл оянып,
Махаббат па гүл жарған?

Өмір есігі ме еді,
Сонда ашық болған.
Қабырғасын жаңа қалап,
Тастан тұрғызыған қорған.
Құшағын жайып қарсы,
Құмар кез, аңғал арман.
Жетегіне алып мені,
Елпілдетті емес пе жалған?!

Адастым, тұман торлады,
Алдынан шенгел тал шығып.

Тас корым жолы киялы,
Жігерім кейде жаншылып.
Күнгіртті өткен күндерде,
Арманым қалды ансатып.
Сағынышымды өзіңе,
Алдына қойдым ап барып!

Аңсауы болып қайдағы,
Біреудің жібін жалғадын.
Үміттің жібі созылып,
Білмедім үзіліп қалғанын.
Тірліктің қуып жолдарын,
Арманға қиял жалғадым.
Тіршілік ашып жаңадан,
Өмірдің қуып жолдарын,
Есімде сол күн қалғаны...
Оралмай қайта арманым!

ӨЛЕҢ ЖАЗДЫМ...

Жүйкесіне тиген жұрттың, баршаның,
Жанынан да жақсы көрер мансабын.
Тарлан тағдыр арпалыстым қанша рет,
Өлең жаздым, сапасына түсіруге қанша сын.

Санасыздың, сапасыздың, тарпаңын,
Тезге салсын ауылдағы карттарым.
Мұңайғанын көре тұра солардың,
Өлең жаздым, дем беруге баршасын!

Сәбилердің бала жүрек бал шағын,
Сезіндім де сенімменен қарадым.
Өлең жаздым, тағдырымды біртұтас,
Өлшеу үшін тіршілікті өз басым!



Әмірді түсінем деп,
Көп бердім, алғаным жок.
Кинады қанша тағдыр,
Сонда да өлгенім жок.

Салатын ән арман бар,
Әзегін өртеп өтер.
Тыңдаса соны адамдар,
Айтатын кез де жетер.

Жасалса айып қолдан,
Маза жок таза жанда.
Орны болмас өкініштен,
Кешірілмес жаза барда.

Откенге қарасам мен,
Өкініш толас бермес.
Барыммен санаспасам,
Жоғымды ешкім бермес.

.....

Майдан аштым өмірге,
Өкінішпен соғысып.
Қалу керек мәнгілік,
Бұзылмастың бір бейне!

СӨЗГЕ ТОҚТАУ – САНАҒА ОЙ

Келем бе бір аттасам алпыс жасқа,
Бакыттым үшкан құстай тұрмас баста.
Басыма бакыт-дәulet конғанменен,
Уақыт өтіп барады тұрмай каста.

Не пайда ақыл жуан тұғанменен,
Озбырлық дүниені құғанменен.
Тоқталып өткендерге ой жүгіртсем,
Тәубе етем берген бақыт сыйына мен.

Не пайда сонша малды жиғанменен,
Көрмесен мал қызығын жиған-терген.
Дүние жеткізбейтін қызыл тұлқі,
От алып жүйрік мініп құғанменен.

Ойласам, кезім келді тоқталатын,
Мал жидым күн көрерлік боп қалатын.
Өлгенше бір жақсылық қылмады деп,
Жетпесін қияметке жаман атын.

Ағайын-туғандарға ток қарадым,
Барымды қолдан бөліп тоқталмадым.
Сый-құрметпен бір шәугім шайын ішіп,
Байлықты еш уакытта жоқтамадым.

Бір арман, жазған ойым, айтқан сөзім,
Қажетке жараса деп тік қарадым.
Теренге ой қиялын жүгіртсем де,
Таяздау шыкты ма деп жоқ қарадым.

2007 жыл

АҒАЙЫН ЖАМАН БОЛСА

Ағайын жаман болса, жаттан жаман,
Бірлікті бірегейлік теңемеген.
Кісіні жакын жүрген ары теппе,
Ешнэрсе ештеңе алып бермегенмен.

Ағайын араз болса, жаудан жаман,
Тұрады кері тартып етегіннен.

Әр іске ақыл менен айла керек,
Сөз тында, ақыл тында зерденменен.

Асылды ажырату тас пен құмнан,
Білмесең, білгенді үк көргенінен.
Астамшыл артық кетсөн болар залал.
Өнерде канша таза болғанменен.

Мыс болмас қара темір қақтағанмен,
Көрікті он суарып баптағанмен.
Саранға бір сөз айтсан қері тартар,
Жаксының жан сезімін қайдан білген.

Ағайын жанға жайлы сенім арткан,
Сыйласып, бір-біріне сыйын тартқан.
Па, шіркін татулыққа не жетеді,
Көргенде құшак жайып көніл ашқан.

«Сыйға – сый, сырага – бал» деген сөз бар,
Ұмытпа өткен күнді – келер күннен.
Бұл дәурен әні-міні өте шығар.
От алып жанып-өшіп жүргенінмен.

01. 09. 07.

МЫҢЫН АЙТ ТА...

Мыңын айт та бірін біл
Жетпіс жылғы шұбар тіл
Ана тілдің сыйқын біл,
Кара тасты қақ жарған
Ата-баба сөзін біл.
Көк байрағым, әнұран
Мәнгі қалсын десеніз
Шұбарлатпай тілді біл.

Терең-терең ойласаң
Кебенек киген ел онбас,
Ешкі жиған ер онбас,
Шұбарлап айтқан сөз онбас.
Саһарада сары алтын,
Қашан қолға түсет-деп
Әрекетсіз сен қалсаң
Бәрінен де сол онбас.
Сараптың қояйық
Саналы ойға бет бұрып,
Мекені «саран» — демесін
Сабырлы жатқан елім бар,
Салқынқанды сара жол
Сабырлығын сақтасын
Елім өзін баптасын.
Ой маржанын терейін
Замана құрғыр сатпасын.

Аттың панасы — таға деп
Інінің панасы — аға деп
Баланың панасы — ата-ана деп
Үлкеннің сөзін жаттасын.
Өнеге алған үлкеннен,
Құр бекерге жатпасын!
Саралы ой, сапалы іс
Халқымды әр кез жактасын!

АТА-БАБА СӨЗІ

Үлгі алған ата-баба айткан сөзін,
Жазайын ойда барда асыл сөзін.
Көп оқып, өздерінен тәлім алған,
Із қарап, сонар болған қара сөзін!

Үлгі еттім ата-баба айткан сөзін,
Теруге ыңғайландым тауып көзін.

Көнілден шықпай жатсам кешірерсің,
Бағалар халқым өзі, салар тезін.

Қадірін бұл өмірдің білмеген көп,
Қызықты үйден шығып көрмеген көп.
Не нәрсе талаптансаң табылмай ма?
Үрзығын қолға байлап бермеген көп.

Атақка жүрмей-тұрмай ілінбейді,
Өзіне ерсі істері білінбейді.
Араласып алмай-бермей өскендігін,
Біреулер осыны зор өнер дейді.

Көрген мен көрмегенде парық барда,
Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей.
Орынсыз ерсі іске қолың созба,
Еш істің мәнісіне көзің жетпей.

«Болғанда ақыл – таяқ, ашу – пышак»,
Жігітте қасиет жоқ ашуланшақ.
Абырой, бақыт сонан табылмай ма,
Сабырлы, әрбір іске болсаң жұмсақ.

Біреулер акша бітсе талтандайды,
Жанына жан жуытпай жал жинайды.
Кеудесін кере тартып, буы шығып,
Арамдық қасиетке жан салмайды.

Жігіт бол, жігіт болсаң жарағандай,
Болмасты болдыруға шама қандай?
Тиімді, көпке пайда іс тындырсан,
Халқың да ырза болар қалағандай!

2007 жыл

БИЛІК ТУРАЛЫ

Кей адамның қолынан келмес билік,
Ешкім оны ұсынбас саған сый қып.
Болса егер іскер әрі қабілетті,
Талабы мен білімі, ойы жүйрік.

Билік құмар біреулер жаңын жеген,
Жоғарыдан не десе, макұл көрген.
Кейбіреудің билігін әйелі алып,
Үйде отырып еріне ақыл берген.

Билікті тұсінеді әркім басқа,
Деген ғой «Ақыл — жаста, асыл — таста».
Халықпен санақанның беделі басқа,
Әрдайым абыраймен жақындасса.

Басқару онай емес, ардың ісі,
Билікке келе бермес әркім күші.
Адамдық қасиетті биік ұста,
Ақылменен бастаған, намыс, күшті.

Бар адамның шалқар көл ой-арманы,
Сөзінді тауып айтсан болар мәні.
Әмірде көріп-біліп үйренген жөн,
Алдыңнан даяр тұрмас саған бәрі.

Асыл сөздер айтылған бабалардан,
Ұштасып не ғұлама даналардан.
Әз әмірім бітпейтін мәңгі күрес,
Сабак алдым ой тосып жақсылардан.
Әмір не сын ұсынар маған алдан,
Тосып алам қыраттан, қырқалардан!

28.02.2006 ж.



Барға – ырза, жоққа – сабыр, күн көрер,
Казак елім өзге жұртты тен қөрер.
Әртенсөң де өкініште өшігуге болмайды,
«Тірі жұрсін, оған да кезек бір келер».

Осылай деп ойлағанмен о баста,
Мәз болып та біреу шашқан шашуға.
Алдағанға алданбайық, тағдырға,
Өмір деген осы екен деп расында.

Тұсінбеймін не пәленің барлығын,
Мына басым қаңғырдың-ау, қаңғырдың.
Айналайын, өз дәрежен болмаса,
Бұл дүниеде несіне сен жаңғырдың?

Көп ойланып, аз күрсінген халқыма,
Қараймын да қайраттанам, шыдаймын.
Қайтер дейсің қара бастың толғағы,
Ерікті елім бүлінбесін қорғаны
Сатылмаса жері, мұлкі болғаны!

03.08.2005 ж.



Бақытты өмір арманы әр адамның,
Әткен өмір қайтадан келмесі анық.
Есептемей басқаның байлықтарын,
Канағатын дүниенің білген артық.

Бар кінәні аудармай біреулерге,
Өз кінәнді мойынға алған артық.
Үлкенді сыйла, сыйлы бол кішілерге,
Мына өмірде сыйласып жүрген артық.

Сыйластықты білмейтін жастардан,
Әмір көрген ақылы бар шал артық.
Мешел болып жатқанша, төсек тартып,
Бір күнгі қимылдаған мүшен артық.

Мағынасыз ауыздан шықкан сөзден,
Сабырменен ойлаған ойың артық.
Сарғайған сағым дала, шағыл құмнан,
Көгерген ағаш, көлі, ылди артық.

Жалқауланып жатқаннан күні бойы,
Аз да болса істеген тірлік артық.
Ақылымен іс істеп, қателеспей,
Әмірді өз көзімен көрген артық.

Откен күннің сапасын түсінбеуден,
Әмірінде жинасан, білім артық.
Күші келмес сұққылаған инеден,
Сабы бар шаншыр бізің артық.

Бар ақылын басқаларға бере алмас,
Дүниені өз көзімен көре алмас,
Жаурағанға жылуы жок қара бас,
Ондайлардың арамызда жоғы артық!



Кашан көрем, көрмегенді жасымда,
Әмір осы, өтеді екен расында.
«Тірі жұрсем, маған кезек бір келер»
Осылай деп ойлап едім басында.

Терен ойлар, жаксы ниет басымда,
Жинай алмай жүрмін соны қасыма.

Енді міне, бір бақытқа жетерде,
Қаша береді, ұстапайды тасын да.

Мына заман, түсінбеймін, тісі бар,
Күштілердің ақшасы бар, күші бар.
Енбегімен тәй-тәйлаған адамды,
Бағаламас оның, тәйір, несі бар.

Түсінбеймін, не пәленің барлығын,
Түсінгенмен, не айтамын, тағдырым!
Қалта тесік, жыртық болса, қайтейін,
Байлықпенен теңеген соң барлығын.

Мен тақыр кедей емеспін, ағайын!
Ар-намысым, адалдығым – жарайын.
Мына орта жалаңаш боп қала ма?
Мен солардан, содан қорқайын!

1994 жыл

БІР СӘТКІ КӨРІНІС

Апыр-ай, тату жұбайлар,
Актармай сезген сыр-ой бар.
Айтқызбай білген сыңай бар,
Ашқызбай көрген шырай бар.

Сүйкімді екен, ак жарқын,
Сүйді ме екен Арманын!
Табыса қалған жаңадан,
Жаңарды көрдім арадан.

Күшактай алса құмартып,
Осы бір шақты аңсаған.
Балана көз бал-бұлдаپ,
Денесі босап, салбырап,

Қырғи тиген шымшықтай,
Құласа келіп қалбандап,
Тапқандай, өлде, жоғалтып,
Аймалай берді, аймалап...

Сәбидей титтей жүрегі,
Апыр-ау, неден тұншықты?
Сезімнен туған махабbat,
Сотанақ болса, сол қайғы.
Ұятты болсын махабbat,
Ұятсыз болса, болмайды.

Жастықтың ойы сан алуан,
Табыса қапты жаңадан.
Тұсаулы торы мазасыз,
Бас шұлғып тұрды жылғадан.

18.12.2005 ж.




Дәрігерлер адамды алаламас,
Ауыр сөзбен жандарын жараламас.
Картың да үмітпенен қарайды оған,
Шипасын күтер жанға, бала да, жас.

Дәрігер елге қажет ол бір маман,
Емімен жанға дауа бола алған.
Шипасымен төгеді жанға шуақ,
Дарытып жылышын жалындаған.

Дарытумен шипасы жаналауын,
Адам үшін жасар барлық амалын.
Адамдардың өмірінің қорғаны,
Орындалсын ойға алған арманы.

Дәрігердің еңбегі ғой тым ауыр,
Айықса адам сонда жаны тыныгар.
Ұйқы-күлкі бұзылады амал не,
Жанға демеу ауруларға жанаңыр.

Ақылы бар жастарды бағалаған,
Жұмыстың сапасын саралаған.
Білімін ғылыммен топтасып,
Жұмысың өр кезде бағалансын!



Алатау, басына шықтым, бауырына қарап,
Жақсының жанында жүрдім, ададығына қарап.
Адамды дос деп ұқтым, сөзіне қарап,
Оқып, даналықты ұқтым, тұп тамырына қарап.

Дүние – ұлы дария деп білдім, суына қарап,
Тұншыға жүріп маржанын тердім, тұнығына қарап.
Құлак салсан жақсылар қазынасы, мәуелі бақ,
Шырыны қалды ма дедім, ыдыстың түбіне қарап.

Дүниеге көзім жетпеді, тереніне қарап,
Өсиет сөзім қалса дедім, дәлелін тауып.
Көзім сонда жетер еді өлмеске анық,
Басында дәні тұрса балы тамып.

Арманда білгіш те өтер, өзіне жарық,
Сөздерін ұккыза алмай наданға барып.
Аяғы қалса тұлпардың қалар басы байланып,
Мен-менсіген надандар қайғырмайды ойланып.

Айлам сенен артық деп тұлкі жүрер қу істі,
Ойлап тұрсан құбылды замана, жас өр кісі.
Тұртқілейді пысықтар жүрісімен бар істі!
Әмір солай өтеді болмаса егер жұғысты.



Өмірдің бір жолы бар болар ұзак,
Бірде қыска, біреуге құрада тұзак.
Кетеміз бұл өмірден гайып болып,
Ертенге із тастайық журмей жырақ.

Қайрадым өзімді-өзім жанып тасқа,
Үлгі-өнеге болсын деп кейін жасқа.
Қара қылды қақ жарған осы ағайын,
Татулықтың белгісі араласқанда.

Ағайын-туыс бір-біріне наз айтады,
Көнілдегі шындықты таза айтады.
Арқа сүйер туыскан ағайындар,
Келіспесе, өкпелей баз айтады.

Мына өмірдің іргесін бірге қалар,
Ағайының белгісі татулықта.
Дүниенің түбіне жете алмаспыш,
Қарға-құзғын сияқты көзді сатпа,
Киқым-бокқа!

КӨҢІЛ-КҮЙ

Көніл-күйің болмаса,
Суың ашы, ашың тұшы,
Дүние сұсты,
Жабырқау көніл, жабырқау халің,
Айналан мұнды.
Гүлің көріксіз, дүние еріксіз.
Аспаның бұлтты,
Сонда кім үтты?..

Көніл-күйің жақсы болса,
Сынған дуалды көрмей,
Мұнды даана дес бермей,
Құлаған жанды сезбей,
Алыстағы гүлді көресің.
Дүние гүлдеп тұрғандай,
Жаныңды жақсының сезімі¹
Билеп тұрғандай,
Тек жақсылықты көресің.
Сонда сен сезесің
Көніл-күйдің құдіреті,
Теренде деп білесің.

9.06.2002 ж.

КЕСІЛГЕН АҒАШ

Жол бойы ағаш өсірдік,
Өсірдік те өртедік, кестік.
Ойпырым-ай, бұл не сүмдық!
Шаршатты кемдік, кесірлік,
Аңсатты жасыл өсімдік.

Ойланбай күлдік, есірдік,
Өтірік, өсек сапырдық.
Ойпырым-ай, бұл не сүмдық!
Жүйкесіне тиген баршаның,
Әлсіздік, өсек, өтірік.

Сұлулық кетті тіршіліктен,
Көнілде толқу, бір құдік.
Ойпырым-ай, бұл не сүмдық!
Аспанда қаптады қара бұлт,
Жерде қара құрт, бір сүмдық.

Денениң дірлі жол бойы,
Жайқалған ағаш, кесілді.
Бұл не сұмдық, өкінесін,
Кімге айтасың зарынды?
Тәнірім тәлкек еткен тәрізді.

Кеспесін ағашты жайқалған,
Тұрлауы жок соңғы арман.
Ойпырым-ай, бұл не жалған!
Саналық берші пендене,
Сұраймын соны Алладан!

2001 жыл

МОЙЫНДАУ

Даналықты мойындау,
Дана болу емес пе?
Кемшілікті мойындау,
Кеменгерлік емес пе?

Жоқты бар деп мойындау,
Бақытсыздық емес пе?
Барды жоққа шығару,
Ақымактық емес пе?

Аққа қара жакқаны,
Адалдықты жыққаны.
Тоқтықты ойлар азамат,
Пана болмас ықтағы.

Дұшпансыз болмас ерлерін,
Дұшпанынды біл бағалап...

ӨЗІ БОЛҒАН АҒАЙЫН

Жалпы, адам, кісі бар,
Ағайын, туыс исі бар.
Жақын тартқан кезімде,
Жарға итерген ісің бар.
Болып толған кей адам,
Болашакта несі бар?

Алдым түйік, артым жар,
Тығырықта болдым тар.
Алдына келдім «аға» деп,
Ағайындығың тағы бар.

Әрен алып сәлемімді,
Былғары креслода шірендін.
«Мына жетім кім?» дедін,
Ойынды ұқтым, білгенім.

Көнілімдегі ойымды,
Айта алмадым, айтпадым.
Пиғылынмен сен менің,
Көнілімді қайтардың.

Ер жігітте не болмас,
Жақсы-жаман біртұтас.
Жалындаған жанынды,
Қоятұғын жер болмас.
Бәрі бірдей жаз болмас,
Өзі болған ағайын,
Туыстарын танымас.

19.05.2003 ж.



Бақ-дәulet бар көктеуімде,
Куанам, өкінбеймін өткеніме.
Махабbat сезім гүлін мәпелеген,
Бірге өзінмен өмірім өткеніне.

Алғаш көктем орнатқан жүрегіме
Танды қалай ұмытам өмірімде.
Бірде мені жұбатып, бірде алдаған
Ақылыңа ырзамын, жеткеніне.

ҚЫРЫҚ БЕС ЖАС

Қырық бес жас – жез киіктей жосылған,
Бір керіліп, бір қылыштың қосылған.
Қара қасты, қолаң шашқа оранып,
Ұстараның жүздіней сезіміне асынған.
Алапатты сезініп, ләzzатына бас үрған.

Қырық бес жас – жаңалықта құмар кез,
Берген уәде, айтқан сертте тұрар кез.
Құш-қайратың сарқылмластай бойында
Әр күніне есеп беріп сынар кез.

Қырық бес жас – бір мазаны алар кез,
Алда елу, сондықтан да жанарап кез.
Жастық шақ та естен кетпес үшін де
Қызы -қырқынға сүзілтіп көз салар кез.

Қырық бес жас – биіктегі қыран кез,
Қыран құстай қанатынды қағар кез.
Батылдығың таудан ағар селдейсің,
Шың басында шайқалатын шынарап кез.

Қырық бес жас – қамал бұзып шығар кез,
Шалқар биік шабытынды үғар кез.
Қалма күйкі тірлік қамалында
Талабын тау қозгайтын тұлпар кез.



Жанған жүрек – дірілдеген жапырак.
Калуға еш хақым да жоқ қакырап.
Мен туған жер – қасиетті Көкжиде
Құмды-қырат, көк жал төбе топырак.

Кезіп өттім елімнің кең алабын,
Мен – ұлымын сағымды құм даланың.
Сонау көкте бұлдырап қыр қыраны
Калықтаса мен деп ойла, қарағым.

Қарсы ағысқа тастай салдым өзімді,
Асау мінез қарсылықтан көп ұкты.
Мен деп ойла жолдағыны жайпаумен
Бұзып жарған көктемдегі тасқынды.

Көргенім жоқ өлең жолдан тосылып,
Құс жолындай ізім қалсын жосылып.
Ұлылықтын – ұлы болмай бірі боп,
Калуға мен тиістімін мықты бол!



Калайша ойға алмай тұра алайын,
Жүректен жалындағы жыр арнайын.
Құдаша жанарымды суарасын,
Кайынның арасындағы шынардайын.

Іленің иіріміндей иретілген,
Аспаннан жауар бұлттай түйілген.
Көзінді төңкеріп бір карағаның
Жүректе қалып койды, кетпей естен.

Аз білдік биік шыңның етегіндей,
Ашпадым мен де сырды жете білмей,
Жаның мен жанарында жасын ойнап
Аман жүр жолыққанша енді бірде-ей!

ҒҰМЫРЫМДЫ СЫЙЛАДЫМ

Өмірдің жарқын жастық күнінде,
Жадырашы, наздана бір күлімде.
Өткенің қайта айналып келмейді,
Сол жастықты сағынасын түбінде.

Азын-аулақ кіrbің тартқан көнілге,
Арқалатпа тастай ауыр жүгінді.
Бір мезгілдік құлазыған сезімге,
Аландама, артық кетпе өзің де.

Дүниені түгендеумен өткізбе,
Ғұмыр жетпес санасаңыз бәріне.
Әрбір күнін бағалаған адамдар,
Әшпейтүғын із қалдырар түбінде.

Тағдыр катал, еркелікті көтермес,
Ақылың бар, өзіңе сен, өзге емес.
Сана-сезім көнілінің биігі,
Сол биіктен қалар анық бір белес.

Кімді тағдыр бұраланға салмады,
Кімді тағдыр жағасынан алмады.
Қарсы жүздім ағысына қарамай,
Көтерумен өзің салған салмақты.

Ей, өмірім, мен де сені сүйемін,
Қын-ау деп қинауды білмедім.
Көнілімді жұбатушы еді бір адам,
Сол бір ару жүрегімде жүр менін...

ҮМІТ

Өмірге келдім, өмірден өтем,
Алысып мына тағдырмен.
Өленді мен де жалын боп сүйдім,
Әртегерімді оған сезем мен.

Көгілдір сағым, мәлдір аспан,
Аясы толған арман-мұн.
Үмітім қалды үзіліп талдан
Өлең боп туып бар үнім.

Арманым бар өртөнген өзен,
Қалса деп артта асыл сөз.
Құлшылық өтем, тағдырға төзем,
Пендене берші ақыл кез.

Үмітім, тағы үзіліп қалма,
Сеніммен қайта қарадым.
Құдіреті биік адамға неге
Жасайды дүние тарлығын?

БІР ҚҰРБЫҒА

Қарағым, сырынды білем,
Жүргенін көніліннің налып.
Кеудемде ізің қалды,
Қалғанда өмірді танып.

Жаксылық болады жарық,
Ниетін дұрыс, бол қарық.
Жанынды саудаға салма,
Өмірдің өзі судағы балық.

Ортендің өрт болып жанып,
Отырсын, неге жүрегің талып?
Жаксы жанның бірі едің,
Өмірден көрмеші тарлық.

Бірде тұсіме еніп,
Саған гүлімді беріп.
Басымды қеудене салып,
Отырмын өзіне нанып.

АДАЛДЫҚҚА НЕ ЖЕТСІН!

Барды күнделеп біреулер қызғанады,
«Мұкатсам» — деп аударып із каары,
Жаманнның жүрген жері қара тұнек
Іші қыс, сырты жылтыр жок тарамы.

Амалсыз жүретүғын іштей жанып,
Көзіне көрінбестен аяқ шалып,
Досындаі бар сырына болар қанық,
Тырнайды жүрегінді «у»-дай улап.

Жаксы көп арамызда бірге жүрген,
Жаман да аз емес-ау күнін көрген.

Колына опасыздың олжа түссе,
Досы мен жолдасын да сатып кеткен.

Шыныдай сынып кетіп әр нәрседен,
Көнгөнді жарапайды қатты сөзбен.
Жақсының берекесі жанған жарық,
Серік бол шамаң келсе сондай ермен.

Дүниенің опасы жоқ ойлап көрсен,
Тартынбас өділ адам шындық сөзден.
Қыранның бір түскен сон қармағына,
Тұлқі де құтылмайды құлығымен.

Адал жүр, анық басып ақылменен,
Ұтылып ер намысын шалдырмайтын.
Сөзді біл, жинап бойға, тындаپ, үйрен,
Кетпесін мезгіл өтіп таптырмайтын.

20.04.2004 ж.

КӨКЖИДЕ МЕКТЕБІ

Ауылым, сенен ұшқан кептермін,
Арман қыып, жолаушылап кеткемін.
Мектебімде сөз үйрендім әріптеп,
Тұғырыннан ұшырған бір тентегін.
Балан міnez, таудай талап жетектеп,
Алып кеткен білім қуған көк белін.

Жамыраған төрт тұлігің төске өрген,
Сусыннатқан өскен елдің өркенін.
Міне, бүгін жаңа мектеп салынып,
Жетпіс жылда жаңарды қайта мектебім.
Аялағам алтын самал көктемін.
Туған ауыл, мен өзінді сүйемін,
Жанамдағы жалын атам туған жер.
Жақсыңа да, жаманыңа құйемін.

01.09.2005 жыл

ӘЙ, ЖАСТЫҚ-АЙ!

Гүл жана ашқан,
Күн нұрын шашқан.
Мәртебең биік,
Жастық дәурен.

Жанған бір жұлдыз,
Судағы құндызы.
Жүзіп бір өткен,
Сен жастық.

Қайырымсыз қалған,
Сөулесін шашқан,
Ұмытылмас мәнгі,
Бұл жастық.

Ойда сағым,
Бойда қуат,
Сабырсыз өтер,
Сол жастық.
Еркелеп бүгін,
Есіме алдым.
Оралмас енді,
Бұл жастық!

ЖАСТАРҒА

Үрпактар аласарып барады,
Әуейі ойынменен.
Бойындағы кайратты,
Тек аракқа жаратты.
Санада тек «ақша» деп,
Женіл өмірді қалады,
Сонда қалай?

Міне, бүгін басқа салған дүние-ай,
Жұлдыздар көкте сөңгендей,
Жүрегім менің ауырды,
Жазықсыз қиянат көргендей.
Мендерген сырқат, сор маңдай,
Әй, жастар-ай!

Өсиетінсіз бабаның,
Касиетінсіз ананың.
Ақыл кені қазылmas даланың,
Үкіметтің бойға сінірген кеселі,
Әлсіздігі, өтірігі, өсегі,
Намысы бар елдерде,
Улы шаянды, ұры-қарыны,
Сұм-алаяқтарды,
Ұлтын саудаға салған сатқынды,
Әлім жазасына кеседі...

Кіріп шайтан, Ібіліс,
Болғанда тұрлі құбылыс,
Замана желі ескенде,
Өзгеріс көші көшкенде,
Елімнің сенімін актар,
Алмас қылыш алдында,
Сырты құрыш, жүрегі алтын,
Жастар керек халқыма!
Саналы, ойлы жастарым,
Кайда ақыл бастарың,
Сендерге тілек, көзде жас,
Жүректе қан, болым тас.
Атамекен сатылып,
Каламын ба енді жалаңаш?

Жерің үшін қан тәккен,
Аруакты бабам қайдасын?

Жерін сатқан ағайын,
Бұл өмірде онбасын,
Арыңды былғап, жер сатып,
Бұл қорлықты көргенше,
Күдайым мені жалмасын!

Дауысымды есті, ағайын,
Ойына алып қамдансын,
Түркімен, Өзбек, Қырғызындай
Туган жерін қорғасын?!
Терезесі тен еді,
Мұндай сұмдық болмасын.
Қанағатсыз қазағым,
Жерді сату тоқталсын!!!

2004 жыл

ТАРИХҚА ТАНБА

Тарих пенен тағдырдың,
Байыбына жетем деп,
Тандырымды қандырсам,
Өміріме өкпем жок.

Салмақтап өткен өр күнді,
Таразының басында
Пайымдайтын күн туды,
Алтын түгіл тасын да.

Айтып келем жасырмай,
Жалғандықтың не екенін.
Сатқындық пен сананың,
Зияны мен зілдей өтемін.
Айттар едім заңын да.
Жерін сатқан сатқының,
Жүргендердің маңында,
Мансабы мен ықпалын.

Рақат пенен азаптан,
Алған сезім телегей.
Карлы боран, дауылға,
Карсы жүзем кемедей.

Өртену — өнер мұраты,
Даңқ емес, шу емес,
Мақсатынды құрайды,
Обыб жатса кіл өңеш.

Қалдыру керек таңбаны,
Қағазға емес, тарихта.
Шумағы, әрбір тармағы,
Сөйлейтін ғасыр алдында.

Белгісізбін деп өкінбе,
Белгісіздікке берме мән.
Тұманда жатқан мекенді,
Сипалап табар керек жан.

Отаның тыңдал жүрегін,
Болашак үшін есту һақ.
Іздеме бекер төте жол,
Халыққа айттар сөзді тап?!

Тіріде көрмей көзі ашық,
Өлгенде кайғы жұтады.
Өртөнген жүрек шыдамай,
Өмірім өтіп барады?!

Бір адым кейін аттама,
Алдына сенің келер бак.
Өлмеуің керек тек қана,
Өшпеуі керек жазған хат!

31.01.2005 ж.

ТҮН

Қаранғы тұн тым-тырыс,
Жұлдыз жок аспанда.
Киянға көз сап пайымдас,
Селт етпес көңілім алайда.
Ғаламат сыйын дайындар,
Сол селқос қалпым, қалайда.

Тәңірге барын берем деп,
Тыныштық сөтке табына.
Айқұлақтанып елеңдеп,
Өзге бір үнге зарыға...

Аққулар теніз төрінде,
Үн қатты маған тағы да.
Қос жүрек тұман көгінде,
Бір-бірін іздер сағына.



Адам өмірінің бақыты —
Балалық шақ, білгенім.
Бала бақытсыздығы —
Ғұмырына ақау салар пендениң.
Шындықты бетке айту —
Жаныма сіңген серігім,
Сондықтан болар —
Жиі де, сүріне бергенім.

Бойды жайлаған ұлы дерт —
Теренде жатыр сеземін.
Қыран мен қарғаны ажыратпаған
Таза таз такыр, — деп білемін.

Қол-аяғым еріксіз мatalып,
Ойымда қырық кұрсау.
Ақын жүректің жауы да –
Жанашыры да жалғыз өзі-ау!

ӨМІРГЕ ШОЛУ

Әкем өліп, жасымнан жетім қалып,
Жетімдікке көргем жоқ өзім налып.
Үлкен бауыр сол кезде он жетіде,
Ақыл айтып қоюшы еді құшаққа алып.

Он екі жаста қолыма айыр алып,
Десте салдым, ұжымның шөбін шауып.
Он үшімде ат жалын тартып мініп,
Топта шаптым, дүбірден бәйге алып.

Жас болсам да катардан ерте есейіп,
Көмек еттім анама еңбектеніп.
Қол создым өмірге мен құштарлықлен,
Үлкен айткан сөздерге ой тоқтатып.

Болды күнім жалтақтап бала бүркіт,
Жемтігімді көргенде көзім жанып.
Таска соктым қеудемді талай рет,
Сабак болды өмірде соқты жүрек.

Жыладым да отырдым кейде жер бол,
Көзден жасым шықпады денем мұз бол.
Дауыл болып тенізді толқыннатқан,
Тасып жатты қеудемде қайрат-құш бол.

Ей, өмірім, қырат-белес жолдарынмен,
Келемін, шаршамаймын, талмадым мен.
Талса талар канаты өмірімнің,
Сонда да талай қырды асып келем.

1997 жыл

ІЛЕ

Солқылдал ағып жатқан бұратыла,
Тағдыры Іле өзенін жылата ма?
Қайыр басып табаны құмға айналса,
Бұйырмай туған жерге жоғала ма?!



Ұшар құсым, сағынып қонар көлім,
Әрқашан да сағынарым туған жерім.
Сен деп қана жүрегім тебіренер,
Куанышым, шаттығым, қайғы-шерім.

1975 жыл

БАРАДЫ ШЕГІНІП САНАДАН...

Бұгінгі күні жұлдызы жанғандар,
«Жекешелендіру» деген ұранмен,
Халықтың мұлкін талауға салғандар,
Нарық жұлдызын жарық етеміз деп,
Татаусыз ғасырдан биік озғандар,
Күрделі осы іске руһ дегенді қоюды,
Қалайша ұмытқан дара «данышпандар».

Азаматтық ой мен санадан азғандар,
Ар-намыстан жүрдай болып тозғандар.
Ұят қашып, нәпсісін қоздырғандар,
Байлық іздеген бақытсыз жандар,
Құрт-құмырсқаның илеуіндей болып,
Бірін-бірі отқа итеріп азғырғандар.

Жеке бастын байлығын жоғары санағандар,
Қаскырдай рухты бөліп қарагандар.
Момакан халықтың еңбегін тонағандар.

Өздерін іскерміз деп бизнесмен санағандар,
Арсыз, мейірімсіз, күшпен қанағандар,
Барады шегініп санадан тыс сол адамдар...
Ой, заман-ай!..

9.02.2002 ж.

АҒАЙЫН-ТУЫСТАРҒА

Білмеймін, сіздер қайда, біз қайда?
Өмір өтер ағынымен өр жәйда.
Кейде дөнде, болар шында, ак қарда,
Терен күзда, құлазыған шатқалда.
Өтер өмір өр ауылда, өр жакта,
Жауаптымыз шыққан күнгө, батқанға.
Ағайынды арашалап жықпауға,
Бауырларды сағынуға, жоқтауға.
Міндептіміз – туыстықты сактауга,
«Бауырым» деп елжіреген жүректі,
Алаканда аялауға, баптауға.



Тіршілікте алыс, беріс жоқ болса,
Туыскандық жоғалады, ағайын,
Тырнақ асты кір іздемей, одан да,
Сағынайық, табысайық өрдайым?!

АҒАЛАР

Құдірет, шабыттансан коркамын ба?
Киялым өртарапка жортады да.
Ағалар аскарымдай арқа сүйер,
Азайып бара жатыр ортамызда.

Калір тұткан, жол сілтер, ағаларым,
Өмірімде орнын бар да бағаладым.

«Қолда барда алтынның қадірі жок» —
деген сөзді тауып айтқан бабаларым.

Тасты жарған қас шындық мынау,
Бағаланбас бақ тайса күлесің-ау.
Сыйласаң аға да көп, іні де көп,
Киналсан, соның бірін табасын-ау?!

Тар жерде көрінеді кімнің-кімі,
Өмірдің сабағынан білдім мұны.
Адал іні, анық аға айырылmas,
Мәңгілікке жаралғандай бір кіндігі.

Жеті үй, жеті женге, жеті аға,
Бұл жетінің құдайым қосты ғана.
Ауызбірлік, ынтымақтан айырмасын,
Жетілік үлгі болсын басқаларға.

ЕН ЖАЙЛАУДА ЕГЕСПЕС

«Әй, бұл өмір — дәл әкенің аузы...» деп,
От көзінмен карасаныз жауды іздең.
Дос пен іні, бірге туған туыстар,
Бірдей емес, арасында аныз көп.

Жүргегініз болып кейде тас түйін,
Арман құм боп, мақтасаныз бос құйын.
Өсек сөзге, жала жанқыш қазакқа,
Құдай өлі бермей жатыр бір тиым.

Артта қалған әнгіменің бәрі аныз,
Калам тартсан аз да болса қалады із.
Кара мәлін қамкорынан айырылған,
Сенбесеніз, бас көтеріп караңыз.

Аққа қара жағу деген түк те емес,
Дос пен туыс сөздерінің түбі егес.
Бәле-жала аш көздіктен шығады,
Олардың да көрген күні күн емес...

ДАУСЫМ ЖЕТПЕС

Бұл заман солқылдаған сапасы бар,
Сыйласпас бірін-бірі бағасы бар.
Күштіге күжірейген арқа сүйер,
Қалдырар марқа көніл жағасы бар.

Тоналған мына халық жүрісі бар,
Тонаған жерін-мұлкін «ағасы» бар.
Парламентім заң шығарды, жер сатылды,
Сатылған шетелдерге байлығы бар.

Ақ иық өзі саңлақ тәуір де бар,
Қасиетті ата-баба жерім де бар.
Қан сіңген, қанат қаққан қайран жерім,
Кеттін бе қолды болып басқаға дар.

Ұр да жық ақылы кем жарым да бар,
Жылуы күн нұрындай асыл да бар.
Егеске ерінбейтін кекшіл де бар,
Қу да бар, сауатты суқит та бар.

Ақ көніл, ашық жүрек байғұс та бар,
Алдаған бірін-бірі тарландар бар,
Бура жал көрінбейді шөккеннен соң,
Ұсактап кетті бүгін көп адамдар.

Батыста АҚШ, Шығыста Қытайың бар,
Көз тіккен біздің жерге жүр ғой талай.

Ойланып халқым енді көзінді аш,
Отырған парламентте бар ғой судыр.
Ел қорға! Ата-баба қан төккен жерден,
Қалмайық айырылып бостан-босқа-ай?!

2004 жыл

АЙТТЫМ ДЕРЕК

Кұдайдың құдіретіне ақыл тірек,
Ғажайып таңырқайсың мұны көр тек.
«Қайғы жок тәуекелде» деген рас,
Тәнірдің өзінде ғой алмақ-бермек.

Басына қара шыбын қонса бақыт,
Сұнқардың әуес болар жүзін көрмек.
Аспандап ұшар ұзақ тобыменен,
Құмары жерден барып түйғынды ілмек.

Күн өтпес саясында отырсан-ақ,
Жапанда жапыракты ұлken терек.
Өлерде ер етегін қымтар өзі-ақ,
Оларға ақыл айту емес керек.

Әу баста жазулы ырзық әр пендеге,
Қолға алып тілегенмен екі шелек.
Аккудың дауысына ұқсамайды,
Дауысын салып шақырса да қаз бен үйрек.

Бүйрегің бүрмай қоймас туысқанға,
Болғанмен бармақ басқа, бірге білек,
Асылдың әрқашан да мысалы осы,
Қалмайды негізінде тартпай бүйрек.

Шамалап әр жағынан айтқан тілек,
Нақылды қайда бізге түгендемек.
Шенгелді ауылынан, көкжиделік
Тойшыбайұлы Ізтілеу айтқан дерек.



Арманның құсы әлемді самғап,
Өмірдің мөлдір тұнығын толғап.
Жанымды қайраққа жанып,
Тынығар кез келсе де анық.
Шаршамай қанат келемін қағып,
Тарихта ізім калары анық.

БІРЕУДІҢ БАҚЫТЫ

«Кызыл тұлкі» дейді ғой қыз баланы,
Алған да, алмаған да қызғанады.
«Аға» деген сөзінен айналайын,
Саған деген көнілім сыздаған-ды.

«Кыз» десе, кімнің көнілі қызынбайды,
Жүрек соғып, тамырлар дуылдайды.
Сен сиякты аккулар көлден үшса,
Шіркін-ай, кімнің көнілі бұзылмайды.

Кімнің сен бакытысың күтіп тұрған,
Кімнің сен ғашығысың сүйіп алған.
Сағынышын қеудеде жасыра алмай,
Кімдерге сағынышпен ән салдырған.
Білмеймін әлде кімді тамсандырған,
Жастығым өтіп барады карсы алдыннан!

Кызыл гүл уақыт келсе ол да солар,
Бал ара үшар бастан солғаннан сон.
Гүл калірсіз басына қоибаған сон,
Бакыт қайдан оралар болмаған сон.
Уақытсыз соларсын бірді сүйіп,
Біріне жанбаған сон!

ТАБИҒАТ

Халқымның жаны-тәні туган дала,
Өзіңсін ұлылық та бар мағына.
Қазақтың тендесі жоқ табиғаты,
Көріктім, жер жәннатым өзің ғана?!

Көрем де сымбатыңа бас иемін,
Көремін болашағын, қасиетін.
Кенет бір дауыл сокса, боран ұйытқып,
Өзіңсін менің тірлік жан сүйерім.

Мына өмір сүйген ғасыр уақыты,
Жермен бірге тенізде қара алтыны.
Болашақтың үлесін қалдырайық,
Сезімтал табиғаттың бар өлшемі.

Әлсіздігім сезілген кей кезімде,
Жас іркілсе кірпігімде, көзімде,
Туған жердің табиғатын қорлаған,
Айта алмаған сол адамға сөзімде.

Даусым жетпес бір адамның сөзі не?
Шеврон. Лукойл тағы, тағы не...

2005 жыл



Махаббаттың жоқ пәтуасы, баяны,
Жәй жолығу, кеш табысу баяғы.
Мұндай, мұндай кездесудің, әрине,
Ешқашан да болған емес аяғы.
Қай тарапқа жетелейді ой мына?
Қайда жүрсем жел үрлейді қойныма.
Анқау көніл, ашық мінез, сенгіштік,

Отырам ба қайырымсыз бір сазда,
Құлата ма өлде биік бір жарға?

Далан ерін біреулердің арманы,
Тас түйнектей қос анардың бар мәні.
Бірак, сірә, сезбей оны сол жігіт,
Айырылып кеткен шығар жолдары.
Ұзады ару қеудесінде айтылмаған арманы.
Ару екен ақ күмістен жонылған...

04.02.2005 ж.

БАЛҚАШ

Балқашым әрбір құрак қамысым,
Жаз жайлауы қаз-ұйректің қонысы.
Ұшар еді жібермейді туған жер,
Жібермейді туған жердің киесі.

Акку-қаздар, ақку-қаздар, тұз әні,
Уақыт қалай, «ә» дегенше озады.
Жібермейді туған дала бірақ та,
Жібермейді кимастықтың тұзагы.

Бұтактарды жалаңаштап қоңыр күз,
Қырау шалды шөптің басын, көрініз.
Аянбадық, кажыса да бұл өмір,
Калай айтса, соның бәрін көрдіңіз.
Боз қыраудай өтіп кеткен өмір күз,
Колла қару дәл көздеген саятшы,
Атып саллы, ұшып түсті қоңыр қаз.

Атқан екен, өлген екен, несі бар?
Құстын аты құс емес пе, пәтшағар.
Алам үшін жаралған соң андарды,
Аталы ғой, аталы ғой аңшылар...

ТЕҢЕУІН ТАПҚАН СӨЗ ҚЫМБАТ

Киімін жұқа болса жел өтеді,
Білмеген асыл сөзді қор етеді.
Жігітер, бар кезінде ойна да күл,
Айналмай өмір-қызық тез өтеді.

Қолға алған тыңдырмасан бір ісінді,
Жалқаудың ертеңменен күні өтеді.
Әсекке үйірсек жан ақыр түбі,
Адамның ақ көнілін кір етеді.

Ұрыншак, шайпау жанның удай тілі,
Жүргін шоқ басқандай дір етеді.
Көз көріп, қол ұстаса ақиқатты,
Нығайтып сенімінді шын етеді.

Білімсіз надан жанның дабырасы,
Жарығын дүниенің тұл етеді.
Әзімшіл, ісіп-кепкен ақырында,
Бақытты өз колымен тұл етеді.

Өнерлі, білімді жан кіші келіп,
Көнілінді ақылымен көл етеді.
Ақ көніл, адал жандар даналығы,
Шешіліп, жасырмай-ақ сыр етеді.

Жаманды арашалап отқа тұспе,
Сыртыңнан сатып кетіп жер етеді.
Біреудің бакытына ортактассан,
Адамдық мәртебенде жұн етеді.

28.10.2005 ж.

ІШІ ҚАС, СЫРТЫ ЖЫЛТЫР КӨЗ

Дұние, мекен болмадың кімдерге,
Өмір шат, еңбек етсең білгендерге.
Келген соң мына өмірге ауа жұтып,
Болады әркім құмар әр нәрсеге.

Кейбіреу жақсылыққа жақын жүріп,
Жүреді адалдықпен түсіп көзге.
Арасы жақсылықтың түрлі-түрлі,
Даурығып жұрт айтқанға сене берме.

Кісіде жок жалғыз түйір дәмесі де,
Қанағат риза болар енбегіне.
Өсек пен өтірікке пейіл бермей,
Өзгермей тұратын бар мінез менде!

Шыншылдық әділетті адам десе,
«Кем» деме, соны халық біле-білсе.
Койныма жылан салып отырамын,
Іші қас, сырты жылман қоз көрінсе!

28.10.2005 ж.

СЕНІМ

Сенімлерден құралар өмірім мына,
«Сенбеймін» деп айта алмаймын, сенемін.
Сеніп жүрген адамдарың алдаса,
Корлығы сол мына тұрған өмірдің.

Коштасудан сиреп калған адамның,
Жүдесу тартқан көнілінен корқамын.
Жұптасудан тұрса-тұрсын мына өмір,
Коштасудан тұрмаса екен ертенім.

Бір басымның қайғысынан қорықпадым,
Ойы өріссіз, ойсыздардан қорқамын.
Сезімі жоқ жүректерден сактағын,
Сенімі жоқ адамдардан қорқамын.

Кеуделерде от бол мәңгі жанайын,
Сенім болып есігінді қағайын.
Ұшып келген көктем құсы секілді,
Есігінді аш, кеуден толсын, ағайын!

Сағыныштың акқуы бол көк айдын,
Құсы болып ұшайыншы тоғайдын.
Жайлауы бол жадыраған көнілдін,
Толтырайын кем-кетігін, ағайын.



Халқының жарай білгін керегіне,
Санамен сараптайды оны еліде.
Адаспа сен өмірден қателесіп,
Шыққын сен көздеген шоң биігіне.

Теріс кетсен, түзегін бар мінінді,
Әркімге жая берме жан сырынды.
Жасаған жақсылықты айта берме,
Түсіне де бермейді әркім мұны.

Елмен табыс, кетпегін одан жырақ,
Кеткенде сен табасың қайдан тұрак.
«У ішсен, руынмен іш» деген сөз бар,
Еліндей қайда болсын саған куат.

Жақсы ісінді қашан да ел қолдайды,
Басқа жұрт туған елдей бола алмайды.
Бетке айтады ағайын мінің болса,
Бозторғайдай боз елің табылмайды.

Білгенмен үйренуге намыстанба!
Ақыл-кенес айтқанда сырттап қалма.
Өзім білем дегенге салынбағын,
Ақыл керек өмірлік ағыстарда.
Терен ұғын, түсінгін, қалыс қалма!

ӨМІР ЭЛЕГИЯСЫ

Мен ұққан бұл өмірдің дастан әні,
Сәбидің жылауынан басталады.
Жылап кеткім келмейді бұл өмірден,
Сонында коштасу да тұрса дағы...

Автор.

Шыр етіп жарықта келгенде неге сонша жыладым,
Ананың сезбей мейірімін шырылды қоймадым.
Жаңа туған нәресте неге мұнша бұлданым
ТАр бесікті менсінбей керіліп, созылып туладым.

Күн нұрына құштар бол ана мейірімінен нәр алдым,
Бебек болып еңбектеп өзімді-өзім алдадым.
Махаббатқа бөленіп басқа жанды көрмедім,
Айтқанымды істетіп бақытты күнді иемдендім.

Жастық шактың арнасы жазықсыз өстім демедім,
От жалын бол лапылдалап шоққа да күйіп өртендім.
Тоғыз жасқа келгенде өкеден жетім қалғаным,
Өтерін білсем де өмірдің тағдырдың құлы
болмадым.

Ержетіп мұлдем есейіп толық санаға бойладым,
Алды-артымды ойладым, ой қызығына тоймадым.
Самалға тосып кеудемді өз бақыттымды іздедім
Жақсы мен жаман арасын ой жүгіртіп түзедім.

Бәрі жақсы көрінген қызыққа толы өмірім,
Кейде күліп, бірде жылап сыбагамды жеп көрдім.
Арғымаққа мініп алып артқы топтан адастым,
Бак-дәuletке жетемін деп өткен күндер алданым.

Кейде бәсек көңілім, көргеннің бәрі өмірім,
Көз жұмулы, ой толған бір Аллланың құлымын.
«Жаста болса ұлғайған жапырақтарда сарғайған,
Тағдырым қалай болдың» деп өткеніме үнілдім.

Шырын бал, ашы «у» берген, өмірім солай жалғаскан,
Бірде бақыт, кейде кайғы тоғысканды арласқан.
Шынар шыңға, терең құзға бүгін міне қарасан,
Жалғандағы жарық дүние артық екен өу бастан.

Алпысты алқымдал келгенде ой толғады мені де,
Салмағы ауыр жүгімнің, артамын қалай өзгеге.
Намысым бар жігерім, арым таза өмірде,
Теренге ой сап өлеңім, мәңгілік қалсын дегем де.

Басқасы тәйір не болсын, жансын мейлі өшпесін,
Уайым бүгін қайғы өкеп, Аллам жамандық
бермесін.

Жақсылық болып жанымда, көңілді шуак
желдетсін,
Құдай қолдап өр кезде ғұмырымды үзбесін!

Калам алдым қолыма, өлең жаздым — ол тағдырым,
Сәби күнгі жылаған күндерімді есіме алдым —
өткенім.

Мына өмірге келсемде жылап, сонда да мен кетемін,
Күліп тұрып, тағдырды талақ етіп, женіске де
жетемін!!!

01.02.2008 ж.

ТҰМАН ДОСЫМ, ІЗДЕЙМІН СЕҢ!

Өмір тәтті, тағдыр қатты. Қатты демей недейін, жақсы менен жайсаның тұра жолын кес-кестеп, кедергілерін құрып тастағанымен коймай, жаңы жайсан әзаматтарымыз бірінен соң бірі о дүниеге аттанып жатса?! Адам баласының өмірге інгәлап келген сөтінен бастап өткізген әр күні соңғы бекетке бастар сокпак тәрізді, кейде солай да!

Дей тұрсақ та, ақыл-ойы кемелденген, жасы жетіп картаймай, бойынан әл-куат таймай, қылшылдаған жас кезінде жарық дүниемен ерте қоштасып жату өкінішті-ақ. Ондайда жанарыңа жас іркіліп, жүрегін сыздайды. Азаматтың тұлғасы Алатаудың мұзарт шынындай, жандуниесінің тазалығы таңның мөлдір шығындай аяулы досым Тұман Қасымбекұлы пәниден бакиға аттанғанда жан дүнием көшкен елдің жұртындай құлазып қалды. Жүрегім бір сөт тоқтап қалғандай болды.

Ол кезде мен Талғар ауданы Шенгелді ауылында сол ТМРСХО-бас сәулеткері болып қызмет істейтін едім. Демалыс алып әлдебір жаққа бару мүмкін емес. Себебі жұмыс бастан асатын. Осындаидай қарбалас уакыттың бірінде сонау Балқаш ауданы, Карой кеншарында тұратын досым Тұманның іздеп келмесі барма үйге.

Мәз-мәйрам болып қуанғаным сонша құшактай берем кайта-кайта. Сонымен екі күн үйде кона жатып әнгіме шерттік емеспе, катты сагынып қалыппыз. Тағдырдың тартысында жүріп кездес-пегелі біраз жыл болып кетіпті. Айтылар әнгіме таусылар емес... Сондағы сенің жымия отырып ұзак

қарағаның маған соңғы кездесу екенін сезsem ғой.
Екеуміз бір-бірімізді кимай ұзак тұрып қоштастық.

Бірде:

— Мен үйге барған соң хабарласам, келсөнші,
кешікпей кел, — дедің.

Үш күн өтпей сүйк хабар аларымды білдім бе?!

Каралы хабарды жеткізген азаматқа:

— Не дейді? Не дейсің сен? Қашан, қалай? —
деп кана айта алдым. Әрмен қарайғы әңгіменің
мәні жок еді...

Соңғы отырыстағы, әзіз бейнен мәнгі көз ал-
дымда. Жаңын жәннатта болсын, Досым!

Ағысқа қарсы қарай жүзіп келем,
Тереннен ой маржанын сүзіп келем.
Сен мені ондырған, толықтырған,
Нағыз дос Тұман сені іздең келем.

Тіріде таппасымды мен де сезем,
О дүниеде табысармыз, кімдер білген.
Сағынған достық сезім өшпесі анық.
Тыңда мені құлак кой, айтып берем.

Сендей дос таба алмадым мына өмірден,
Тағдырдан ашы таяқ жеп те келем.
Сұмырай сұм ажалға қарсы тұрар,
Жарығы сонау күннің «Кім» деп білем.

Киын деп өмірден біз жерінбедік,
Арманға жету үшін ерінбедік.
Баканаста, жастықтың базарында
Қатар жүріп бүтінді бөліп жедік.

Көнілге жаксы ойларды тоқығанбыз,
Балқаштың жалын атқан отынан біз.

Сайранын жастық шактың бірге кешіп,
Көкжиде мен Қаройды жол қылғанбыз.

Жүрек – қақпа айқара ашылғанда,
Тоқтау бар ма аруға ғашық жанға.
Күйеу жолдас, асаба және болдым
Серікгүлге Тұманжан қосылғанда.

Болып едік жанашир әрі қорған,
Дос едік айырылмасқа жұптасқан.
Ант ішіп төспен-төс қағысқан кезде
Анамыз қасымызда бірге болған.

«Балаларым достық жолы қын деді,
Достықтың бағаландар сыйын енді.
Адалдық пен достықты бірге сақтап,
Мол бақыт бастарына қонсын!» деді.


Ай өтіп, жылдар зулап өте берді
Сол достық мәнгі бізбен бірге еді.
Отыз екі жасында бақи болып,
Жиырма төрт жыл іздедім досым сені.

Қалайша мен мұжіліп көнеремін,
Достын да досы болдың, бөлек едің.
Аман-есен ұл-қызың орынын тапты,
Аруағын ырза болсын, жаным менің.

Жанганимын, енді өшерімді мен де білем,
Өнсемде із қалдырып кетсем деп ем.
Білмеймін ұқсаттым ба, жок па әлде
Отырмын жүргегімді жегідей жеп, бүгін!!!

23.02.2008 ж.

Екінші бөлім
ОЙ-ДАУА



АПТЫҚПА, ОЙЛАН!

Махаббат – таза ар текстес,
Кез келгенге табылмас.
Өз теңің тапсан тілеулес,
Аптықпа, ойлан, көніл бас.

Адасу деген түк емес,
Бұлтсыз ашық күндерде.
Әмір дегенің шын күрес
Женімпаздарды күнде.

Екінің бірі бақытсыз!
Неге олай, жаным, білдің бе?!

От бассаң, ойнат ақылсыз,
Түсесің сонда еркіне...

МАХАББАТ – БІР ТУАР БАҚЫТ

Махаббат – бір туар бақыт!
Ол ешкашан қайталанбайды.
Шынайы сүйспеншілік,
Мұз – қар, құзға қарамайды.
Сол кезде сокырлық басады,
Жаныңды ажырата алмайсын.
Санаға сінген махаббат,
Сенімнің шынына жалғасады.
Көзіңнен үшікын от жанып,
Жүрегін слжіреп ой табады,
Бір үлкен сезім бойды алып.
Әмірін жаксылық құщағындей,
Айналан гүлдеп түрғандай.
Мұның да шаттықта ұқсан,

Кұдыретті күшті махаббат,
Міне, осылай туады!!!
Айнымас сертке, сенім жалғас,
Мәңгі бакыт құшақ ашады!!!

АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Бір үмітке бір үміт жалғасады,
Сол үмітпен өмірің алға асады.
Мына өмір қызығын көрсем-дағы,
Саған деген көнілім басылмады...

Көктем өтер, жыл жылжыр, жылдар жетер,
Жүрегімді жылтытар, жалын берер.
Сол алғашқы махаббат жүрегімде,
Сағынышын өткеннің сынап шешер.

Ұғыспаған жылдарым озып бізді,
Сағыныш боп мәңгілік үміт үзді.
Көкіректе сол бір кез толғаулары,
Басылмайды жауындай коңыр күзгі.

Жастығымның шаттығын бірге көрген,
Еркем едің еркелеп ерте келген,
Іңкәр, адап махаббат аман болышы,
Кадірінді мен бейбак кештеу білгем.

Арман құсым, асылым, алыс кеттің,
Тағдырынды сен кімге табыс еттің.
Көнілдегі мазасыз сан сұрақтың...
Дауасы да өзің ең ғашық дерптің.

Ей алғашқы махаббат, өлме мәңгі!
Болар ма екен өмірдің сенсіз мәні.
Саған жаным, мәңгілік қарыздармын,
Сені сүйген жүрекпен жүрмін әлі...

ӘКЕ

Әке, сол бір күз, тар кезең өлі есімде,
Тұнімен жан қиналды сен ауырдың.
Мен сонда тоғыз жаста, көз ілмедім,
Жаныңа шипа таппай безілдедім.
Кара терге малшынып жол іздедің,
Сонда да дыбыс шығарып үндемедің.
Күткен күнің жетті ме, мен білмедім.
Таңғы шық мезгіл еді, көз алдымда,
«Аулаға алып шық» — деп мензегенің.
Сүйемелдеп, қолтықтап алып шықтым,
Жан-жағыңа қарадың, ұзак тұрдың.
Білмеймін, толқыдың әлде нені іздедің,
Айта алмаған өмірге өкпең бар ма?
Қолымды қыстың, күбірлеп қол сермедің.
Өмірдің ең бір сәтті кезендерін,
Әлде опасыз өмірдің сәтсіздіктерін,
Ет-бауырың езіліп, еске алдың ба, әке?!

Демінді ақырғы соза тартып,
Көзіңнен үшқын алыстап барып,
Жүрелеп отыра бердің де,
Шығыска бір, батыска бір қарадың,
Мәңгі бакильтыққа көз жұмдың, әке!

Баламын ғой, қолтығыңың астында,
Сол кезде, бар жоғы тоғыз жасымда
Суық сезім бойды билеп шырылдадым!
Шамам келмей мен сонда жылағаным!
Көз алдымда таңғы шықпен қоштасқаның.
Сол бір күз, сізбен мәңгі коштасқаным.
Содан бері елу жыл ізден жүрмін!..
Таппадым, сағындым, сарғая неге іздедім.
О, өмір ғажапсың... өлім мен егіз бе едің?!

Мен біреуге өкемін қымбаттымын.
Балам, әр кімнің өкесі өзіне «әке»!
Әкеңді тіршілікте сыйлап бакқын,
Табиғаттың заны ма маған жоқтатқаның.
Балам сенде бір күн іздерсің, сағынарсың!!!

БАЛАМ-АЙ

Алыста қалар аяулы күндер ақ мандай,
Мұңая жүріп, қуанатын күн қандай?
Асыл ой сәулесін салар санаға,
Тірліктің таңы тағатсыз күтіп тұрғандай.

Тұымды тағдыр көрінер ірі інкәрға,
Мені де біреу ұқсайды дер сұнқарға.
Баласы текті туылған мына шың-құзда,
Самғаған биік жарасар әр кез құстарға.

Тұсінген кезде тірліктің мынау не екенін,
Тасыса көніл жатады тойы тарқамай.
Көнілге көркем көрінер мына мекенің,
Адасып қалма нәпсіні қып Балам-ай?!

Құліп те тұрып бәрі де құлық ойлаған,
Досы қайсы, дұшпанды біле алмайсын.
Құныңды өлшеп өзінше кесіп бағалар,
Құзғын құсқа айналған мына заманың!..

II

Жазылған өлеңім – өмірім!
Содан ізде өзінді – өзімді.
Көнілдің жыртығын жамаған,
Сағынған-сарғайған төзімді.

Алысқан-жұлысқан қоғамды,
Өткізген өмірді, тағдырды,
Өшпестей қалдырған ізімді,
Сағынсаң оқырсың өзімді.

Катыгез тағдырмен алысқан,
Өмірін тақтайдай жол емес.
Ойлағын, балам, ертенді!
Сен де әке боласың бір құні.
Ұрпактар осылай жалғасат,
Бірі келіп, бірі өліп кетеді,
Бағала тіріде өзінді — өзгені!

АРНАУ

(*Абзал ага Ақылбек Қалдыбекұлының
80 жасына*)

Билері, батырлары андыздаған,
Калайша кең далада қан қызбаған.
Көненің көзіндегі боп аман жеткен,
Армысыз, арда туған, абыз Ағам!

Көрікті жігіт едің қара шашты,
Жастыкты құйын жылдар ала қашты.
Қырық жыл басшылықта атқа мінген,
Халықпен қоян — қолтық араласты.

Аруда жүзде нұры жүзіп тұрған,
Кезінде жігітеніз қызықтырған,
Әлі де шалып кетіп, жығып кетіп,
Сексен жас қалай екен келіп тұрған?!

Аркардай секіретін өрге еппен,
Зерделі тарихта орын тепкен.
Менің әкем Тойшыбай өзі жазып,
Туу туралы куәлігін тарту еткен.

Сол кездегі жас сөби сексен толды,
Артқа тастап сексен төбе қырларды.
Таудай енбек өнегелі ісіменен,
Ең бастысы өшпейтүғын ізі қалды.

Келісті ұл, өрісті қыз арқасында,
Шабыттың шатыр құрған қырқасында.
Денің сау, ұзак жаса асыл Аға
Немере – шөберенің ортасында!

Ешкашан кіrbің шалмай жайдары жүз,
Жүзеге аса берсін ойларыңыз.
Енді біз тоқсан жаста кездесейік,
Кашанда тойға үлассын тойларыңыз !

16.05.2009 ж.



Құдаша, құтты болсын жаңа жылың,
Деген бар «жаксы лебіз – жарым ырыс»
Жаныңыз жамандықтан аулақ болып,
Бакытты бол, бұл менің жандай шыным.

Денсаулық жаксы боп, балалармен,
Жүзге дейін аса бер өмір қырын.
Тілеймін жаңа жылда мол табысты,
Бөгелмесін, өрлесін өмір шыңың!

Тірлікте жүрген сон күн кешерміз,
Өлеңнің төрінен де із кесерміз.
Тыскары топырактан аман болсак,
Өмірде әлі талай кездесерміз.

31.12.2009 ж.

ЖЕҢЕШЕ

(Аяулы асыл жеңгем Тыныққ

Дұние жалпағынан жанаттанып,
Ұшамын кей күндері қанаттанып
Тәуекелім алып шығар талаптань
Қайырылып қалмасам екен қанат

О, Тәте, ақ жүрегің анқылдаған!
Қарапайым қалпыңмен жүрші ам
Ұяңнан төрт қарлығаш ұшып шы
Колында төрт қыраның қалықтағ

О, Тәте, барды елеп, жанын бапт
Аспандатушы едің **Көкемді** асқаң
Елудің бесеуіне келген кезде,
Кетті ғой одүниеге бізді тастап.

Телміре қарап көшкен жүртына
Бұлтты болдың, ашыла ма?!

Жүрек қазасынан жүйке шаршап
Бар ойлардан қуат ала ма?!

Жабырқау жағып жалғыз шырағъ
Тәтешім тұнде жалғызырыадың.
Алланың нұрлы жарығын берсін,
Сарқылмайтындай ыстық ықыласі

Сұнкарың еді құлады көктен,
Себебін дерттің білмедің көптен.
Ұлы даланың ұрпағы еді,
Ұлтанды жүртқа сыйы да жеткен

«Аттанды үйден арыстай дене»,
Кара жамылып қалыспай келем.
Шығарып біздер ұзатып салдық,
Он екі метр ақ бәтеспен.

Жанардан жасы тамады мұны,
Жаралы жүрек шым-шым шағады.
Кімге кеш, кімге ертерек болады,
Бір күні өлім есікті қағады.

Ауылдың сырты қыратты еді,
Қырқаны аралап женгем келеді.
Көкемнің жүрген іздерін көріп,
Сағынышын айтып жылай береді...

II

Қайысқан да мүмкін шығарсын,
Мұнданба, женге, мұнданба.
Шыдарсын енді шыдарсын,
Шыдап бір күні сынарсын.
Жабығып жалғыз құлазып,
Құлазып бір күні құларсын.
Сергелден болған көнілің,
Сенделіп жүріп ұғарсын.
Жүдеген жүрек жетіліп,
Өмірді қайта құрарсын.
Мұнданған сезім ес жияр,
Өзіннен өзің сұрарсын.
Опасыз мына дүниеден,
Безбессің және кезбессің.
Жер асты жеті жесір-деп,
Жететін шығар жаңғырық.
Болды жетер женеше,
Тағдырмен күрес талпынып.
Ұл-қыздарың ер жеткен,
Аллаға тәубе дегізген.
Желдетсен көніл желдетіп,
Бір арнадан шығарсын,
Жас берсін енді, женешем!

ДАУА ЖОҚ

Дауа жоқ айтарға да,
Ауа жоқ жұтарға да.
Жүйкені тоздырып тұрмын,
Аурухана балконында.

Көк тұтін сорған, бәрі тозған,
Сау жан жоқ бұл манда.
Кір жүкқан, тұншықкан,
Көніл-күй жоқ жандарда.

Әз жүрек, мәз жүрек,
Бір сенім жүр еді тозбаған.
Тіршілікті қозғаған,
Кеудем мынау сыздаған.
Әкпек желден қорқам,
Жанымды жеп боздаған.
Дәрігерім жазбаған.

«Азып кетіпсіз-ау» — деп,
«Тозып жетіпсіз-ау» — деп,
Дәрігердің көнілі қош емес.
Саудаға салды, дос емес.
Әй, заманына сай адам-ай!!!

Сауап та, обал да жоқ,
Бас сауғалар әр сыннан.
Аршып алар ажалдан,
«Сендер» — деп сенген үміттен,
Айырылып калдым күдікпен.
Бар еді сенім жылт еткен,
Оны да жоғалттым бүгін мен.
Әй, заманына сай адам-ай!!!

14.02.2009 ж.



Білесің бе, асық күн,
Не болады ертеңім?
Қатер төнді тегіме,
Дауаң бар ма айтатын.

«Ей ,пенде!» – дедің де,
Адам құнсыз бүгінде.
Сенің арсыздығың,
Жауыздығың да.
Сенің жансыздығың,
Зансыздығың да.
Бір құлқының үшін,
Бар дүниенің асылың,
Пайдаландың да.
Тіршілікте не дейсің,
Тай қазанда қайнағанда.
Бар казынаң арзанға кетіп,
Тұбімен отап жатсан да.
Ойлан пенде – парасатты,
Ертең ғайып болғанда,
Тар соқпак сол қалпында.
Жауап ізде, болашақ алдында
Жадағай жалаң сөзіннің,
Керегі жоқ ғасыр алдында.
Жіберген сан-мың қатенің,
Азабың, жазасын тартасың,
Күні ертең ардың алдында!!!



...Жалалы тірлік наласында,
Не дауа осы адамға,
Сөзбен істін арасында,
Ғасыр өліп жатқанда?!

ЖАРА

Бір досым менің бар еді,
Кеудесін жалын шарпыды.
Балалық-тағы махабbat,
Өшпестей мәңгі жаншыды.

Жазылмастай жара бол,
Тұз сепкендей ашыды.
Таза еді сол махабbat,
Сондықтан жүрек мазалы.

Кішкене ғана жара едің,
Ауыртқан менің жанымды.
Ғұмыры ұзак жазылmas,
Ұлғайды неге, ұлғайды?!

Не үшін тағдыр назалы,
Не үшін кінә тағады?
Жазығым сені сүйгенім,
Жаралы жүрек жанады!

Кашықтан даусым естіліп,
Жақыннан шықпай жүр ме әлі.
Даланың әні бозторғай,
Жеткізер бір күн әнімді.

Бұйрық та жүрмес, әмірде,
Жанасын от бол ошакта.
Құлін ап бассам жарама,
Жазылар ма еді жаным да.

Тұз септің ашық жарага,
Тағы да көрдім түсімде.

Ұлғайған жара жазылмас,
Косылмай кеткен тағдыр да?!

Сөнбейді адал махабbat,
Сүйемін сені мәнгіге.
Гүл беріп жүрем аймалап,
Өнімде емес, тұсімде.

2010 ж.

ҚҰДАҒИ

(*Тілеухан құдагидың 60 жасына*)

Шығыпсыз бүгін міне, алпыс белге,
Беремін қырық жасты мен өзіне.
Гүлденген жауқазындай өлі жассыз,
Откізген бұл өмірді көппен бірге.

Балаларың бақыт тапқан, өзінде,
Несібесін теріп жүрғой бәріде.
Бала-шаға, немерелер өзінмен
Ыстықта да, суықта да жүр бірге.

Өз ошағың, өз төрің бар өзінмен,
Сол ошакты жылыта білдің, сезіммен.
Алла қуат бере берсін әрдайым,
Ау Құдағи ойлайтұғын тереннен.

Ұл-кызына аскар таудай панасыз,
Кен пейілді дарканнаткан даласыз.
Аман – саулық, әл – қуатың сарқылмай,
Алла берген жасын енді жасаныз!!!

24.12.2011 ж.

НЕ ЖЕТПЕЙДІ?!

Не жетпейді, атақ па әлде мансап па?
Қанағат жок өмірден көп алсак та.
Біреу түйсе ту сыртынан жұдырық,
Ал біреуді жүгіртеміз сан-сакқа.

Не жетпейді, байлық па әлде мансап па?
Қанағат жоқ, қанша рахаттансақ та.
Ішті тырнап, қара мысық қызғаныш,
Ал, біреуді жүгіртеміз жан-жакқа.

Не жетпейді, бедел ме әлде мансап па?
Қанағат жок біразға келіп қалсақ та.
Жаксы адам одан жаман болмайды,
Небір сұмдық лағынеттерді таксақ та.

Шындық іздең күніменен-түнімен,
Жүргімнің түкпіріне үнілем.
Мен қуансам, шындық үшін қуанам,
Мен түнілсем, жалғандықтан түнілем.



Өмір жайлы жыр қосам жыр кеніне,
Мәз боламын өлең оқып жүргеніме.
Бакыттымын тіршілік түнерсе де,
Тыныс алып сөл өмір сүргеніме.

Аурудан тасыған көп қан тамырын,
Киындықтың мен таттым талай дәмін.
Мүмкін мен де өмірден аттанаармын,
Тыңдайсындар бір күні ақырғы әнін.

О дүниеде тұспейді көріне күн,
Ақку мойнын бұрмайды, не керегің.
Сондықтан да алдында бұл аурудын,
Дір-дір етіп үрейге берілемін
(Өзді-өзімнен сан рет жерінгемін).

О, дүние білмеймін мұн қаптаған,
Өмір тарлық етеді бұлғақтаған.
Қара жерді менімен қатар басып,
Жүргені үшін адамдар қымбат маған.

Бір кездегі күлкідей сыңғырлаған,
Өмір, өтіп кетесін мын қақпадан.
О, өмір, сүйем сені, сүйемін мен!
Әрбір өткен күндерің қымбат маған.

ДОСТАРҒА

Өмірдің өтеріне сенгің келмес,
Колындан еркінменен бергің келмес.
Дүниені дөңгелетіп өтсөң дағы,
Қара жер койнауына енгің келмес.

«Қара тас мамық болар үйкyn қелсе»,
Сұлудан сұлу асар сүйгің келсе.
Қолындағы бүркітің тышқан ілмес,
Туған жерден араның алыс кетсе.

Көңілдегі тәтті ой үйлес келмес,
Басындағы бақытың тайып кетсе.
«Дос-жолдастар» дегенін суыр болар,
Інге кірген суырдың көзі көрмес.

О, өмір, өтеріңе сенгім келмес,
Бір бастағы қындық түк те емес.
Шын достар жанын салып ара түсер,
Ақ ниетті адал досқа ешкім жетпес.
Елуіңе енсеріп жеткен кезде,
Сағыныштан шыққан сөз барып жетсейші!

СЕН МЕҢ ОЙЛАНДЫРДЫҢ, ОЙҒА АЛДЫРДЫҢ

Сен мені ойландырдың, ойға алдырдың,
Бейкүнә сәби жүрек бар қылышын.
Жаңбырдан соң ашылған қызыл гүлдей,
Тетігі сен боларсың осы жырдың.

Конақпаз жолаушыдай бұл өмірде,
Шашылған ырыздықты бөліп жеуге.
Өмір теніз, ескексіз қалып қоймай,
Алдағы күндеріннен үміт үзбе!

Болғанда сыртым бүтін, ішім тұтін,
Сырымды тең бөлісер қаранды тұн.
Мазалап сансыз ойлар күрсінткенде,
Тамшы бол тамшылар ма қайғы мен мұн.

Өмірге сен де келдің, біз де келдік,
Біріміз кеш, біріміз ерте көрдік.
Сөлғана уакыттың өткені-ай,
Күштар ғып бір өзіңе еткен тентек.
Сен мені ойландырдың, ойға алдырдың!

ТІЛЕК

Өсе келе қол жеткізер талайға,
Білімдіні жас кезінен бағала.

Автор

Туған жердің бір гүлі
Секілдісің, жан балам.
Мектебінде ұлгілі
Бола алдың ба, толғанам?!

Табар көніл қалауың,
Қуар жолын білімнің.
Бәлісіндер, ағайын,
Қуанышын ұлымның!

Балалық шалқар шаттығын,
Шырқатып әнге қосып бір.
Аялап өмір ак гүлін,
Алдыңда арман тосып тұр.

Шындаиды өмір мектебі,
Болашақ күндер толыссын.
Өмірде ертең шептегі,
Адам болу – борышын.

Мектеппенен қоштасып,
Басташы жана ғұмырды.
Өмірменен достасып,
Бағалай біл білімді.

Ата берсін таң күліп,
Ақ маҳаббат гүл жарып.
Содан тұскен нұр жарық,
Берсін қуат мәңгілік.

Артында сара жол қалсын,
Халқына ұлғі боларлық.
Аллам саған жол берсін,
Шың басында қаларлық!

ОЙЛАНҒЫН БАЛАМ!

Таза бұлағын тұрсыншы тұнық,
Жүрмесін жанның жігері сынып!

Автор

Енбек ет, балам, өмірге өзің келген сон,
Сол үшін Алла жаратқан жерге пендесін.
Бағала, сыйла, әділет тұт халқынды,
Елін де сенің құрмет тұтып сый етсін.

Біреулер жүр көтеріп құр кеудесін,
Етекте тұрып құздағы жұртқа «еу» десін.
Біле ме олар табылған дәнді терменен,
Адамның өзі өртенбей қолдан бермесін!

Еңбек ет, балам, әділет ұстар сен десін,
Өзгертер бәрін ақылмен өзің пендесін.
Өнерден қалма, өзгеге көніл бөлген сон,
Құт-береке орнасын жерге, елге сен!

Жеріңе жайсан тәкпесін кәрін, қарағым,
Бейбіт елдін кетірмей сөнін жарағын.
Батыс пен Шығыс құтырған «иттер» самғауда,
Ойланған дұрыс, ішінде қастың не барын.

Арманда, балам, киялын құрғак болмасын,
Әткелін ізде өмірін ұзак талмасын.

Жерге жан бер, үрпаққа нәр бер шаманша,
Көтер кеуденді ғасырың азбасын, тозбасын.

Шелектеп жинап, шұмекпен ішіп ырысты,
Шенгелден гүл, тастан құйғын құрышты.
Жерге дән сеуіп, жүректерге нұр беріп,
Өмірдің мөлдір тұнығын талға бір істі.

Көтере алмай өмірдің ауыр салмағын,
Тіршілік аз күндік, жоғалтып алма арманын.
Бабалар өткен біздерге тастап жер-жанын,
Ескер, балам, басқалар ортақ болмасын!
Отанды қорға!
Отаның, халқың, өз басың!!!

ШЫЛЫМ ШЕККЕНДЕРГЕ

Тұтіндепе ортаны,
Қарайтпашы өкпені.
Әзер демін алады,
Титығына жеткені.

Ауадағы оттегі,
Адамның ол бөлігі.
Бұл – белгілі ақиқат,
Тесе берме өкпені.

Қайда барсан қек тұтін,
Еңсені жайлап барады.
Уландырып қаланы,
Далаға да тарады.

Аузында бар темекі,
Жақтырмаймын жандарды.
Жылтылдаған қызыл шок,
Коркытады тұндегі.

Анаша тартып үйренген,
Болашакты күндеді.
Терең түсін болашак,
Тұбіне жетер темекі?!

Айналаға қарандар,
Андып өссін адамдар.
Өмірге күштар, ынтызар,
Өңкей сәби балалар.

Желкілдеген, о, жастар,
Темекі-арақ улантар.
Өздерінің, өзгенің,
Денсаулығын бұзбандар!

ТОЙ ТУРАЛЫ ОЙ

Сен жалғыз үймін деп қорықпа,
Жұрттан ұят — ардан қорық.
Ойға алған ісінді баста,
Ол аяқталмаса содан қорық!

Аман-есен елуге жетіпсің міні,
Жарылсын ақ түйенің қарыны.
Жокты тап деп ел саған айтпайды
Аяласан болғаны барды.

Тойдан тоятын кісі аз болады,
Қызығымен жүріп мәз болады.
Жаксы баскарылған той,
Жаксылыққа толады.

Асабан тілді болсын,
Бое сойлемей ақылға енді болсын.
Гауын айтып жүрекке жылы сөз,
Коніғашық, көкірек нұрлы болсын.

Тас тұсken, ақыл өнген жерге,
Күбісі тең болғанда піспегіне.
Айраны шашырамай майы тұнар,
Суменен айналдырып піскенінде.
Бәрінің ретін тап, ойлан іске?!

2002 жыл

САҚТАН БАЛАМ!

«Сактансаң, құдай сені сактар» деген,
Халқымда ежелден бар мақал терең.
Сактанып жүрген жақсы әр нәрседен,
Ұсынар алдыңнан сын өмір деген.

Ажалдан қалған сәті көп адамның,
Астында қалып сұмдық не жаланың.
Талайлар қиянатқа барады арланбай,
Былғау мен былық іске адал-арын.

Бәрінен таза болғын, жөн демекпін,
Өзіңнің арынменен еңбек еткін.
Сақ болғын, айналанда дүшпаның бар,
Жасауға даяр тұrap «кереметін»!

«Сактықта – корлық жоқ» қой білсең, ұлым!
Өмірден өкінбестен түсін сырын.
Адалдық барда жолың таза сенің,
Сезерсің бастан өтсе мәнін мұның.

Калма сен қатарынан басқалардың,
Тартынба, болса қыын жасқанбағын.
Шындықты табу үшін күреске тұс,
Ал онсыз тұрактамас басты арманың.

Қатарынан қалмау үшін тірлік ет,
Адамдарға жақсылық жасау бір міндегі.
Асыл арман тұрған кезде алдында,
Қандай адам киындықтан тұнілмек.

2005 жыл

22 НАУРЫЗ

Ақпан кетті ақ тонымен бел асып,
Наурыз келді жасыл желек жарасып.
Масайрайды күн көзіне шуактап,
Бар тіршілік, жан-жануар таласып.

Ата-бабам тойлап өткен Наурыз!
Сол тойлардан қасиетті қалды із.
Міне, бүгін үрпақтарың қуанып,
Ән шырқалды, би биленді, караңыз!

Бостандықты өлмей бермес бабамыз,
Сол арманды жалғастырды балаңыз.
Мына өмір қажымасын, талмасын,
Көк жалауды көкте ұстап қаламыз.

Шарыкташы, шаттана бер, Жастарым!
Бұлт торлаған ұмытылсын азабын.
Егеменді елім менің көркейіп,
Кен даламда алшан бассын Қазағым!

Төріміз кең, кішіпейілді халықпаз,
Ауыздығын колдан берер алып біз.
Неге кейде шашыраған жұлдыздай,
Тілгілейміз ет-жүрекке салып із?!


Кейде біздер жанып-өшіп қатамыз,
Ку тіршілік жетегінде кетіп біз.
Сөзін тындау, ата-баба жолдарын,
Кейінірек, кештеу ұғып жатамыз!

ДАЛАМ, КӨКЖИДЕМ!

Дала, дала, ұшан дала,
Селдір селеу, сұрғылт дала.
Киыршық құм, қызылт адыр,
Аны үзілмес, алтын дала.

Жайдак сулы, жайылма алқап,
Бала құрак, көкшіл ойпат.
Жасыл аңғар, макпал өнір,
Табиғатым, жаным жәннат...

...Сол даланың сызы емес пе,
Арқам менің алғаш тиген!
Сол даланың ұлы емес пе ем,
Жүрек сені алғаш сүйген!



Амал қанша,
Жанбай қойса бағы ұлдын.
Осыны айтып,
Қай күндері шағындым.
Елжірейді,
Ақку құстың жүрегі.
Сыңарынан
Айырылған жалғыздың.

Кыран қанат
Самғай ұшса сенімен
Өмірге інкәр
Жан жүрегім өзінмен.
Толғанамын,
Тебіренем бірақ та,
Өмір – өлең,
Болса әуен сендермен.

Таңғы шуақ тұндерден,
Мәуелі бақ гүлдерден,
Көнілің көктем ән-жырдан
Әмір, неткен көркем ен!

АРМАН ЕТКЕН ТӨҮЕЛСІЗДІККЕ 15 ЖЫЛ

Он бес жыл болды, Төуелсіздік келгелі,
Он бес жыл болды, бақыт құсы енгелі.
Бағалайық бостандықты ел болып,
Еліміздін өркендесін ертені.

Тілімде де болды енді бостандық,
Кезінде рас, бәрінен де жасқандық.
Казағымның ұмытылған сөздерін,
Ана тілде ардактаудан бастадық.

Жанды бүгін жанбай қалған шырағым,
Төкті жерге егемендік шуағым.
Дербес елмін «қазақ» деген қайсармын,
Алыс елдер табысыма тамсанды.

Төуелсіздік енді елімде мереке,
Төуелсіздік – құт, қазына, береке,
Жылдан-жылға гүлденсе деп тілеймін,
Көрсетумен елім нағыз мереке.

Егемендік келді міне еліме,
Бейбітшілік нұрын шашты жеріме.
Арман еткен Төуелсіздік мың жылғы,
Шықты міне байтақ казақ төріне.

Көріп тұрмын жұздерінді жайнаған,
Шырқалғанда өз тілімде әнұран...
Бабалардың арманы еді аңсаған,
Төуелсіздік берік болсын, Қазақстан!

16.12.2006 ж.

ЕЛУ ЖАС

Сыйлағанда 50 жас маған гүлін,
Жазған жырым – жан сырым, адалдығым.
Он жеті мен елудің арасында,
Өкінбестей тағдырға ойнап-күлдім.

Сандуғаштай бактағы сайрап едім,
Қас-қағымда өтерін жаксы білдім.
Жастығымда жақұттай жайнап тұрған,
Тұлпарымды жаратып айлап міндім.

Көрген қызық қарымын қайтара күн,
Кайтіп енді жасарып, жайқалармын.
Думаны мол, жыры мол отты жылдар,
Текке өтті деп мен қалай айта алармын.

Ашылды да қауызым ерте менің,
Өміріме сән беріп еркеледім.
Асыр салған айдында «аққұымдай»
Шіркін, жастық, не деген көркем едің?!

Бал сезімнің бағына еніп мен де,
Сал-серілік құрғаным өлі есімде.
Болмасынды тындағы болдырам деп,
Шарап ішіп шалқыдым жас кезімде.

Сөule жарық тұрғанда өз басымда,
Ешкімге де есемді жібермедім.
Сүрінсем де қеудемді биік ұстап,
Ешқашан да енсемді түсірмедім.

Бастан қыуп жын-шайтан елестерін,
«Бакыт деген – байлық та емес» – дедім.

Дала өнін тындадым, сұнкар үнін,
Сұрағы көп өмірім емес пе едің?!


Көрген өмір қызығы бар осында,
Тоңасың ба, от болып жанасың ба?
Мен сынығы асылдың тасқа қайра,
Тот баспайтын қасиет бар асылда.

Бас қосайық бірігіп кел, ағайын,
Шалқытайық той жасап думандайын,
Жасарады ер жігіт елу жаста,
Шарыктатып көтерсе көніл-күйін.

Адалдығым, ағайын, туған елім,
Өзімді-өзім жоғалтпаған екенмін.
Елу жасқа келген тойым, мінекей
Мен бұған да шүкіршілік етемін.

Дәм-тұзымды тарту етем алдына,
Төрім дайын, қонағым бол, ағайын!
Отыз жыл отау тіккен, дастарқанға
Галинадай шашу шашар келінің!

2002 жыл



Ұзак жолға жете ме менің күшім?
Бойымдағы қайратты жиып көрсем.
Жайбарақат бостығым керек емес,
Халқым үшін, дос үшін, туыс үшін.

О, ақын, оқшау тұрмай сілкін енді,
Боз қырау шашың түгіл, мұртыңа енді.
Егеменді ел болып аттағанда,
Босағадан шакпасын шаян сені.

Кара құрт па, қаптаған құрт-құмырсқа?
Улы жылан, қарандар, тұр бұрышта.
Ел ішінен құрылып жаңа кірме,
«У» таратып жүрмесін бір іргеде?!

Қүйінесің, кімге айтасың қүйінді,
Тәнір бізді тәлкек еткен тәрізді.
Ұрпағымыз өтей алмай жүрмесін,
Біздер алған онды-солды қарызды?!

Басымыздан қандай шактар өтсе де,
Байлығымыз қандай сактар көп те еді.
Халық үшін қолдың ұшын бермеген,
Кара басын ойлағандар көп пе еді?!

Әрбір жылдың салмағы бар өлшемді,
Тек Алладан арашаны күтеді.
Білімі аз, жұмысы жоқ ауылда,
Болашағы жастарымның не болды?!

Елі үшін жоқ қой қазір жан берер,
Аз бүгінде жері үшін тоңған ер.
Жыртық көніл жабырқаған көшеде де,
Алып-сатар саудагерлер, баскесер?!

О, ақын, сілкініс керек шабыстан,
Жер жүзінде қантамырдай шатыскан.
Несие алдық, не жақсылық, АҚШ-тан?
Көсегені көгерте ме кім білсін,
Алған қарыз Шығыс пенен Батыстан.
(Көгертпес бізді өзгенін саны сатыскан).

Халық үшін жазылады жырымыз,
Туған жерге қарыздармыз бәріміз.

Барымызды шашып-сатып жат жүртқа,
Қолдағыны ұксата алмай жатырмыз?!

Тонасак та уақытты, тоналтсак та,
Сенім арт ақыл менен парасатқа.
Екі өкпені қолға алып жүгіріп біз
Құпиясын біле алмаған нарыкта?!

Көгертпес бізді өзгенің сыйы да,
Әлемде ел көп бөтен пиғылда.
Еніреп туған ел үшін, қазақ үшін,
Саралы ой, сабырлы ақыл, қимылда?!

Кайтесің, қисық-қыныр, қате ойланып,
Жүрмесін туған елің саған налып.
Шарапқа шиедей толып тұрган түрлі,
Өтсенші дүкендерді, өт айналып?!

Жұтқызыба ашы дертті бойға алдырып,
Тұрасын сен де ертең бас айналып,
Өмірдің қоқыр-соқыр жиынында,
Өртенген жан, сана-ой бекер қалып.

2001 ж.

АЗҒЫНДАҒАН ДОС ҚАЙГЫ

Азған досың жауындан да катерлі,
Себебі ол, сырдың бәрін біледі.

Автор

Сонау откен өмір жолы өзге еді,
Сол кездерде бакытты едік біз, тегі.
Ойламадық, өмір жайлы өзгеріс,
Сатқындықты салады кім тезге енді.

Кош бол, достым, сау болғайсың енді сен,
Сүюші едік, бір еді ғой жанымыз.
Тағдыр жазған бітті уақыт өлшеуі,
Кездессек те табыспаймыз енді біз.

Кош бол, достым, келе алмадық бірлікке,
Қайғырамын қапа болып тірлікте.
Таңсық емес өлім менен өмірің,
Калай сұрдің сол өмірді білдің бе?

Кош бол, достым, тар жолдардан бірге өткен,
Талай мұнды, шежірелі шерді жыр еткен.
Қалың орман мына дала қараши,
Сызға сінді достық із жок, біз бөтен.

Көп ойландым, осы жолды жазуға,
Душар еттің, достыққа ор қаздың да.
Дос көнілі бір ататын насыбай,
Неге саттың достықты сен досым-ай?!

Достықты сен айырбастап алтынға,
Ақын жүрек болды міне қапалы.
Жиіркеніштен жан күйзелді сатқанға,
Кош бол енді, дос деп айту жат мұнды.

Кош бол, достым, байлық мәңгі тұрмайды,
Армандаған асқақ ойлар болмайды.
Кімдер сені душар етті, білмеймін?
Сенің жаның түсінбеген бұл жайды.

Кош бол енді арамызы су шайды,
Каранғы тұн, жолықтырmas бұл қайғы.
Азғынданып осы жолды тандаған,
Өзге емес, өзің болдың, біл жайды.

Ажыратпау мыс пен қола, алтынды,
Достық деген алтыннан да артық-ты.
Азғындығың, арамдығың, сол қайғы,
Отаным да сүйе бермес мұндайды!!!

ТЫНДАШЫ МЕҢІ

Түсіне бермессіздер Ізкен жанын,
Ұғына алмассыздар халқым бәрін.
Әр жүрек әр тарапқа сүйрелейді,
Менде де жүрегі бар ақындардың.

Шаттығымнан болса да басым қайғым,
Өзімше мына өмірге ғашықтаймын.
Өмір өзі көрсетер алдағыны,
Бітуіне тағдырын асықпаймын.

СОЛ БІР КЕЗ

Дала кезген, кала кезген өтті кез,
Соның бәрі сияқты енді жат мінез.
Кайран менін шалқактаған жастығым,
Асын-тасып шалқар сезім отты кез.

Сиректеген сезем жүрек дүбірін,
Бұрынғыдай жарқылдамайды көнілім.
Адам мәнгі өмір сүріп көрген бе?
Күз жапырақ көрдім тағы дірлін.

Канғыбас бол жер кезуден токтағам,
Бұқіл қызық көрген түстей бол тәмәм.
Сарғаюлын сары алтыны осы ма?
Енілі қайтып жігіт болу жок маған.

Гүлдеп барып өту үшін келгенмін,
Гүл шашуға мұрсат берші, өмірім.
(Қан тасыған, жүрек қыскан кезінде,
Ойланамын қыска ма деп ғұмырым).



Бара алмадым, бағына қона алмадым,
Шығарып та өзінді сала алмадым.
Тағдыр қоспай көнілдің қос тілегін,
Жалтаң қағып сен жаққа аланадым.

Қатал тағдыр өзіндік уақытымен,
Болмайды өмір мәңгілік сеніменен.
Бір күн тонып қаламыз қара жерде,
Он екі қар ақ мата бөзіменен.

Мен саған бара алмадым кезіменен,
Өтті уақыт қинайды мезгілімен.
Саған деген көнілім ала құйын,
Сүйдім сені мезгілсіз кезімде мен.

Жас та жатыр елуді алып-құшып,
Жүрегімді барады кеudem қысып.
Бірак менің білгенім өзім үшін,
«Махаббатты» болмайды кесіп-пішіп.

Кайран көніл, бір сен деп болдым асық,
Қалам кейде сүрініп асып-тасып.
Сен шошыма, шыным осы саған деген,
Кеudem толы от-жалын, болдым ғашық!

БАЛАГА

Бала есейді қолғанат,
Санаңыз болса, болдың дат.
Өз қолыңды өзін кесе алмай,
Боларсың туғанға тіпті жат.

Саналы балаң болғаны,
Туғанға туыс қолғанат.
Қайырымы тиген құдайдың,
Береке көніл, рахат.

ЗАМАН-АЙ...

Бұл заманда жағымпаздық басты өнер,
Шындық деген бола алмайды тас кемер.
Казіргі бак қайсар руһ елде емес,
Арын сатқан жағымпазды ескерер.
Соны ойласам, екі көзге жас келер.
Кеудесінде жалғандықтың дәмі бар,
Қажет болса мұз үстінде қызынар.
Калта толы «Доллар» деген аты бар,
(Оларды ертең адалдықтың асы ұрап)
Нокта салып, бөгет етіп қоймасақ,
Халқымыздың мұлдем көнілі басылар.

Аттағанша жалғандықпен ашыла,
Ол сен артық ар-намыстың касында.
Биңк басы, атта отырған ағайын,
Өмірге жалын боп келген соң,
Жалын боп өмірден өтейік.

Тіршілік барда мен біргемін,
Кан менен жанымыз бөлінбес.
Жоқсың сен – сонда да біргемін,
Махаббат, өлмес те женілмес.

Есінде сактарсың қашан да,
Өзінді ұмытпан сүйгенім.
Сактадым мәңгілік жүректе,
Мәңгілік көңілге түйгенім.

Тағдырдың мұнынан айықпас,
Түнекте қалған соң не дейін?!
Каранғы да қарыған аязда
Жабусыз қалсам мен қайтейін?!

— Мұздаған дененді жылытуға,
Тамырыңа қанымды құяр ем.
Табыссам қайтадан өзінмен,
Түнекті қолыммен жояр ем.

Айырылу соны кездесу,
Кешірші менің сүйгенім.
Санадан тыс өткен күндерде,
Өзімді өзіне сүйредім.

— Хабарсыз жоғалсам мен егер,
Дүниенің жарығы аз болғаны.
Жанымның тұманда қалғаны,
Тәнімнің тозғаны, тозғаны.

Сонда сен қасымнан табылып,
Жаныма нәр берсен болғаны!
Тебіреніп, тенселіп жасыды ол!

Айырмасын күдай адал жарынан,
Егіздей өрілген қанынмен, жанынмен...
Аз күнге кетсөн де жол жүріп,
Сағына, сарғая күтейік!

2005 ж.

СОЛ СОҒЫСТЫ БАЯНДАР ҚАРИЯЛАР

Баллада

Соғыс ардагерлері, сіздерге бас
иे отырып, осы аз ғана жүректен
жарып шыққан шумактарды
өздеріңізге арнаймын.

Автор

Соғыстың да басы бар, аяғы бар,
Еске түсті: «Ұлы өзен, баяғы жар»
Село біткен таланған, жер жетімек,
Сол соғысты баяндар қариялар.

Ұй түбінде шал ұқсыны қашқан,
Бала жатыр, бесігі оны баскан.
А зап соры калды ма ол кешпеген?
Тірі ұялтты, корлады, үсірді аштан.

Сүргін-қырғын өмірде өтті жылы,
Сүр шенелді кан басып, оқ шайнады.
Кеудемізде жанымыз жаурап талай,
Сары аяла жүректі өрт жайлады.

Ұлы майдан манайы астан-кестен,
Жерде естен айырылған, аспан да естен.

Айқай-шу, тұтін-тұман, зулаған оқ,
Бір ғасырдай – әр минут бастан кешкен.

Тұрдық жаудың тұқыртып жолын бөгеп,
Сын сағатта, Отан үшін жолында өлмек.
Ала алмады оны ешкім тәсілменен,
Ала алмайды жайменен, жасынменен.
Кайран Отаның қайсар осы ұлдары,
Жауға қарсы қарсыласқан ақылменен.

Әлексешіл жауыздың өкілдері,
Әнменімнен өтіп барад өкіргені.
Тарпақ танк андыздал келеді алдан,
Тіршіліктің шырағын өшіргелі.

Тас-түйін оның қабағы қатуланып,
Танкист отыр ашудан басы уланып.
Жалды дөңес окопты көріп алдан,
Октайланды кідірмей жаншуға анық.

Бір тоғысып ақылың, ерлік-айлан,
Бауламасаң табарсың ерді қайдан?
Гұрс етті ең алғашқы гранаттар,
Екі жағы тең емес канды майдан.

Туған өнір, өскен жер, қаралы елді,
Қырғын майдан бір сөтке дала сенді.
Өздері де қақырап, божырап бара жатыр,
Қарқыны зор, қайтарып қара селді...

Күшайді дауыл, тілек сол – басу берме,
Қаһарлы қанды кек жүректі ашу керне?!

Қызыл өртте соғыстың қалды орны,
Женімпаздар женіс дабылын үрған жерде.

Енді, міні, көріп тұрмын жеңісті,
Ер көңілі һақ шындықпен келісті.
Әр жаңарда жанады екен жұлдыздар,
Әр қадамнан кеңейеді екен жер үсті!

Жер теңселген осынау тегеуріннен,
Құдіретін ерліктің демей білген.
Жалынды жырым әлсіздеу – бос ырғағы,
Жеткізе алмас ұлы бұл оқиғаны.
Алайда:
Ерлік жайлы сан үрпак оқиды әлі.

03.02.2005 ж.

ЕЛІМДІ КЕЗІП КЕЛЕМІН

Поэма

I

Менің де бар теренім,
Тұйыққа ой сап келемін.
Құлак салып тыңдасан,
Аныздал айтып беремін.

Елімді кезіп келемін,
Кен байтак жасыл беленің.
Ешкім де бөгет болмайды,
Токтаусыз тасы өлеңім.

Елімді кезіп келемін,
Жайқалған астық, жер өнім.

Арнадан асып өзендер,
Тұнық тұпсіз тереңін.

Колында ақ таяғы,
Көне өзендер баяғы.
Бүкірейген белі еңкейіп,
Көсілмей қалған аяғы.
Қарияға кезіктім,
Кеудемді тұрды езіп мұн.
Ауыр күндердің белгісі,
Екенін мен де тез ұқтым.

Токсанға келген шағында,
Толқыды көнілі тағы да.
Ресейлік Иван досының,
Іздеп бармақ басына.

Соғыстың отты жылдары,
Айтылған бірге сырлары.
Окопта бірге жатыпты,
Соғыстың түйреп ызғары.

Жалғыз пулемет ортада,
Батыр жүрек корқа ма?
Бірігіп жауға оқатты,
Қаһарлы тұндер қантарда.

Жолында жауды қырғандар,
Дұшпанды басқа ұрғандар.
Достықтың берік символын,
Ерлікпен елге жырландар.

Тірлікте кешкен ыстық от,
Өлгенше сөнбес өмірде.
Бәрі де көз алдында,
Мәңгілік қалды жүректе.

Жеңбекке жауды асықты,
Бойдағы жігерді тасытты.
Қаһарлы сол бір соғыста,
Жаулардың мысын басыпты.

Дүние түгел тартыскан,
Бомбалар жарды әр тұстан.
Аждаһадай атылған,
Ажалмен ашық шарпысқан.

Сол соғыстың үстінде,
Ғасырдың желі жылаған.
«Отаным»-демей сол кезде,
Қалмаған, айтсақ бір адам.

П

Шайқаста көзін ілмеген,
Жауларын тұріп іргеден.
Атақ, мансап, құмарлық,
Тұстеріне де кірмеген.

Жігерленіп коймаған,
Тыныштықты ойлаған.
Бейбіт болсын болашақ –
леп каруды сайлаған.

Өзен-су, тау мен тастарын,
Корғады жаудан қасқайып.
Корғады сүйген ел-жұртты,
Кірлетпей ашық аспанын.

Соғыста аян баршаға,
Құнлері өтті қаншама.
Женісті женіп әкелді,
Жау ксеремет болса да.

Содан бері алпыс жыл,
Бастарынан өтіпті.
Отыздағы жігіттер,
Токсанға да жетіпті.

Токсан жасы бар бойында,
Алпыс жылдық женіс тойында,
Сол Иванға барыпты,
Бірге тойлау ойында.

Соғыстың салған жарасын,
Көзінмен көрсөн нанасын.
Бұзылмасын тыныштық,
Құшактап адамзат баласын.

— Жүзіне мәнмен карадым,
Болашакқа оймен карағын.
Батыр болсан ел үшін,
Ұлдарым менің, жарадың.

Келмесін қайтіп сол соғыс,
Болмасын қырғын, қан төгіс.
Үзілмей бейбіт тіршілік,
Берекелі бітсін қаншама іс.

Аман бол, ұрпак, аман бол!
Тыныш болсын заман сол.
Ұрпак өссін көркейіп,
Казакта болсын адам мол!

Кариялар жүрсін жүгіріп,
Немерелері еріп тізіліп.
Орнатқан біздер бейбіт күн,
Кетпесін халқым үзіліп!!!

ҚАСАРЫССА ТОҚ ТАҒДЫР

Толғау

Қасарысса ток тағдыр,
Адамның қолын шегерер.
Жәрдем болса Алладан,
Шешпегені шешілер!

Автор

Қандай болды ғасырым!!!
Заманым солай болған соң.
Тайғақ болды табаным,
Құдайдан жәрдем болмаса,
Төзуге жок-ты амалым.

Заманым түгіл, ел азды,
Ел ішінде ер азды.
Балығы кетіп көл азды,
Оты кетіп жер азды.
Жаңбыры болмай шөл азды,
Ауылдан көшіп ағайын,
Шаңырағы қоса азды.
«Коммерсант»-болам деп,
Қаладан бақыт табам деп,
Арандатып жол азды.

Қыз болғанда не пайда?!
Болмады сабыр-салмағы.
Қызды көркем көрсетер,
Мінезі де қалмады.
Ада болып қылыштан,
Шайтан қуған жандары.
Ананың сөзін тыңдамай,
Ақылы қыздың ауғаны

Ақыр заман белгісі,
Арын сатып жалданды.

Балаң әдеп үйренбей,
Тілін алмай ұлкеннің,
Өзі білгіш болам деп,
Ер намысын былғаған.
Ата-анасын сыйламай,
Жастығы жеңіл мінезін,
Өз бетінше жинаған.
Қайырсыз дәулет сол болар,
Өзін-өзі қинаған.

Сыйламасаң ананды,
Ақырда басың қор болар.
Әке ақылы қонбаған,
Көнілі жалаң тар болар.
Халқым сөзге нанбаса,
Қанағатың болмаса,
Өзінді-өзің алдама!
Жапалақ қонған бақшаға,
Бұлбұл сайрап тұра ма?!

1994 жыл

ӨЗІМЕ

Tolgay

Сыйластық береке-бірліктे,
Татулық қымбат ойласан.
Кішілікке бейім боп,
Тәкаппарлық қумасан.
Қайырын сұрап өр істің,
Қисық кетпе, теріс жол.
Қанағат пен шүкір ет,
Боламын деме аскан зор.

Мәңгіге қалар бір жан жок,
Өмірдің жолы баянсыз.
Қалам ұшта, өлең жаз,
Мәңгі өлмейтін арттагы із.

I

Жай адаммын, қазақпын,
Ауылым өлеңнен алыс.
Бірақ мендегі жүрек,
Өленге құштар, қалмады қалыс.
Теренге бойлап, тебірене алсам,
Сезімге бойлап сендіре алсам,
Жазықсыз жанның жылағанына
Көнілін аулап, жұбата алсам.
Сөз тізбегін сонардан тауып,
Соқпаққа жана жол салсам.
Шөлдегенді өлеңмен суғарып,
Өмірдің рахатына қансам!
Жазғаным жанын идірсе,
Бар адам басын қосса.
Үрза боп ақ көнілім,
Мен сонда айтар едім,
Тағдырды жетеледім.
Жанымды мекен еттін.
Өмірге ырза болып,
Бұл дүниеден өтер едім!!!

II

Абысын тату, көніл ақ,
Ағайынға не жетсін!
Бауырың, іні, қарындаст,
Ағалағанға не жетсін!
Құдандалы жекжатпен,
Сыйласқанға не жетсін!

Дос-жолдаспен қауышып,
Сырлассанға не жетсін!
Сүйкімді өз қылығы,
Ұл-қызыңа не жетсін!
Айналып, толғанып,
Ашуынды басатын,
Немереге не жетсін!

III

Сөзге құлак салмаған,
Кісіде қасиет болмайды.
Жаратып салған жүйрігін,
Бәйгеден озып келмесе,
Жігерінді құм қылған,
Онан да береке болмайды.
Дәулет біткен мастанса,
Көрінгенмен қас болса,
Жігітте қасиет болмайды.

2007 жыл

ЖЕР САТУ

Tolgay

Баба-аруақ даналар,
Кайда дерсің көз жасы?
Жатыр мынау көк белде,
Не тіледі өз басына.
Бакыт тілеп кетті елге!

Іске асты ма тілегі?..
Орындалды тегінде.
Кайда дер ең жүрегі,
Ата-баба жерінде.

Егеменді ел болды,
Көк байрағы желбіреп,
Ұлы далам менің де!

Кеше:

Отіп жатты алтын уақыт,
Откені де байқалмай.
Елім менің жапа шекті,
Ашық оны айта алмай.

Себебі ме,
Себеп сол,
Өздеріне сендей деп.
Бодан болып орыстарға,
Көресіні көрдік көп.
Қазак дейтін аңғал елді,
Жаны да пәк күнәдан,
Аң көргендей көзбен атты,
Мергендігін сынаған.

Бұғін:

Неге кеткен бұрындар,
Қайда есеміз?
Күн бар ма екен көгерер,
Көсегеміз.
Құдай колдап,
Тәуелсіз ел атандық.
Еңсе түзеп өркендең,
Енді өсеміз.
Бұғінде женісін көрудеміз,
Егемендік жемісін терудеміз,
Адамдардың жүзінен
Алаулап күн көрінсе!..

Ауызбірлік, адалдық,
Бірге жүрсе...

Бір дөннен мың дән болып
Көгереміз!

Ер тен:

Қазақ деген елімнің,
Соры қалың болып тұр.
Шұрайлысы жерімнің,
Шет елдікке қалып құр.

Ата-баба қан төккен,
Сүйретіп қылыш-найзасын.
Елін-жерін сақтауға,
Жасады барлық айласын.

Қан жұтысып майданда,
Тайғақ кешкен тар заман.
Қанға бояп жүрегін,
Кеше өткен «актабан».

Болмасын ертең қайғы-мұн,
Асан қайғы, шұбырын.
Бәрі болды не үшін,
Ойлан халқым енді шын,
Жер сатуға қарсымын?!

2005 жыл

ЖАСТЫҚ ШАҚПЕН ҚОШТАСУ

Элегия

I

Лапылдаған жастық шақ,
Қайта оралмас өткен сон.
Колға ұстаған қызғалдақ,
Сәні болмас солған сон.

Болды сайран, өтті күн,
Денгейінен асқан соң,
Қол сілтеп, қош айтыстым,
Жастық уақыт өткен соң.

II

Кай жерлерде, қайда солмақ,
Құлпырған жас қызғалдак?
Көлеңкедей жалт берген соң,
Келмес қайтып жастық шақ.
Жастық дүние қызығында,
Күндерді еске ал, асылы
Гүл жамылған жаз айында,
Қол үстасқан ғашығы.
Сол бір күнді, жастық шақты,
Әркім дағы сағынар.
Жастық бітсе, қайтып келмес,
Арманда болмай не қылар.
Қош айтысты жастық бізбен,
Жылжып міне жылдар өтті.
Жылмен бірге мен қол бердім,
Қош айтысар күн де жетті.

ҚОҒАМДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Қоғам да, адам да өзгерді,
Өзгергенін көз көрді.
Білім беру Министрлігі,
Оку жылын он екі жылға
Өзгертуді көздеді.

Сонда калай?
Балабакша сияқты

Алты жастан бастап,
Мектепке барады.
Үш тілді бірдей
Бірінші сыныптан
Игеруге итерді.

Бес жұз жетпіс екі,
Сөздіктің орнына
Бір жылда, яғни,
Мың жеті жұз он алты,
сөздік үйренуге болады.
Ия, солай
Басқа сыймайтын
Көзсіздік болады.

Қоғам Министрлігінде:
Бұрынғы балабақшалар сатылды ма?
— Сатылды.
— Ия, солай.
Бірі бассейн, бірі сауна,
Кейбіреуі жын ойнак
Масқара!

Адамдық, адалдық халыққа
Кайда бұл?
Ойына келгенді өзгертер,
Майдан бұл.
Момақан халықтын еңбегін,
Елемес қайкан бұл,
Өтуде күндер, не олай, не бұлай,
Сойқан бұл.

Бұл заман біздерге кез келді,
Суатта шошынған құландар.
Лағып бет алды кезгенді,
Корланған шындықты сезген-ді.

Көресің жастарды көшеде,
Жұмыс жоқ, окусыз безген-ді.
Себебі: жоғарғы оқу орны да
Жеке меншікке айналып,
Білім емес, акшада көздері.
Шет елден үйреніп жебірлік,
Халықтың кетті ме бірлігі?

Құнарлы жерлерін сатқаны,
Камшысы жотасына батқаны.
Не бол барады бұл заман?
Ауырды басым, ағарды шашым,
Осы ойдан!

II

Өз сезіміне ие бойламаған,
Өзін-өзі ойламаған.
Болашаққа мән бермей,
Жетпес ешкім бақытқа.

Сен бақытқа жетем десен,
Арынмен, жаныңмен адап бол.
Мәлдірлік, тазалық теренде,
Терендік махаббат емес пе?

Бақытта содан басталар,
Жаксылық ойла, бақ ойла.
Осы ойдан құрылған
Біздін өмір шарайна.



Тұсінсен, осы қарағым,
Тұсінбесен, бар әйда!

11.12.1998 ж.

АУРУХАНАДА

Элегия

I

Күн кешемін кей кезде ойға қалып,
Қалғандаймын бір сәтке бас айналып.
Жақсылығын кеудеме сініремін,
Жамандығын өмірдің тосып алып.

Ғұмыр келте, дүние шолак екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Тіршілігін ойласам, мына өмірдің,
Ғұмыр жетпес арман бол қалады екен.

Қайырылмасты өмірің өткен кезде,
Бок дүние керексіз болады екен.
Жан ауырса, жаныңыз жарым болса,
Мына өмірің мезгілсіз солады екен.

Мына басым барады сан бөлініп,
Жүргімде тулады қан желігіп,
Дүниеден өтердей жайбаракат,
Бәрі қалқып барады сағым болып.

Сорлы дене қалтырап, дір-дір етіп,
Суық аяз күйдірген оттай қарып.
Әлсіз жүрек әл жиып алатындай,
Ара күдік лұп етеді тоқтай қалып.

Ерік бермей дүние талпыныска,
Үзілердегі өмірім байқаусызыда.
Сағым болып барады, жалын шарпып,
Кол создым, дәрігер-ау, шаман бар ма?!

Сана-сезім арыдан тұрткілейді,
Өмір менен өлімнің арасында.

Бұл ауру сарғайтып баса алмайды,
Үмітім бар өмірден нанасын ба?!

Нанасын ба, өмірім, жанасын ба?
Өмір өтпес екі тас арасында.
Хал сұрауға ағайын жарамады,
Кабағымнан қара тер тамшылауда.

Сезім іздең, туғанын сан сұрауда,
Жауабын қайтара алмай қарсы дауға.
Бұл өмір біреуге жаймашуак,
Ал біреуді салдыртып қамшылауда.

Өмір деген осынау майданында,
Қан қысымы жүректің айналуда.
Сындырмаймын сағымды, сарғайсам да,
Арым таза, өмірде жаным таза.

II

Көнілім бір түрлі, ойдамын,
Осы мен қайдамын, қайдамын.
Бас ауырды, жүрек қакты, қан тасып.
Неліктен осы жерге байланым?

Дәрігер, тындашы кеудемді,
Өмірім толқынға айналды.
Ауруды түсінер өздерің,
Сондықтан осында байланым.

III

Жаркыраған өмірім,
Жанбай бүгін батқандай.
Ауырған жаным кинады-ай,
Дәрігерім, тындашы,
Мына жүрек не айтқандай?

Шомылыш сәуле, нұр төгіп көкте,
Жалғансын арман-арманға.
Тілекtes болып өмірге мына,
Жадыра көнілім жалғанда.
Ауырма, жаным, ауырма!!!

12.12.2002 ж.

ҚАРАҒЫМ, ҚАЛҚАМ

Баллада

I

Жүректегі еркім қайда,
Карындас, сен алдың ба?
Көнілде бар аландау,
Болды ғой менде пайда.

Конған мына ауруға,
Айтсаншы, емің бар ма?
Әркімге лайықты,
Өзіндік теңі бар да.

Жүректе махаббат па?
Кескілеп мазалауда.
Айтамын онын несін,
Карағым, өзің ойла.

II

Белін нәзік шыбық талдай,
Қасың қиғаш, тілің балдай.
Колан шашың жарасады,
Кос жанарың тұнық қандай?

Алма мойын, жазық мандай,
Сені көріп тағат таппай.

Сипатына шыдай алмай,
Жыр төккізген жүрегімнен,
Қарағым-ай!

III

Емін тап, мен ауырдым бір сен үшін,
Бал тамған ерініңен сұю үшін.
Қапа болып өліп кетсем, кінәлісің,
Тұн үйқымды төрт бөлдім ғашық үшін.

Кол жеткіз арманыма атқан таңдай,
Мінезің бар алтынның салмағындай.
Кеудендегі қос алмаң піскен екен,
Құшағыма алайын шошындырмай.

Ер жігіт бақыт таппас еңбек етпей,
Жетпейді арманына бейнет шекпей.
Мен тарттым шын көнілмен жан азабын,
Қарағым, саған ғана қолым жетпей.

Осылай сағынта ма сайранды өмір,
Жетімдей жаутаң қағып өтер көніл.
Сенсіз жерде қайғы-мұн баса берер,
Енді қалған көнілімді өзің көтер?!

1991 жыл

АСЫЛЫМ, АЙНАМ!

Баллада

Дарқан тағдыр, Айнам саған,
Жолыктырды мені кайдан?
Өмірімнің нұрлы көктемі,
Боп кірдің бе, Айнам!
Токтата алмай көнілімді,
Жүрегімде басталды ғой бір майдан!

Жанарында тұр ма тағдырым,
Жүргімнің бар нұрын.
Сыйладым мен де саған!
Толғантқан ой көп менде,
Көрсетпей маған жасынды,
Төгесің сен кейде.

Шыдамды саған тәнірім,
Сыйлады мол қылып.
Көрмедің әсте сенімнің,
Отын ешбір сөндіріп.
Лапылдал жанған өсекке,
Қарамай оттай жанасын.
Арынды асау жүректің,
Тізгінің ізден тартпадын.
Құштарлық отың өршіді,
Берген серттен қайтпадын.
Мен десе жаның кең,
Көнілің терең де.
Жанады от кеуден,
Берілдің барлық жаныңмен.
Құлпырған жұқат нұрыңмен,
Сондықтан сені сүйем мен!

Кім айтар, кәні, бекер деп,
Жүрдің сен күнде жол құтіп.
Мен келіп қалар ма екен деп,
Жанынды мұнға жібітіп.
Жыладың ағыл-тегіл боп,
Келгенде бәрін ұмытып.
Аспандай тұнық көгілдір,
Судай ак таза, мөп-мөлдір,
Құштарлық отын өшірмей,
Мойныма менің асылдың.
Жүрекпен-жүрек түйісіп,
Ұмыттың бәрін асылым.



Махаббаттың тереңі осы болар,
Алпыс екі тамырдың бәрі соғар!

1999 жыл

ҚҮНДЕРІМ

Баллада

Күндерім, жарқын күндерім,
Жадырай жүріп күлгенім.
Жасымай жүріп тұрлерім,
Жасырмай жүрген міндерім,
Масайрай өркез күлгенім,
Осы ортадан нәр алып,
Ортанда жүріп гүлдедім.

Теренге баткан кезімде,
Гүл аткан шақта сезгенім,
Тенізге мені тастамай,
Алып шықкан өздерін.

Аялаған сөздерің,
Жаутаңдаған көздерің,
Бәрінді де сағындым,
Бірін де менен безбедін.

Күшак жайып қарсы алған,
Кеудемдегі жалынды,
От кылып саған бергенім.
Соным шығар әлі де,
Алансыз бейқам жүргенім.

Күндерім, менің күндерім,
Бүгінисен жақсы ертеңім.

Ертеңім естен кетпегін,
Откенін ұқпас азамат,
Откелін таппас өмірдің.

Сағынтықан менің күндерім,
Махаббат тапқан түндерім.
Күнім мен түнім алмасты,
Өзіңмен өмір сүргенім.
Токтама менің түндерім,
Таусылма менің күндерім.
Өзіңе басты игенім,
Өзінді өмір сүйгенім,
Күндерім, менің күндерім!

14.11.1998 ж.

ХАЛЫҚТЫҚ ӘУЕНМЕН

Tolgau

Айтайын мен бір сөзді мағыналап,
Құлақ сал, жасөспірім, жана талап.
Жаныма шарапаты тиे ме дең,
Жүремін жаксыларды жанамалап.

Күн батпайын десе де түн коймайды,
Қара жартас басында бұлт ойнайды.
Жаманға жайды білмес бір сөз айтсан,
Басынды шатастырып еш коймайлыш.

Өмірде көргенім бар әбігерді,
Адамның жолықтырдым бәлігін ле.
Жақсыға жан косканда арман бар ма?
Жамандар қайдан жетсін қадіріне.

Бел десен де тау деме аласаны,
Аласаның басынан мал асады.
Сөзі ерсі жаманның, өзі де ерсі,
Ойнап-құлсен жақсымен жарасады.

Өмір тәлкек, өмірдің таны атады,
Айқайласам ақ киік тау асады.
Жамандарға кез болсан дауласады,
Жақсылармен өзілің жарасады.

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім Іле суын ылай ма деп.
Жаманнан жарты сабак жіп алмадым,
Корқамын ердің құнын сұрай ма деп.

Адамның сырын білмей болма жолдас,
Жаманның құні құрсын ісі онбас.
Әлінше айналаңа қолынды бер,
Ағашқа саясы жоқ құс та қонбас.

Мінгеннен жаман ерге, жайдак жақсы,
Алғанша жаман өйел, бойдақ жақсы.
Өкінішпен өзекті өртегенше,
Әр істі бастар алдың ойлан жақсы.

Жүреді жақсы адам өз жайынша,
Талшық қып адал дәмін таңдайына.
Кетпенді мұқатпак боп, басын бассан,
Тиеді сабы келіп мандайына.



Мен айттым жақсы-жаман арасынан,
Өмірдің өзі берген бағасынан.
Кей кезде алдың түйік жар болады,
Мың қарап, бір шоқырсың жағасынан.

БІР КҮН

Элегия

I

Терендең қара бір күнге,
 Терезен бүтін кезінде.
 Берілген болса өмірден,
 Осы бір күннің өзі де.

Жатар сонда шындық та,
 Сарқылмайтын санада.
 Сол күнгі дариядан,
 Толқынында тарық па?
 Жұзіп өт, жалықпа,
 Тартынба, тартынба!

Кешкі күн уақытта,
 Дін аман саулықта.
 Түн деген түстей ғой,
 Даңылдаң салқында.
 Ойламай ештеме,
 Тарылмай тыныста.

II

Бір күнмен өмір сүргенім,
 Бір күнді ойлан күлгендім.
 Бір күннің салған салмағын,
 Бір ғасырға тенедім.

Бір күннің арты жалғасын,
 Мын күндік тағдыр болғасын.
 Мын күндік тағдыр жалнасан,
 Өшнестей мөнін қалнайсан.

Арманға қиял ілесіп,
Өзінді өзің алдайсын.
Артыма ұрпақ ілескен,
Өмірді, сендер жалғайсын.

Бір күннен бәрі басталып,
Бір күні бәрі қалады,
Ғасырлық деген өмірім,
Қас қағым сөттей болады.

Тереңнен тартып ізгілік,
Тереңнен ұғым алғайсын.
Қимағанменен өмірді,
Жазғанға қарсы тұрмайсын.

АҚ СЕЗІМ

Толғау

Біреуге биік, биік те
Панаңдар да ығы бар.
Әлдебір анық кен дала
Азынаңан желі бар.
Кейде боран бұркасын,
Қысы барда, жазы бар.
Жаным менің ак сезім,
Ақ сезімнің жыры бар.
Дүрсін ұксап жүректін,
Антылар саған сырғы бар.
Жыртарым менің шуакы
Келте озін жынтал.

Сенімнің ішің ак танын
Жүректен сырлар актарым
Гоziммен орн ташынын
Мон-моғир таза ташынын

Артында ізін қалдырған
Тұяғы мың асылдың.
Сынса да сыны кетпейтін
Сом кесектей жасынмын.
Айтшы жырдың дауылын
Мұқағалидың асуын.
Сермеген қыл қаламым,
Ашылыш көніл тәкші енді
Жырлардың нөсер жауынын.

Аскардан асқан шағымда
Қалам алыш қолыма,
Тынымсыз құ жан құлазып,
Жол саламын оңына.
Тіршілік мінсіз бола ма
Өршіл міnez ізденген.
Тау-тасты жарған түяқ та
Толғантар көніл өзімен,
Сау тамтық жоқ денемде
Сонда да шындық іздегем.
Соккы тисе аямай
Сонда да өрден көрінем.
Жыртығын жамап кем-кетік,
Жүректен кейде өтінем.
Құласам көктен құлармын
Шаңқ етер көкте қыранмын.
«Жырдан қамал соғам» деп
Ақындық жолды құғаным
Мұрсат бер енді бір Алла!

Кеселді іске керме жоқ
Күн кейпінде олда сор.
Жарқын жүзді жаксы деп
Алданым талай, болдым кор.
Кеудені өрге тартқан мен
Тағдыр найза, алда көр.

Алқынып шыққан төбемді
Көре алмайтын дұшпан бел.
Асуын талай ассам да
Қайнардың көзін ашсам да
Кездесед алдан тақыр шөл.
Надандар нені түсінер,
Өзінікін жөн дейді.
Қуыс қеуде, сана жок,
Артта қалар ойда жок.
Өшкенін де сезбейді.

Жылуын тәксе ақ жауын
Селдетіп сезім жылаған.
Өмірдің көрмей қараңын,
Жарығына жармасам.
Алысар арман бар шында.
«Жетемін» деп шабысам.
Өмірдің мына салмағын.
Көтере алмай жүрегім
Тоқтап та қалар ма екенсін?!
Жамандық пен жауыздық
Тағдырыма жабыскан.
Кісімін тыныш жатпаспын.
Тамұғын, тасын тастасын.
Түнекте қалып жатсам да
Ақындық берген шабытым,
Есігін маған жаппасын.
Жақсылық тілеп бәріне
Көтерем бәрін өз басым!

Егеменді елді мекенім,
Тарттын неге етегін.
Топшысын қағып қыранның
Өседі қалай ертенін.
Халықтың коныр өмірін
Анқау мінез көнілің

Арсыз талай ағалар,
Жемітіце жараттың.
Қалың ой басты мені де
Қара жерге қараттың?!
Ақ сезімін көнілдің
Қайда апарып тараттың.
Туған-туыс бауырлар
Мейірімсіз бол баратсың.
Ар-намыстан жұрдай бол
Тоз-тоз болып қаласың.
Әлде терен сыр бар ма
Шыдай алмай салмаққа
Ыза-кек мені буғаның.
Құлқыны азған бұл заман,
Жаралы жүрек тек аман,
Ақ сезім қашты аулакқа
Болашаққа ой салсам!!!

БАҚЫТ ЖОЛЫНДА

(Жарыма)

Жарқ етсе менің көнілім,
Аспанда Ай мен Құн.
Дүние сірә сенгендей
Маған жар сендей
Артық кім.
Бакытты тауып өзіңнен
Бұтактар өсті көгіммен,
Шаттанам кейде өзімше
Кездестірді Алла өзінмен.

Самалы салқын күндерім
Тарылады кейде тынысым.
Өмірдің толқын соқпағын
Женемін бірге сен үшін.

Атканда таңым ағарып
Бірінші тілек өзінен
Құшақтап көніл ағарып
Сыйлайсың ақ сезіммен.

Арманға толы болып ек
Жеттік те міні жармасып.
Жетелеп сол арманды,
Күндер-күнге жалғасып.

Өзімше сезіп бақытты
Куанам, таңым атыпты.
Бірге оянған тәсектен
Сол күннің өзі бақытты.

Алыстан іздеп сарғайып
Біреулер жүр сенделіп.
Әткізіп бос уақытты
Киялмен болжап бақытты.

Іздеме жаным алыстан
Әр күнінді бағалап,
Өзінен ізде өзге емес.
Жүргіне үңіліп,
Жүректен тап бақытты.

Бағалай біл уақыттың,
Ізіне артка қарасан.
Әтіп кетет бұл өмір,
Таппай да оны қаласың.
Саңылай болған дүние
Сакалды сыйнап бір күні
«Жалғанға жаза жок кой» деп,
Актаяққа сүйеніп
Артына ұзак карагсың!

АТҚЫБҰЛАҚ БАСЫНДА

Баллада

Осы еңбегімді Алтайдын
ардақты ұлы Аскар Алтайға
арнаймын.

Автор.

I

Төсінде ызғар Алтайдын
Ылғар шеті шілде еді.
Жазда жел-күзсіз ыңғайлы
Жауын-шашиң аз еді.
Карлы-бүршак соқпаған
Атқыбұлак секілді
Ұлы қолтық тұйықта
Сай-шатқалдар бар еді.
Күндіз ыстық қапырық
Тұнде тыныс алатын,
Акқайыңы майысып
Қызды қарсы алатын...
Сол бұлакқа еркелеп
Шомылатын, жанатын,
Ақ көңілі серпіліп
Рахатына қанатын.
Ширықкан сезім өртеніп
Әлде кімді күтетін.
Атқыбұлак басында
Жаңғызыбын деп сезбейтін.
Жалаңаш тәнін су шайып,
Қос анары дірілдеп,
Тіршілікті ұмытып,
Өзіне-өзі сенетін.
Бұлабике жылқышы
Осылай рахат көретін.

Құлама бұлақ басында
Торын құрған қара аю
Ғашық болып сұлуға
Жолын торып жүретін...
Қарағай мен самырсын
Селдір күнгей беткейдің
Құлама жолы тар еді,
Қыз мінген торы аяндап
Қабырғалап қиялап
Түсіп келе жатқанда
Салт аттыны қореді.
Алтайдын ақ төс бұзығы
Айнымай қызды таныды.
Торы құнан үстінде
Толықсыған бойжеткен
Қиялы кетіп қиянға
Қапысыз жаймен келеді.
Айкоңыр демін ішіне ап
Тап орнынан тапжылмай
Хайуанның коңыр көздері
Бойжеткенге қадалы.
Сөл жиырып танауын
Кос аяқтап тік тұрган
Қалын бүрлін арасы.
Құліс жауырын корибей
Жауын баккан жыртқыштан.
Ұрдана бойын жасыра.
Молақ монини асыра.
Гұлабоны босансын.
Балқын тон шымыртап,
Бұла сезім куалап.
Бір ойнақы құи би тен.
Бар дүниенің үмбеті

III

Аяңдаған бойжеткен,
Атқыбұлак басына,
Аттың басын тіреді.
Торы құнан бос кетіп
Еркіменен жіберді.
Бұлабике бұландап,
Сұлу дene сыландалап,
Алма мойын, қынай бел
Кос анары мұндалап,
Сәмбі талдай ақ тәні
Жарқ етті де көрінді.
Бүйірғын бөксе бұлқілдеп
Жанары да жарқ етті.
Айқонырдың тағаты
Таусылуға таянды.
Жанын қыстап барады,
Сонда да сабыр сақтады.
Сыналай қарап қуалай,
Жанары жасып барады.
Нағыз ерек күшінде
Бабы келген ісіне
Тәні де тоят тіледі.

Бойжеткен дene шыбықтай
Кара шашы жайылды.
Жұмыр бөксе жабылды.
Солқылдаған күйінде
Құлаған бұлак сұына
Шоршып барып шомылды.
Айконыр кірпік какпаған
Жаска толы жүрегі
Айырылып еркінен
Көзі тұнды көркінен.

Жалаңаш тән сол аппақ
Ағынға ол да жұтылған.
Қыз денесі салқындағ
Қайта шықты суынан,
Сұлу тәні сүмбідей
Күн сәулесі сүйді-ай!
Сыйпап балтыр, тәнін де
Бой түзеді онаша,
Шашын сілкіп су шайған
Үрғала басып сол кеуде
Күн көзіне сүйдірді.

Айконыр үнсіз тыншығып
Қыз денесі тұнған мұң
Жұлын-жүйке жын басты.
Қылдай белі қыналып,
Мұсіні канын қыздырды.
Сезім-сауанын суарған
Өзін де кеттін ұмытып.
Ерік-жігер еріксіз
Құдіреті арбап сұлулық
Кан қызыуы шыдатпай
Ала құйын ақ сезім,
Бұрын-соңды жоқ сезім,
Асау ағза ырқында
Көзде тұман асығыс,
Қуынған жаны құйындай,
Алып дene ысынып,
Алпамсадай Айконыр
Қызға жетті ентелей.

Торы құнан кісінеп,
Қос құлағын қайшылап,
Мойнын ие үркектеп,
Шаптырып дәрет жіберді.
Тірсектері дірілдеп
Теріскейге тебіне ұмтылды.

Бойжеткен қыз күтпеген
Күн қыздырған алау жон
Діріл менен тер жапты.
Ұлы үрей билеген
Тіл тартылып, жан шошып
Тән суыды, жан қашты.
Сұм еді ажал айлалы
Талай жүрек байланды,
Тірі жанды пендені
Бір шыбықпен айдады.
Ақыл-ойға сыймайтын
Айконыр атты қара аю
Ақ төсінде бар ою
Ағзасына тоқтау салдырмай,
Бұлабикеге байланды.
Жүрегі жанып лапылдал,
Бойы қызып қан тасып,
Соқыр сезім-ауаны
Қызынған тәні қытықтап,
Ағзасына тоқтау сала алмай
Қызынына қол салды.
Дірілдеген иығынан
Бір толқынның ұрғаны
Айконыр сезіп шыдамай
Жойдасыз өзі алқынды.
Қос колын жерге түсіріп
Түсініксіз дауыспен
Әлдебір әуен шакырды.
Қыздың ту сыртынан
Тұмсығымен искеlep
Қолын тілмен жалады,
Емірене қадалды.
Бұлабике былқ етпей
Тұттай тәні жалаңаш
Қалтыраған күйі жүрелеп,

Сұм ажалға дес беріп,
Көзін жұмды ақыры.
Жауырынынан жалап қалақтай,
Айқоңыр демін баса алмай
Ес-түсінен адасты.

Осы сәтті күткендей
Атқыбұлақ басына
Ұлар аңшы келгені...
Көзіменен көргені.
Аю-қыздың арасы
Бір қарысқа жетпеді,
Шыдай алмай ақырды
Қанжар алып қолына
Биіктерден ырғыды.
Жаны пида жолында
Оқыс үні Ұлардың
Мыйын шағып жіберді.
Тәнін шырман тәттілік
Қайталанбас толқынның
Сәтін бұзып жіберді.
Айқоңыр да ақырып
Сенімсіз адам кім деді.
Енгезердей аңшыныз
Ақ төсті аю алдында
Кіп-кішкентай пенде еді.
Төбедей тұлға төмпешік
Жемтігіне жекпе-жек
Қос аяқтап үмтылды.
Аңшы да сасып қалмады,
Бір қырынан бұрыла
Қолдағы ұзын селебе
Бар күшімен сілтенді.
Қапы қалып Айқоңыр
Азуын аша жүгірді.
Тура келген ажалдан
Қорғануға керек-ті.

Сімтік тұмсық үстінен
Ұлар тартқан селебе
Оңды-солды осқаны.
Қара тұмсық ырсыйып
Кызыл қанға боялды.
Салбыраған ұртын да
Сем селебе жалмады.
Қоңыр көзі қанталап
Ауырсынған Айқоңыр
Ұры қолтық ішінде
Жан азабын тартқан-ды.
Ыңыранып та жіберді.
Аңшыға келмей шамасы.
Апаңдай ауыз шықырлап
Ақырған күйі жалт берді,
Аса тік келген теріскей
Құлама қия ит тұмсық,
Теріскей бетке жұз бұрды.
Күйі кеткен Айқоңыр
Алдындағын жапырып
Жан сауғалап жылжыды.

III

Есін жиған аңшы Ұлар
Алды-артына қарады.
Қарағанда көргені –
Көз алдына келгені,
Тәні сұлу мұндай жан
Әмірінде көрmedі.
Жалаңаш жанға өрледі,
Бұк тұскен борық дененің
Қолаң шашы қобырай,
Жұмыр иығы жирылып,
Қылдай белге төгілген.
Көз жауын алған бәксе де
Бұлтия көзге шалынған

Кеудедегі кос анар
Айырады төзімнен.
Аңшы Ұлар жанары
Ашық мұсін көрмеген.
Тайғанак көзі жаутандап
Карадай дымы құрыды.
Жүре шешіп шапанын
Жүзін басқан жартасқа
Сұлуға әкеп жабады.
Суық жартас жақпарында
Сұғынған сұқ саусақты,
Қыз жаны да сезбеді.
Сұлық кейіп танытып
Көзіне де ілмеді.
Тері шапанды дірілдеп
Тоңған торғай секілді,
Меніреу тартқан мінезі
Ештеңені білмеді.
Сонда ғана аңшының
Ақылменен түйгені:
Албастының басқанын,
Періште сезім қашқанын,
Үрейі ұшып шошынып,
Тіл-ауызы байланып,
Әр нәрсені ойға алып,
Бойы мұздап тырысып,
Меніреудей мелшиді.

Карулы аңшы иығынан
Сілке тартып көтерді.
Қан-сөлі жок қуарған
Бойжеткеннің бетіне
Бажырая карады.
«Есінді жи! Есінді»-деп
Дауыстап та жіберді.

Ку ағаштай қалшиған
Қызға сөзі жетпеді,
Жүзіне жалын соқса да
Қаракат көзі шатынап,
Құланның құба таңындей
Шенбірек атқан қос анар
Өз-өзінен дір етті.
Атқыбулақ та жас тәкті,
Сарқырап аққан бұлағың
Бұлабике еркесі ет...
Ақ тәнімен шомылған
Күн көзі сүйген лағы,
Сыбырлап жел де жылады.
Сыбырмен айтып Ұларға
«Шомылдыр салқын бұлаққа
Аялап ұстап қолына
Жуындыр аппак денесін»,
Кім сөйледі дегендей
Шымырлап толқып жүрегі
Кызды тосты көтерген
Сарқырама бұлағы.
Есін жиып бойжеткен
Тәнін жапты қолымен,
Білегін де аңшының
Қос жанары түйісіп
«Тұсір» деді ақырын.
Көк майсада жайылып
Жатқан киімін нұскады.
Ақ тәнді, қос анарды
Сол киіммен жасыра
Киімін киді асыға...

Уақыт ғұмыр өтеді
Жартас ұсті қара жон,

Бауыры қалың итмұрын
Шөп басын да шық шалмас,
Тамыздың тымық кеші еді.
Қыз бен жігіт сағына
Қоңыр кеште кездесті.
Албырт аңшы жүрегі,
Жылқышы балғын тілегі,
Сағыныса жүздесті.
Қара жалда құрғақ сай
Қызулы тән, қызған жәй
Жұмбақ сезім бой алды...



Жігіт қызға, қыз жігітке
Жанарын тіктеп тастаған,
Сол сезімнен бастау ап
Сол бір күннен басталған...
Үрікпей торы жайылды
Басын шұлғып қоштаған,
Сенім мен сезім бірігіп
Ғашық күндер басталған!

15. 10. 2008 ж.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАЙЫРШЫ

Дұрмегі мол дұр дүние
Даяу барма саған да?!
Ит секілді өмір кешкен
Сырттан тартыс қоғамда.
Жалмауыз өңешке құйып,
Жібергенің бола ма,

Қаншық туып, іннен шыққан
Жарасады хайуанға.
Күл-қоқыстан қи терген
Ал адамға бола ма?

Сұлуы көп, жылуы жок
Сайқал мына қалада,
Есіл-дерті екі стакан
Күрбандыққа шалыққан.
Тұла бойын биттер басқан
Күс денені жан ұққан,
Жеті елдің жесіріндей
Салбексеге салынған.
Жерден шыққан
Жіктей болған,
Өміріне жабысқан.
Өшкен шала от басында
Тіршілікten жалыққан.
Мұндай мәнсіз өмірге
Алансыз тірлік көне ме?
Саңылаусыз күнге енгенге
Қоғам кінәлі ме? Неге?
Күдайсыз қоғамға да,
Имансыз адамға да
Бәрі – бір емес пе...
Мұндай дүниені:
Отты жүрек, дертті сана
Ақылға қонақ бергенде
Салкыны сабыр.
Қатыгездік өшкенде
Күдайын танып
Өлімді сезе білген де,
Өзімшілдік қалғанда.

Қорқау қасқырлар
Қоғамнан қалыс қалғанда,
Байлыққа бөккен мешкейлер
Бұл дүниеден өткенде
Қоғам жүзі өзгерер?!



Заман, қоғам – бір ұғым,
Соны да ойла, сен, ұғын.

17.10.08 ж.

ШОРА ҚҰДАҒА

Ау, Құда! Сүйтпай күн қабағын,
Тапқан бар ма ажалдың бір амалын?
Өмір деген арналы өзен болса,
Сынаптайын сырғымай тұра ма ағын?

Алыс жолға аттанып кете бардын,
Кеткен ізбен ата-ана ұлы ағыннын.
Жол тартсын деп жонына кия белдін,
Ажал неге ғұмырын қияды ердің?

Шыбын жанды шырқырап шырмағанда,
Көз жұмғанын, жан аға, біз арманда.
Кен дүние айналып қайта келмес,
Орнын құда, тола ма бұл жалғанда.

Күн жарыкта жан қашса, күні батқан,
Өзен канша ішінен тынып акқан.
Қалған туыс-ағайын аман болсын!
Есен болсын – арттағы бала-шаған!!!

22.11.2011 ж.

ҚҰДА

(*Еске алу*)

Ақын Құдайберген Казыбекұлының
руһына арнаймын.

«Ізділеу құда, – дедің бір тост алғанда, – осы ақынның бәрі сахарада тұрған жалғыз ағашты батыр, қайсар да батыл, кең бір бақытты ағаш ретінде көрсетіп жатады. Оның бақыттылығынан бақыт-сыздығы артық болып көрініп тұрады маған. Сол жалғыз ағашты мен бақытсыз, сорлы ағаш қып көрсетіп өлең жаздым, тыңдалап көрініз, құда!»

Өлеңіндегі өте әдемі, әсерлі оқып шықтыныз. Тамаша жазылышты, қандай тапқырлық, талант десенізші! Сол бір оқылған өлеңің көз алдынан кетпеді. Себебі, басқа ақындарда жоқ мағыналы сөздер еді.

«Жалғыз ағаш» өлеңің есімде,
Оқыдың өлеңді құдалық кешінде.
Тереңнен шыққан асыл сөз,
Шеберлікпен шегеленіпті төсінде! –
демекпін.

Автор

Айырылысу амалсыз құдадан!
Қандай амал табарсыз?!

Көз алдынан жоқ болса,
Бұл жалғаннан хабарсыз.


Дәл алпыс бір жасында,
Тағдырдың көрдің «жаласын».
Өз өмірін біткен сон,
Не керек саған жал-басын...

Тағдыр деген осылай,
Қайырылмас бүйрүқ алғасын.
Құданың көнілін қалдырып,
Қамығып құрттың айласын.
Тілге тиек болады деп,
Іздеп сізді келіп едім.
Періштесің бе, қайдасың?
Сен үшін жаның қиярлық,
Амалын таптай андасып,
Қалды бірталай жолдасың.

Ай тұтылып, күн күйіп,
Жер қайғырар демедің.
Сергелден болып сенделіп,
Ел қайғырар демедің.
Әкесінен айырылып,
Ұл қайғырар демедің.
Ақденеден айырылып,
Жан қайғырар демедің.
Тастан түйген асыл сөз,
Мәңгі қалар дегенім!
Артта қалған сөздерің,
Жоғалмайды іздерің.
Өзінен қалған сыбага,
Қай сөреден іздейін?!

02.02.2007 ж.

Төртінші бөлім
ОЙЛАР МЕН
МАҚАЛАЛАР





Он сегіз мың ғаламда өлі-тірі табиғат,
бір-бірінің азығы.
Айналып бәрі келгенде болар өзі топырак.
Боларсың қазақ, болмасқа босқа бас име.
Жер кімдікі дегенде, көтер басың болса егер!!!



Бақыт кейде адасып, пүшықтың мұрнына конады,
таздың басына соғады,
Таза еңбек, адал жүрек, асыл адамның жанынан
оза шабады.



Дұниені ұттым деп жүріп,
Ұтылып тынасың, Адам!!!



Ау, Тұран ата-бабам туған жерім,
Өзіме жалғыз бауыр – өзіңсін.



Ең төзуге болмайтын,
Адам мен коғам арасындағы кайшылық.
Әр адамның басындағы киындықты,
Коғамнан көрмей, одан тыс калдырамыз.
Ол неге?!



Әлсіз адамдар кімдер?
Әлді адамдар кімдер?
Осыған толық жауап іздеп тапқанда,
Санаға толық бойлатқанда, қоғам да өзгерер!



Қамығып көніл, қабырға сөгіп,
Жоктайтындай халық мұддесін.
«Сайласаң мені Депутат етіп,
Арманға бәрің жетесің» деп...
Асыра сілтеп не етесің.
Тобырға сіңіп тоқмейіл болып,
Жоғалып сенде кетесің.



Дінім де, тілім де, салт-дәстүрім де,
ойлау жүйесі де күн көріске айналмақ па?!



Толғана жүріп түнілдім,
Түніле жүріп толғандым.
Сұрқия заман женді ме,
Сабырым кетті менін де?!



Кім тұсінер жан беріскен достыкты,
Досынды тұсін, арадағы жау мыкты.
Тағдырға мазак болған талайлар,
Тұсінбестен тау мен тасқа соқтыкты.



Қоғамдық ой-пікір, мемлекеттік парасат, нақты мақсат пен бағыт-бағдары қалыптасқанда ғана іс алға басады.



Қандай ғұлама болмасын, оның санасында өзі өмір сүрген дәуірдің сөулесі мен көлеңкесі түсіп тұрады (Сол дәуір көзімен қарау керек шығар).



Тобыр – қоғамның жоғарғы сатысында тұрған белгілі күштерге бағынады, олар өз беттерінше дербес ойлай алмайды.

Солардың ішінде, қоғамды қозғалысқа келтіретін құйыттай ғана ғұламалар болады.



Менде бір Алланы медет тұтамын және бір құдіретті күштің барлығын мойындаймын.



Алланың һак екенін санаға бойлата біл. Руһани тәуелсіздікті бос құлшылықпен алма, ғылымды кару етіп, өмірге енгізіп таным арқылы иман келтір.



Сана тәуелсіз болмай, ешкандай ұлт бостандыққа жетпейді!



Өзін тірі болсаң да көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз үға алмайсың.



Күнделікті тіршілік, күнкөріс үшін өткен енбекте де рухани мағына бар.



Жалыныштылық пен жалтаңқөздіктен қашан арыламыз?!



Империяны құлату ешқашан онай болған емес. Ал оның сеуіп кеткен психологиялық ба-сыбайлылығын жену одан да қын. Онымен тал-май құресу қажет.



Біздің тарихымыз сырт елдің көзқарасымен жазылды. Енді одан бой тарту үшін өлденеше үрпақ жаңару қажет болар. Олай дейтінім, дәл бүгін туған нәрестенің түсінігіне өзгеріс кіру, кірмеуі екіталай. Өйткені оның әкесінің санасы, танымы, тәрбиесі психологиялық тәуелділіктен арылған жоқ.

Ол нәресте, «кеш жарық балалар» атты шарайна хабарындағы торайды әр күн сайын асыға құтеді.

Енді оған торайдан сүйкімді жануар жок.
Демек, оның санасы толық таза тәуелсіз сана
деуге болмайды.



«Баланы ұлша тәрбиелесен – ұл болмакшы.
Күлша тәрбиелесен – құл болмакшы», – деге
айта білген Ахмет Байтұрсыновтар арамызда жок.

Түрік ұланы «Сен дүниеге түрік болып ту-
ғаның үшін бақыттысың» – деген Ата-Түркінің
сөзін арқаланып, өзін-өзі ер ұстап өскен Ата
түркі қайда?!

Ал біз қалай тәрбиелендік және қалай тәр-
биеледік?

Біз қазақ ұлтының ұлдары, «кеше сауатсыз,
каранғы жұрт едік. Орыстар кеп шырак жакты,
көзінді ашты. Сол үшін баланың баласына өсист
ет, аға халықтың алдында иіліп өткін. Онсыз
күн жоқ», – деген басыбайлылық рухында еңсеміз
еziліп, беліміз бүгіліп өстік.

Ал көзір ойланатын күн жетті.

Бала тәрбиесінің астарында ұлттық ұстемдік,
мемлекеттік тұастық, мемлекеттік мұдде, мемле-
кеттік идеология және ұлттық отан сүйгіштік жат-
кан жоқ па?

Ұлттық мінезді қалыптастыруды бала тәрбиесінен
бастау керек емес пе?!



Казіргі уақытта Мұхамед пайғамбардың
уағыздарын жамылдып, Алланың атын оты-
рып, кылмыс жасап жүрген топтар көбеюде.

Соның бірі – жұртты корлап, иманын тонап, жанын азапқа салу болады.



Иман – ар мен ұятың кепілі. Оны халықта карсы қару етіп қолдануға болмайды. Сондықтан кейбір топтарды түбірімен жою керек.



Ұяты, намысты, әбес ісің үшін – өз ұятың сот болсын, сонда табысты түзеудің жолын іздейсің.



Мінәжаттың өзі – адамгершілікке, ұятқа, нысапқа, сыйласымдыққа, қайырымдылыққа, әлеуметтік, танымдық, нәсілдік, тектік тенденциялар негізделуі тиіс.



Өзінің ар-ожданын, ұятын, иманын қорғамайтын, кез келген сыртқы және ішкі күшке тітіркенип, рухани қарсылық көрсетпейтін ұлт болмайды. Сондықтан жағымсыздыққа карсы тұру керек.



Рұhani қарсылық – ұлттың мәңгілік ғұмырының кепілі.



Өздерініз көріп-ақ жүрсіндер, парага, жалаға, өтірікке, арсыздыққа бойы үйренген, бүйірі қызғандарды тоқтату мүмкін болмай барады. Бұл ұлттық дертке айналамаса екен?!



Бір күн болса да дәulet қонып, дүниенің байлығы басында тұрған, көнілдері көкте, көздері аспанда жүрген ағайын сөзді қалай ұқсын!?



Түркі әлемі, құсбегілерінің пірі Жалайыр Уәли Шора – бабаның атамекені (қонысы) «Айыр кезең», Алматы облысы Шенгелді ауылының аймағында.

«Тінейдегі қасиет егіз екен Сары құспен,
Шорадағы қасиет тілдес екен бар құспен», —

деген екі ауыз өлеңі бізге жеткен.



Тәуелсіз елдің ұлы мен ұлтаны да тәуелсіз болуға міндettі.

Ұлтының өткен тарихын, намысын, руһани саясатты өз мұддесіне бағындырып, өзін-өзі жеңе алмаған қайраткерде қайраткерлік түгілі, қатардағы азамат атануға да какысы жок.



Замана елінді – ел еткен тілінді, өзінді адам еткен жұртыңың тілін менсінбеу – ішкі руһани сезімнің тұлдығы.



Алла өзінің сүйікті адамына бұ дүниеде мәңгілікке ешнәрсе де бермеген. Байлық та, билік те уақытша. Қайғы мен қуаныштың да шегі бар. Өмір де өлшеулі. Мен осы айдай әлемге белгілі ақиқатты мойындағы отырып асығам! Сөл уақыт тапсам қолыма қалам ұстағым келеді, ұстап та жүрмін.



Ал кісінің көnlін қозғап, жүргегін сыйздатқан ойларын өз еркімен айтып кетуі, меніңше сауап істердің бірі.

Әсіресе, өз өміріне қатысты күдігі мен үміті алмакезек ауысып тұрған адамның айтарын айтып, жазарын жазып қалғаны тағдырдың тамаша сыйы деп білем.



Алладан от басымызға амандық, балаларымызға бақыт, елімізге тыныштық тілейміз.

Сол тілегімізге жетсек деп еңбек етеміз. Әліміз келгенше айналамызға жақсылық жасасақ дейміз. Құн сайын осылай. Сөйтіп жүріп күніміздің өтіп кеткенін білмей қаламыз.

Бар өміріміз алдымызда сияқты болады да

тұрады. Алла неге бізге қыска ғұмыр беріп, ұзак жасайтындаі, өлмейтіндей сезіндіріп қойды екен?



Алламен онаша қалып, өз шындығына Алланың қасиетті қағидалары түрғысынан қараудын да үлкен сабағы бар.

Бірақ бұған Алланың пенделерінің бәрінін мүмкіншілігі келе бермейді.

Біреуге уақыт жетпейді, біреудің ықыласы болмайды, біреу тіршілік қамымен әуре, біреудің өресі жетпейді, ал біреудің жүргегі сезіне алмайды.



О, Алла! Не үшін өзінің сүйікті адамынды ку тіршілік, қу дүние жолында азапқа салып қоясын? Қысқа өмір беріп, сол қысқа өмірде мың өліп, мың тірілгендей күй кешетіні несі? Өзін берген жанды өзің аласын. Сенің құдіретіне қарсы келер кім бар? Бірақ өзін берген жанды өзің кинайтынын не?

Біреу алданады, біреу алдайды, біреу ренжиді, біреу ренжітеді, ал біреулер бір-біріне тіл тигізеді, неге!?



О, Алла! Өзін сүйіп жараткан соң, өзәзілдін азғыруынан сактап калмадын ба? Әлде әр адам өз тағдырын, өз пендешілігін жасап қысқа ғұмырында қырық бүгіліп өтсін дедін бе? Сенің адамды өзіннін маҳаббатыннан жаратканын қайда?!



Ана туралы ойлағанда ең бірінші «әулие кара кемпір» атанған, Жұмабек билің жалғыз қызы — менің анам Исабала еске түседі. О, кісі жұмсақ мінезді, жылы жүректі, өте аккөніл, бала сияқты нәзік жан еді. Галина келіні сол анамнан тәрбие алып, бойына сіңіре білді. Ал мен болсам, тоғыз жасынан өкеден айырылып жетім өстім. Әке тәрбиесінен ерте қалсам да, сол жасқа дейінгі, әке тізесінде жатып естіген әңгімелер әлі есімде. Біздер ерте ержеттік он жастан бастап ұжымда еңбекке араластық. Қазіргі он жастағы балалар бақытты да ерке ғой?!



Казак әйелдері-ай, ешкімге сездірмей, жұмсақ, биязы, жайдары мінездерімен, ерлеріне тірек, ақылшы, жанашыр дос-бауыр бола білген.

Менің көптеген достарымның әйелдері сондай болып кезікті.

Аллаға шүкір менің де Галинам құдай беріп, ақылдылығымен, адалдығымен от-басымды үйытып, бес баламды тәлімді тәрбиелеп өсірді.

Аллаға шүкіршілік етем!

ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Зымырап жатқан уақыт тасқынына,
Өзегі өртенбейтін кім бар екен?!
Баға жетпес бакытың, жастығың да,
Бар кастерлі дүниен сонда екен?!



Адам өмірі бір сөйлем сөз, болса?!
Сол сөзді жазу әркімнің өз қолында.
Жер дүниені жаңынмен сезінесін.
Әділет деп жүректі жарқыратса!

Ал егер керісінше болсан түнек,
Кетесің сол есікке өзін түнеп.
Уақыттың қасиетін біле алмасан,
Текке корек қылғаның неге керек.



Рұнани құндылықтарға мән бермедік,
Ақша табудың женіл жолын іздедік.
Арзан сезім, желбуаз құлкіге еріп,
Бүгінде, өзіміз де сақтанбадық, білмедік.



Ақша таптық, мал таптық, жан қинаңдық,
Адамгершілік пен имандылыкты аттадық.
Өкінерсің, өтінерсің, түсінген сон өртеніп,
«Өзі үшін оттаған хайуандарға» да ұксадық.



Ұйықтап өтсем өмірде,
Ұйқым тіпті қанбаса.
Тірлігің не?
Өлгенің не?
Ешбір ізің қалмаса?



Әр кеудеде өшпес арман,
Жеткізбейді қуғанменен.
Өмір күзі келгені ме? —
деп қаламын кейде мен.



Сүй жастық шағынды,
Сүй жастық күнінді.
Сүй жастық жалынды,
Сүй барлық өмірді.
Бәрі де өтеді,
Бәрі де кетеді.



Көнілдегі көп істің,
Бірі де бітпей қиналып.
Арнадан шығып сан ісім,
Өзендей кейде буланып.



Сағындым ауылымды,
Сағындым қыр самалын,
Туған жер бауырымды.
Өзіннен нөр аламын.



Ей, адамдар, алды-артына қарап өт
Бізде өзіңдей пенде болдық керемет.
Бойда – кайрат, баста – дәурен тұрғанда
Қара жерді жастанамыз деп пе едік?!



Ауылдағы асылдармен бірге менің жүрегім
Киен менен қасиетіңе табындым.
Жаным анам, жалау болған жанымды ұқ
Мен жүдесем ауылды ойлап жүдедім.



...Өткен күнге жүгін, мейлі жүгінбे
Айта алар ем, қалдырмaston түгін де
Сол сүмдиктар жаңаша бір сипатпен
Байқап тұрсан ауысқандай бүгінге!



Колда ғұлің солмай қоймас,
Тағдырдан қаза келмей қоймас.
Өтер-кетер – бәрі бекер,
Кімге дүние болар жоллас.



Жаман болса алғанын
Казанын қайнап толмаған,
Сыйламаса ағайын
Ешбір жолын болмаған.



Дұшпансыз ер, жаусыз халық жок,
Бірлік бар жерде халық ток.
Мұратка сен де жетерсің,
Аспаның ашық, киімің көк.



Патшаң халық үніне құлак асса,
Халық патша үніне құлак асар.
Осы ғой калдырған із артымызға,
Тарту ет, бақыт сыйла халқымызға?!



Саналы бала – әкесін пір тұтар,
Санасыз бала әкесін құл ғып жұмсар.
Жақсы әке баласына – «тек» дейді,
Жаман әке баласына – «кет» дейді.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЕҢ ҰЛЫ АНАСЫ

Сонымен тіл саласында республика Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тіліндегі» деген пікірін ұстаным ретінде қабылдағанмен, қазақ тілінде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ертегі, энциклопедия, суретті әңгімелерді шам алып іздесеңіз де таптайсыз?! Әсіресе ауылда.

Кітап – дүниенің ескегі, ал бұлдіршіндер – еліміздің болашағы. Болашактың қолына қисық ескек берсек, ол буырқанған өмір – теңізіне бір батып, бір шығып, өлімшінің халін кешпей ме? Мұнан былай да осы бетімізben жүре берсек, актыңында қазақ тілі азып – тозып, бірте – бірте тұтынудан қалып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, онан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан ары не болары белгілі.

Президент қанша рет айтқанымен, қоғамдық козғалыстар қаншама рет дабыл қаққанмен қабылданған қаулылардың көбі сөз жүзінде қағажу қалып келеді. Тіл – ұлттың ең ұлы анасы. Өз анасын ардактамаған перзент, перзент емес! Неге басқа ұлт азаматтары өз ана тілін қорғаса патриот, ал біз мемлекеттік қолданыс аясынан шығып, жойылуға бет бүрған ана тілімізді қорғасақ ұлтшыл атанамыз? Әділеттілік қайда? Керек десеңіздер, бұл мемлекеттік деңгейдегі жалпыхалықтық іс емес пе? Мемлекеттік тілді қадірлеу Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың борышы. Барлық өркениетті елдерде қалыптасқан үрдіс осы. Өз ана тілін сыйлау мен қорғауды ұлтшылдық деп бағалау адами табиғатка карсы шығу екені даусыз. Өйткені өз ұлтының рухани құндылықтарына терен тамыр жіберген адам ғана өзге ұлттың

тіліне, салт-санасына, мәдени игіліктеріне құрметпен қарай алатыны сөзсіз. Еліміздің Конституциясынан орын алған мемлекеттік тілді қорғау – үкіметтік дәрежедегі іс. Керісінше ана тілге қарсы шыққандарды, мемлекеттің ұстанып отырған саясатына, Конституцияға қарсы бас көтерушілік деп бағалауымыз қажет. Мысалы, славядардың «Лад» қоғамы мемлекеттік тілге ашық қарсы бой көтеріп жүр. Өз ана тілінен, ұлттық рухынан алыстауға ашықтан – ашық бет бүрғанын сезіп ашынған, ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілген құлдық сана езгісінен оянған халық қауіп тудырмай ма?

Әйткені тілі сақталса, қазақ халқы ұлт ретінде өмір сүреді, болмаса жойылады.

Қазақ тілінің қазіргі мүшкіл халін түсінбеген өзге ұлт өкілдерінің ешкайсысы да гуманист емес.

Қазақ зиялыштары өткен ғасырдың басынан бастап – ақ өздерінің намысын таптатпайтын сұнқар, қиянға шарлай алатын қыран екендіктерін де таныта білген. Орыс отаршыларының қазақ халқын «қазақ» демей «қырғыз» деуінің ұлтты қорлау екендігін, бұлай атау себебінің казактармен шатастырмаудан туғандығын айта келіп, біз «қазақ» деген халықпаз деп баспа жүзінде қасқая қарсы тұрған еді. Қалқып шықкан «каймактарды» сылып алғаннан кейін тәбесінде әңгіртаяқ ойнатып, жонынан таспа тіліп жатса да мынқ демейтін «тілсіз» халыққа айналдық. Үнсіздіктің шегі жеткен жок па?! Енді егемендікке ие болған мына жылдарда өз тілімізге ие болмай келе жатқанымыз мынау?

Газет-жорналдарды халықтың көзі, құлағы һәм тілі деп үққан қазақ зиялыштары, етек жиып егемендік алғаннан бері өз ойларын жүртқа жеткізу, дүниеде болып жатқан істердің пайда-

лысын игерту, залалдысынан сактандыру максатында үзбей еңбек етіп келеді. «Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» – деген халық мақалы бар. Бұзуға құдіреті келетін сөздің түзеуге де құдіреті келеді. Сөзін түзеуге жұмсаған жұрттың өзі түзелуге бет алғанын көріп отырмыз. Күні кеше өзімізben шамалас, қатар халық – татар қандастарымыз сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастап еді, түзеліп бара жатыр. Орысша оки алғаннан баска, ана тілін жастары жаппай игеруде. Санылауы, саналы халық азаматтары мұлгімей алға ұмтылып, күні кешегі желтоқсанның ызырығына өншең жастарымызды тізіп беріп, өзіміз жайлы да жылы үйімізде отырмай тұтас шеп құрғанымызда, тіпті егемендік алған 20-жыл ішінде көп ұлтты елміз деген жалтақты қойып, бір нақты мезгілді белгілеп, сол мезгілге дейін тіл туралы Зан толық қүшіне ену керек деп мәселені төтесінен коя білгенімізде, жұрттың толық қажеттілігін өтеп қана қоймай, арғы тегі түркі болып табылатын казақ халқының откенинен сабак ала билетін, данасын қадірлеп, салтын сактай алатын, нағыз «бесік қөрген» үрпактың бірнеше буыны қалыптасып қалатын еді. Сонда бүгінгідей «қазақ тілі кедейдің, орыс тілі байлардың тіліне айнала бастады» деп дабыл қакпас едік.

Әрине, бұл үшін ешкімді кінәлаудың қажеті жок. Оның орнына бүгінгі бүлдіршіндердің тілін ана тілімізде шығарып, әліппені төл өріптерімізбен танытып, ғашықтық ғаламатына казақ әдебиеті арқылы әсерлендіріп, толық сусыннатуға бар қүнімізді және мүмкіндігімізді жұмсағанымыз жон. Ғылым мен өнерді толық менгерту үшін үрпактарымыздың ойын құнарландыруымыз керек. Ал ойды сөз өнері арқылы құнарландырамыз. Ана

тілін толық менгеріп, ұлттық таным-түсінікке негізделген құнарлы сана кез-келген ғылым мен білімнің дәнін ұрықтандырып, жайқалтып жіберері қарасты.

Мемлекеттік мекемеде, халықпен қоян-қолтық араласатын орындарда жұмыс істейтін қызметкерлер белгілі деңгейде мемлекеттік тілді үйренуі және оған құрметпен бет бұруға міндет кою керек.

Екінші бір ұлken қауіп, ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алған отырған төуелсіз мемлекетіміз казакстанның өзінде туындалған отыр. Ол – ана тіліміздің күні бүгінге дейін өз мәртебесіне лайықты қызмет атқара алмай отыруы. Оның ең басты себебі қаржының жоқтығы десек, өйтінің себебі – билік басындағылардың ана тіліне деген құлықсыздығында. Мұны дәлелдеуімізге болады. Айталық, Алматы қаласындағы кез келген ұлken мекеменің кіре берісінде кәдімгі баспадан шыққан, компьютермен көбейтілген ісқағаз ұлгілері сатылып жатады. Бірақ, бірде-бірі қазақша емес. Олайы, бүйтіп қазақшасын шығарып сатуға каржы жоқ. Бұл өте қауіпті және қате жәйіт.

Осындай қастерлі өлкені табанға таптатпау, тіл киесіне қалмау келер үрпактың да қасиетті борышы болмак. Ел алдындағы осынау борышын өтеуге қазақ жастары бар күш-жігерін жұмсауға да міндетті, ел ертеңі үшін, өздері сенген биік мұрат үшін шыбын жандарын да піда етуге барады деп сенеміз.

Тіл ұлттың ең ұлы анасы екенін естен шығармағайсың, ағайын!!!

Откен тарихты еске ала отырып, енжарлық дертінен құтылайық, өзгеге жағымпазданғанды доғарып, бірлесе еңбек етейік дегіміз келеді.

ЖЕНДІҚ СЕН, МҰҚА, ЖЕҢІЛДІ ОЛАР...

Бар ғұмыры жарқ етіп ақкан жұлдыздай ғана болған, бірақ сол қысқа зымыран уақыттың өзінде сөнбес ізін, өзіндік сүрлеуін қалдырған, ақиық қыран, Мұзарт шыңның мұзбалаты Мұқағали ақын еді. Қасиетінен айналайын, қара ормандай халық – қымбат біткеннің қазнасы, асыл атаулының алтын ұясы. Сол ұядан түлеген қырандай, бірегей жаратылған ұл-қыздарын ел-жұрты ерекше елеп, өмір бойы үкілеп өтеді. Бірақ шығар шыңына, шырқайтын көгіне біреу ерте, біреу кеш көтеріліп жатады.

Оларды басында білмедің, кезінде көрmedің деп кімді кінәлайсың?!

Ежелден айтылып келе жатқан ақиқатқа жүгінsec, қашанда да бес саусақ бірдей емес. Тұлпарды тайынан тану үшін біреудің зейін – зердесі таяз келеді, біреудің көңіл көмбесі жетпейді. Барды көре алмаған, жокқа бере алмаған баяғы пендешілік аяқты шідердей матап, адамның адымын аштырмайтын кез де аз емес-ау, аз емес?! Ақиық ақын Мұқағали тек өлең, поэмалар ғана жазып қоймай, прозаға да батыл қалам сілтеп, драмалар, көркем аудармалар да жасаған. Сонымен бірге аз да болса өмір күнделігін де жазған. Сол күнделік менің колымда, менің мәңгі серігім, кайталап оки берем, оки берем! Мүмкін ақынға жаным жакын болғандықтан, оның да жанын теренірек түсінгім келетіндіктен шығар.

Ақын күнделігінде бірде былай депті:

24-ші желтоқсан 1973 жылы

«Бұл жыл да өтті. Жырмен басталған жыл жырмен аяқталды. Күйбенмен, азаппен өткен өлі күн-

дерді қойшы. Жырсыз өткен күндер мен үшін өлі күндер. Тәңірдің бұл алданышты қиғанына да құлдық. Поэзия болмаса қайтер едім? Не істер едім?! Ақынның өз мемлекеті, өз қоғамы, өз дүниесі бар. Бұл аз дүние емес Демек, мен сол үшін өмір сүрем, сол үшін күресем. Күресем?! Кіммен, немен Күресем? Өзіммен өзім бе? Соңғы сөзді айтып өлу керек қой... Қандай сәби едім. О, Тәңірім! Түйсік бере гөр, түсінік бере гөр?!»

/Күнделік – Алматы, Жалын, ТПИК «Жеті», 16-бет/

Осы күнделікті оқи отырып (шіркін, бірақ) дей берем. Бірақ дейтін себебім: лайық емес біреулердің есігіне ентелей келіп, табалдырығына сүрініп, жығылып жататын атақ пен даңктың көбіне-көп, түптің түбінде өзі іздел келіп табатын иелерін дер кезінде маңайламай, кашық жүрестіндігі. Бұған арғы-бергі тарихымызды қазбаламай-ак, мәселен, кеш те болса М.Макатаевты осылай тапты. Біреулер барымен базарлап бүгін озады, біреулер насихатын сабалап, көмектің күшімен өділетті бауыздап озады, енді біреулер сибегінін күшімен, ұзак уақыт шан басқан мұрағатты жайлап, жағалап, казанда бұрқ-сарқ қайнап, әбден сыйнып ақсүйек болып барып озады.

Ал із-тозсыз уақыт тұнғиығына батып кететін дарындар қаншама!?.

Тағы Мұқаның өзіне жүгінейік.

1-ші қантар 1974 жыл.

«Жеке өз басының кадір-қасиеті деген осы екен-ау! Ал мен акымақ оны корғамақ тұрмак, тіпті білмептін де. Карапайым болғым келеді, алайда ашық ауыз екем, тек менің «достарым»

ғана емес, тіпті өз семьям, балаларым да мені жер соктырып кетеді. О, сен қандай қоркынышты нәрсесің, Адамзат! Болмайды, өз қадір-қасиетінді қорға! Ақын атынды сакта, нағыз ақынмын десен соған лайықты бол! Табиғаттың өзіндей қарапайым бол, бірақ сол сыйқты қайсар да бол. Сен өз замандастарыңнан өзгешесің. Ненмен екенін айтпаймын. Ендеше, өр болсаншы! Басынды көтер, бауырым!.. 12.00-де Жаңа жылды қарсы алдық. Тыныш. Бейбіт. Зерігіңкілеу. Мен өз басым көнілденген жоқ. Бұл жолы бірдененің киуы келмеді. О, дүние жарық! Мен зарыққан халдемін. Бұның бәрі не үшін?! Мактаныш үшін. Өзінді бағалау үшін!»

/Күнделіктен, 17-бет/

Ағынды судай арындал өтіп бара жатқан өмірдің артта қалған ізіне қайрылып бір қарасан, талай тамаша талант иелерінің кескін келбеті, сөйлеген сөзі көзге елестеп, қиялынды қиянға жетелейді. Мен де мұзбалак ақынға еліктеп жыр жаздым, жанымды жанып мұз жедім....

Күншіл мен залым аяқтан шалған,
Жүйрікке қапас, тар болды заман.
Сіздей бол мен де қиналдым әттен,
Тағдырым катал не дейін оған.

Сізді де кеше қызғанған, күнделеп,
Талаған иттей, тауықша жүнделеп.
Жауларын бүгін мактайды шулап,
Айтады елге «еске ала жүр» деп.

Ақыық ақын аруағын басым,
Жендің сен Мұқа, женілді олар.

Уақыттың өзі екшеді бәрін,
Адалдың орны биқте қалар.

Қайтадан жандың өшсөнде ерте,
Ақынның өмірі, о, неге келте?!

Алтынның парқы, білінбес барда,
Ардағын жоқтар туған ел, өлке.

Тотықұс – тағдыр құбылып кейде,
Күншілдік қажап жанынды жей ме?!

Өлсе де өзі, өлмейді жыры,
Жүректе мәнгі сактайды ел де.



Ау, Мұқа, кеш қалардай карманамын!
Адасып қалмаса деп арман әнім.
Шындықты айтып шырылдал бүгін міне,
Шағым емес, жалынды жыр жазамын?!

Түрен салды біреулер айға барып,
Жердің бетін түгімен жалмап алып.
Біреуін тентіретіп, бірін бай ғып
Қайқандатып қойды ғой қайран нарық?!

Біреу бай, біреу жарлы айдан анық,
Ар сатып сақал сатып майдаландық.
Ку құлқын, тұлқі құлық буындырды,
Адамдар жан сактайды қайда барып?!

Қалама күн шыға алмай, ай қамалып.
Ел-жүртүм мұнға батты, ойға қалып.
Төрелер төбедегі ұғар ма екен,
Отырған бес саусақты майға малып?!

Шүкір деп отырсан да барға қарық,
Тұтелемей коя ма шіркін, нарық.
Тығырықтан шығатын соқпак қайда,
Көбік сөз, бос уәдені малталадык?!



Керегі жоқ байлықтың, ештеменің,
Жалынбадым тағдырға дес бермедім.
Өмір-дария жалында жағаласыл,
Өлеңнің гүл-өрнегін дестеледім.

Тасқында толқын соғып қиналсам да,
«Өнер»-деп өлеңімді таспаладым.
Сезімді шідерлемей еркін тастап,
Қайғының жарып шықтым тас камалын.

Шың – биқке шырқар бір есті өлеңім,
Токып жүрмін жырымның кестелерін.
Әр ақынның адымы ұзын-қысқа,
Әттен, Мұка артыңнан кеш келемін.



Тіршіліктің сырларын түйіп ерен,
Тербелдің ғой казактың күйіменен.
Ақиқатты айта алған Мұқағали,
Әділет деп өттің-ау лұниеден.

Сағынышпен каралын айналана,
Сағынбаса сезім мен ой бола ма?!

/Сырлас таппай казактың жігітінен/.

Өлен болып өртендің кайран, Аға!



Шаңқан шындарда, мәнгі мұздарда,
Ағын суларда, тұнғұйық құздарда.
Сен ғана бар деп білемін,
Бастағын, баста бізді алға.

Өлеңнің тар кешу, тайғақ мұзында,
Айқаста жолды қуғанмын.
Өнердің құштар боп бағына,
Земзәммен бетім жуғанмын, Аға!

«Түркістан» газеті. 03.02. 2011 ж.

АЛАШҚА ӘЙГІЛІ ҚҰСБЕГІ

(Жалайыр Уәли Шора жайлы не білеміз?)

Жалайырлар ру, тіпті мемлекет құру секілді әйдік формацияларды бастарынан кеше отырып, күллі түркі текстес елдердің ұлы тарихына өзіндік ғаламат үлес қосты. Тіпті Шоқан Уәлиханов өзінің таңдамалы жинағында: «Жалайыр — Ұлы жұз құрамындағы ең көнетайпаның бірі. ... Орта ғасырда жалайырлар Орта Азия тарихында белсенді рөл атқарды» – дейді. (537-бет.) Жалпы алғанда жалайырлар төрткүл дүниеге кеңінен тараған. Осы ойды растағандай М.Тынышбаев «Жалайырлардың бір бөлігі – Монғолия мен Қытай жеріне, бір бөлігі – Шу бойына, бір бөлігі «Жалайырлар ордасы» атанып, Шыршық пен Ангрен маңына, енді бірі бөлігі Иран, Ирак жеріне тараған», – дейді. (История казахского народа, А. «Казак Университеті», 1993ж. 72-бет). Осындай мәліметтерді оқып отырып, сондай көп жалайырлар бірде әлемнің ана

тұсынан, бірде мына тұсынан жасындај жарқыл-
дап жүргеніне таңырқауға болмас. Олардың ара-
сынан белгілі тұлғалардың көптеп шығуы да орын-
ды әрі занды. Сондай тұлғалардың бірі – жалайыр
Уәли Шора. Англияның, бүркітшілер және аңшы-
лар қоғамының басшысы Кларк Пернің жалайыр
Уәли Шора туралы білгісі келгенін айтқанда, тол-
кынысты күй кештім. Осынау тарихи тұлғаға шет
елдерде қызығушылық танытып жатса, бабамыз-
дың құсбеті менгеруді шырқау биігіне
жеткізгені, сол арқылы бүкіл әлемге танылғаны
деп білген жөн. Шетел біліп жатқан атақты құсбетін
өзіміздің қандастарымыздың бірі білсе, бірінің
білмейтіні өкінішті.

Жалпы жалайыр Уәли Шора кім еді, қай мез-
гілде өмір сүрді, мекені қай маңда болған, деген-
дей көкейтесті сұраптар қаншама?! Осындай сұрап-
тарға жауап іздел жүргенде Ораз Исмаилов ағамыз-
дың «Әлем тарихындағы жалайырлар» атты кіта-
бын оқыдым. Сол кітаптың ішінде, жалайыр Уәли
Шора туралы жазылған бірер деректер былай дейді
екен: «Құсбетінің даңқы шыққан, тарихи тұл-
ғанын туған, қайтыс болған жылдары нактылы
смес. Көпшіліктің көбірек табан тірең жүрген
мәліметтерінің бірі мынау, «Шора (т.е.ж.белгісіз,
шамамен – XIX-ғасырдың бірінші жартысында
өмір сүрген) – аты анызға айналған құсбеті». –
Солай дей келе, «Бірден айтарымыз – осы мәлі-
меттегі «шамамен XIX ғасырдың бірінші жарты-
сында өмір сүрген» деген дерекпен келісуге бол-
майлы», – дейді. Уәли Шора одан ертеректе бо-
лған адам. Ғылыми енбектерге сүйенсек, біздің
ата-конысымызда құс салу, ан аулау осыдан жеті
ғасыр бұрын өркен жайған. Бұткіл Дешті Қып-
шакты коластына караткан, Алтын Орланың атын
шығарған Шынғыс ханының үлкен ұлы Жошы

(1184–1227) үш мың бүркітші ұстаған. Оның небір білгір мамандары сол кездегі жалайыр, қыпшақ, қонырат, арғын, найман тайпаларынан шыққан. Аңшылық, түркі халыктарының түпкі тұқиянда-рында бар кәсіп болғанымен, оның дамыған, шарықтау шегі Шыңғыс хан ұрпақтарының Орта Азияға басып кіріп, хандық құрған кезеңімен тұспа-тұс келеді» – дей отырып, жалайыр Уәли Шораның көзге түсіп, бағы жанып байқалған кезеңі де сол XII ғасырдың іші ме дейді». (Әлем тарихындағы жалайырлар. 193–194 беттер. О.И.)

Біздің ойымызша: тым алыстап кеткен сыйнайы бар. Себебі Алматы облысының Шенгелді ауылының маңайында Шолак тауы бар. Сол Шолак тауына жалғасып жатқан, Жалайыр Шора Айыркезені атанған биік жоталы тау орналаскан. Сырттан қарағанда екі өркеші биік айыр ағаш сияқты көрінеді, сондыктан болар «Айыркезен» атанғаны. Жалайыр Уәли Шора осы Айыркезені мекендеген. Осы Айыркезенде қыстауының орны және сонда ағып жаткан бұлақ әлі тартылмай, сол заманның куәгері болып көсіліп жатыр.

Жалайыр Шора Айыркезені Шолак тауының күнгей жағында орналасқан. Шыңғыс жағы Алтыннемел Корығына жалғасады, шыңғыс күнгей беті бұрынғы Іле өзені, кәзіргі Қапшағай су коймасымен шектеседі. Солтүстік беткейінде Шолак тауы, Шора Айыркезенімен шектескен жерге дейін карқалың түседі, қысы да қатаң келеді. Ал жалайыр Шора Айыркезенінде қатты аязда, қыстың қалың қары да болмайды, тау іші ық, басқа аймағына қарағанда 10-15 градуска жылылықты көрсетіп тұрады. Табиғаты жаратылысынан бөлек жалайыр Шора Айыркезені – құстардың қыстық мекені. Бұл жерде, әсіресе қатты қыстайтын құс қыран бүркіттер, жүзделеп келіп, көктемде қайта туган

мекеніне қайтып жатады. Мына Шолак тауы мен қоян-қолтық жатқан жалайыр Шора Айыркезенінің танғаларлық табиғаты осындай. Жалайыр Шора Айыркезенің ғалымдардың зерттегеніне де біраз уақыт болды. Ауа-райының осындай айырмашылығын ғалымдар ғылыми зерттеп түсіндіреді деп сенеміз.

Біздін бабамыздың осындай мекенге орналасуында ұлken мән болуы керек. Біріншіден, сонау Алтайдан бастап қыстакқа келген құмай қырандардың ішінен таңдап ұстауға мүмкіндігі болған, екіншіден бүркіт ұшыруға өте қолайлы, себебі батыс беткейі жазық болып келеді. Бұл тауда андар жыртылып айрылғандай өте көп болған. Көзірдің өзінде, таутеке, қаракүйрық, бөкен, құлан, қасқыр, тұлкі, т. б. андар үзілмейді. «Жалайыр Шора бүкіл ауыл аймағын осы анмен асыраған» – дейді фольклорлық әдебиетпен ауызданып келе жатқан ауыл аксақалдары. Ел жадында: «Аспанға ұшсам қанатым талады, жерге қонсам Жалайыр Шора алады», – деген сөз күні бүгінгеге дейін сакталып келеді.

Ал енді осынау тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңіне оралар болсақ, «Бәйімбет деген атамыздың он ұлы болады, олардың аттары: Тілеу, Тілеуғабыл, Жанғабыл, Жұмағұл, Байбатыр, Аманқұл. Ал басқа төртеуін жау кебежеге салып алып кетеді. Олардың аттары аталмайды, себебі жаугершілік қанша заман өтті, аттары ұмытылған болса керек. Осылардың Жанғабылынан Жылкелді мен Шора құсбегі дүниеге келеді. Кейін Жылкелді тұқымдары Ескелді әулие бабамыздың атымен Би Атам ауылы деп аталаған кетеді». (Сарқытбек Шора, Этнографиялық деректі әңгімелер.7-бет.) Елдің елдігін сактап, тұқымды жалғастыру мұрат-мұддесі ежелгі түріктерден сонау Мыңғол, Оғыз заманы-

нан келе жатқан тірліктері ең қасиетті де, қымбат үрдісі болса, Ескелді, Балпық бабаларымыз, міне, дәл осы тұрғыдан, осы биіктен көрінген адамдар. Соңдықтан да, көрікөздердің көздеріне жас алып жан тебіренісіне тұсуінде «Тәнірім бізді Ескелді мен Балпықтай елдің қамын ойлайтын ұл құшудан айырма!» — деген арман-тілекте жатса керек. Біз әңгімелеп отырған «Бәйімбет тұқымдары 840 үй болыпты XIX ғасырда» (Абрамов Н. А. Деректері бойынша.) Ал ақындықпен ешкім жеңе алмаған Бақтыбай ақын Ескелді бабамызбен туыс болып келеді.

Көрікұлактардың айтуынша Тәнірберген атамыз Шораның өз кіндігінен дейді. Тәнірберген тұқымдары шетінен сен тұр мен атайдын, сайдын тасындаі iрі, палуан, батыр болған. Қарадауыл Қаршыға би Шораның немересі, Құдайбергеннің ұлы үш жұзге сөзін өткізген би болыпты, — дей келе Сарқытбек Шора ақсақал әңгімесін жалғады: Шеттен жау іздемей, іштен дау ізден қызылқ-өзденген батырсымақтар барымта, ұрлық ішінара бел ала бастағанда Бетпакдала, Арқадан жерүйіғы Жетісуға қайта оралып орын тепкен жалайырлардың да арасында жер дауы, жесір дауы белен алған. Қонырдың жиек-жиегінде де жер дауы туындаі бастағанда жасы келген би Ескелді шаутартып, ендігі жерде Қаршығаны жалайыр ішіндегі дау-дамайларға жетілдіріп, сөзге қосып, сыртынан бақылап отырған. Көбіне өкшесін басып келе жатқан Балпық биді, жастардан Қаршыға биді, бала билерден Қарымбайды, Тіленшіні т.б. жұмсаумен шектелген кезі екен.

Мұны еске алып отырғанымыз: Тәнірбергеннен туған Қарадауыл Қаршыға би, Жалайыр Шораның немересі болса, Жалайыр Шора шамамен

Әмір сүрген мезгілі XVII-ғасырдың бірінші жартысы болмай ма?! Сол Карадауыл Қаршыға бидің тұқымдары Қамар ақсақал XX ғасырда әмір сүрген, шөпшек боп келеді. Қамар аксакалды ел «құсбегі және батыр Шораның тұқымы», – деп қатты сыйлаған.

Қамар ақсақалдың әмірі қызық, 1941 жылы соғыс басталғанда атына мінеді де, ешкімге айтпай Монғолияға өтіп кетіп қалады. Сол қырқыншы жылдардың аяғында соғыс біткен соң сол салт атты күйінде елге оралады. Ешкімнен қашып-пышпайды, елде де ол кісіні ешкім қудаламайды. Әміrbаки жылкысын бағып, ұжымда енбек етіп, елуінші жылдардың аяғында демалысқа шығып, 1998 жылы, шамасы жүзге таяп бала-шаға, елжүрттының алдында дүние салады. «Мінезі жайдарлы ешкімге қабак шытпайтын, жүзінде мысқылды күлкі үйіріліп тұратын-ды, ашуланғаның ауылда көрген адам жоқ», – дейді көріқұлақ аксакалдар. Әлімбай Шора құсбегінің кенжесі, ағалары Кожаберген (кейде Кожан деп те атаған) бұларды көп сары деп те атайды, Тәңірберген, Құдайбергеннен жиырма-отыз жастай кіші, тым еркеттәтай болған «Әлімбай кезінде Ескелді биден қарғыс алыпты-мыс» дейді. Құлайдың құдіреті, бүгінгі күнге лейін Әлімбай тұқымдары өспей келеді.

Ұәли Шора құсбегінің бір кездері Сыр бойында ла әмір сүргенін айта келе Ұлы жұзаксакалда-рының бәрі де сенімді ләлелдер келтіре отырып: «Ұәли Шора құсбегі Іле лариясының жоғарғы жағында Айыркезен леген жерле тұрды», – дейді. Айыркезен туралы жоғарыда айтып кеттік.

Бірде Карадауыл Қаршыға би қыстын күні тар үйде әкесі Құдайберген мен ерсілі-карсылы жүріп, тұрмыс-тірлікті ойлан, қатты ойға кеткенде Құлайдың көлшокиардан мұрына баласы

Каршығаның иығы тиіп кетсе керек, сонда Құдайберген ақсақал: – Балам менің мұрным өсіп кеткен бе, әлде сенің иығың өсіп кеткен бе? – депті. Сонда Қаршыға би: – Әке мұрныңыз өссе арықтағаныңыз шығар, иығым өссе ержеткенім шығар, – депті де, тағы да: – Өсу міндет, өрбу міндет, мұрынды көтеріп, мұртты көкке шашыту да міндет, мұртыңыз көкке шашылса ерлегеніңіз, иық мұрынға тисе шөптегені, – деген екен. Өсіп-өнген осы Шора тұқымы Талдықорған қаласының батыс жағында тұрады.

«Тінейдегі қасиет егіз екен сары құспен,
Шорадағы қасиет тілдес екен бар құспен» –

деген екі жол өлең күні бүгінге дейін ұмытылмаған.

Тіней де мықты бүркітші болғаны айдан анық, сары бүркітімен бүкіл найманға әйгілі болыпты. Жалайыр Шора құстың тілін білген деседі. Бірде аңға шыккан хандар мен ханзадалар, бектер мен бекзадалармен бірге жалайыр Уәли Шора да болады. Саяткерлікпен келе жатқан олардың төбесіндс жаңғыз дүз бүркіті қалықтап жүреді, оны көрген саятшының бірі, «Уәли Шора, сен құстың тілін біледі дейді, мына бүркіт қандай бүркіт» – деп сұрапты. Сонда Шора тұрып: «Бұл жүрексіз шала бүркіт» – деген екен. «Бұл сөзінді немен дәлелдейсің?» – дегенде: «Маған сенбесеніздер, жапаттармағай бәрің айқайландар сонда ана бүркіт өзі кеп аяқтың астына құлайды» дейді. Айткандай жалпы айқайдан жаңғырыққа шыдамаған бүркіт аяқтың астына кеп құлайды. Бұл аныз әнгіме болуы да мүмкін, бірақ әйгілі құсбегіге деген ілтипат айқын сезіледі.

«Сүйер ұлың болса сен сүй» – деген қазактың асыл сөзі бар. Олай болса біз неге осы бабамызды қолдап, ескерткіш қоймаймыз?! Жүйрік, жорға ұстап, тазы жүгіртіп, құс салған, сал-серілер бүгінде жоқтың қасы. Эйтсе де Алматы облысы, Шелек ауданындағы Нұра ауылында құсбекілікпен айналысатын бапкерлер бар. Демек, Уәли Шораның құсбекілік өнері әлі де үзілмей жалғасып келеді.

«Жетісу өніріндегі жалайыр Шорадан кейінгі құстарды қатты қайыратын, боктанын алып баптайтын, осы шапырашты Жалмамбетті дүниенің талай бұрышынан құсбекілер ізден келіп жаткан», – дейді. (Қазбек бек Таусарұлы «Тұп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітабында).

Егер, «Жетісу еліндегі жалайыр Шорадан кейінгі құсты қатты қайыратын, боктанын алып баптайтын осы Жалмамбет болса, онда Ораз Исмаилов ағамыздың XIII ғасырда өмір сүрген деген жорамал-олжамы тым арырак кеткен бе деп түйдік.

Жалайыр Уәли Шора XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген дегенолжам бар. Кеше ғана көргендей әңгімелеп айта алатын ауыл аксақалдары тұнып жаткан тарих! Аты анызға айналған құсбекі туралы әңгіме ел ішінде жетерлік. Ең бастысы – адамзат баласының өміріндегі ен көне кәсіппі көнертпей, керісінше көркейтіп, оны касиетті өнер тұғырына көтере білген Жалайыр Уәли Шораның туған және қайтқан жылы жайында дәлелін келтіріп шама келгенше айттық, бірақ мәселе осымен бітті деуге болмайды, әлі де ізденіс керек. Ой үстіне ой салар ағайын-туыстары болса және де ғалым, тарихшы ағаларымыз атсалысып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

«Жетісу» газеті.
1 қазан, 2011 ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тасқын ойдың тиегін ағытып,
Тебіреніп кетем кей кезде.
Айтатын ойға жан кіріп,
Көремін кейде түсімде.

Әр халықтың өзіндік этнологиялық ерекшелігі, мәдениеті, зердесі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дағдысы болады. Соларды терең де жан-жақты зерттеп, зерделегендеганда сол халықтың тұрмыс-тіршілік сыңайы толық ашылады.

Тәуелсіз ел болдық егемендікке, еркіндікке ие халқымыздың ішкі этникалық катынастарының ерекшеліктерін, жөн-жосық, дәстүрін зерттеу, бүгінгі ұрпаққа ұғындыру, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде бұлжымас заңға, әдет-дағдыға айналдыру казіргі кезең талабы болып отыр. Бұл мәселенің үлкен танымдық, тәрбиелік маңызына зор мән берілу керек.

Халқымыздың этностық педагогика, психология проблемалары төнірегінде алуан түрлі мәселелер сөз бол жүр. Бірақ Қазақ халықтың этнологиялық мәдениетінің көріністері өте көп, салалары сан тарау ғой. Біз ұлттымыздың бай да алуан түрлі этностық жүйесінің жалғыз ғана мәселесін, бір ғана көрінісін, яғни аксақалдар мен жастар, үлкен мен кіші, ата-ана мен бала арасындағы дәстүрлі сыйластықты, ізеттілікті, имандылықты сөз етсек.

Феодалдық қоғамдағы аксақалдардың айбынды үні асқақ естілген, дау-дамай, талас-тартыстардағы тарлан билердің әділ де білікті билігі айқын шабытпен көрсетілсе, ата-ананың балаға деген мерейі, баланың ата-анаға деген сағыныш махабба-

тын ерекше сезімменен суреттесек, үлкен мен кішінің арасындағы қарым-қатынасты тағылымды, тамсандыра алсақ. Бұгінгі қоғамның жастар тәрбиесі жағынан көп алға шығар едік.

Казак халқының этностық болмысы осы уақытка дейін арнайы, жан-жақты зерттеуде түк істелмей жатыр деуден аулакпыз. Сонда да болса терен кеменгер қайбір каламгерлердің жазғанындей, қазақ елі «айттым – бітті, кестім – үзілді»-дейтін білгір билерінің билікті, билігіне таласпай тоқтаған, қол қусырып, құлдық ұрған. Ақсакалда-рына айбат қылмай, ғайбат айтпаған! Үлкенін кадір тұтқан, құрметтеген. Кездескенде оларға: «Ассалау мағалейкум – сізге алланың нұры жаусын» деп қос қолын ала жүгірген, иғі тілек, кішілік ниет білдірген, ізет көрсетіп, алдын кесіп өтпеген. Кішісі ығысып, төрдегі орынды үлкеніне берген. Үлкені тұрғанда кішісі рұқсатсыз сөйлемеген. Жасы үлкендердің өмірден өнегесі бар, тіршіліктен түйгені көп. Казакта «Кәрі, кәрінің сөзі – дәрі», «Кәрісі бардың, ырысы бар», «Үлкенін ұлықтап өскен ел ойсырамайды», – деп мәтелдеген, үлкендерін үлгі тұтқан.

Казак халқы, 18 жастағысын бозбала, 40 жастағысын дүр жігіт, 60 – тағысын жігіт ағасы, 70-тегі кісінің карасакал, ал 70–80 арасындағы қартын аксакал деп білген. «Арттағыны қозғау – ағалық, алдағыны болжау – даналық», мұны істеу – акса-калдар үлесі деп түсінген. Олардың ақыл – кенесін, айтқан пікірін, сөзін тәрбие мектебі, тәрбие құра-лы деп бағалаған. Әйтеуір халқымыз аксакалда-рын аса арлактаған, олардың беделін көтеруге көп көніл болған.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолында» жүдеу жүзі, әжімі мол, жаланаш етіне өнірі жыртық шек-

пен киген Дәркенбайды көргенде ауыл жігітері аттарынан қарғып түсіп, қос қолдарын ала жүгіреді. Ел үлкенін, аксақалын өрелі өнегесі, татымды тағлымы үшін таққа көтерген. Мұқан мұны да майын тамызып марапаттаған. Абай бір бай ауылдың баласы, айбынды аксақал Сүйіндік үйіне келеді. Ел жайы, жер атаулары жөнінде өнгіме – дүкен құрады. Сонда шәй үстінде бала Абайдың кесесін Сүйіндіктің өзі өперіп отырады, «жеп – іш, Абай қарағым» деп, жент, май, баурсакты қонағының алдына қарай сырып қойып, үлкен бейіл көрсетеді. Құлыншақ қария тарапынан да Абай осындай тағылымды қабылдау табады. Бала екеніне қарамай ауыл аксақалы оны үлкен кісідей карсы алады, төрден орын береді. Мұнын үстіне аксақалдарabyroyы ақ батасында жатыр. Мысалы: «Баталы ел арымас, батасыз ел жарымас», «Батамен ел көгереді, жауынмен жер көгереді.» деген. Мұқанды еске алғанда Абайды санаға бірге ұялатпасақ болмайды.

Ал Мұқан ұлы ақынның бар болмыс – бітімін, қайталанбас табиғатын, мінез-құлқын, іс-харекетін, даналық жолын, өмірлік ізін ұнғыл-шұнғылына дейін зерттеп, зерделеген кісі. «Абай жолы» данышпан ақынның өмірі, исі қазаққа тән салт-сананы, әдет-ғұрыпты, тұрмыс-тіршілікті, өнегедәстүрді қамтыған ортак өмірдің мәнгілік жолы.

Ол Абайды тірілтіп қана қойған жок. Абай арқылы әдебиеттің бүкіл әлемдік көгіне, казақ халқын танытып, рухын көтерді. Мұқан мен Абайды еске алғанда қаламның өзі еріксіз бұрылып, сол тұнық қайнардан нәр алғанның үстіне, нәр ала бергің келеді. Қазір ойлап отырсак осы Абайды оқитын жастар бар ма, бар болса шамалы-ау деп

қынжыласың. Аштықтың азабын танытар да тоғайтар, ал рухани аштықтың азабы зәузатына залал боп жолығатынын естен шығармасақ еді. Қарны тоқтың малы түгенделгенмен, жан сарайы қаранғы түнекке айналмағай?! Аңғал, анқау елдін төбесіне ертең надандар әңгір таяқ ойнатып жүрмесе неғылсын! Қауіп те, қатер де сол тақыр наданның өсемдікті тәрік еткеннің көкірегі түнек – корыксаныз солардан қоркыныз.

Абайды оқымаған қазақ, оқыған казактан әлденеше көп. Қанша аңы болсада ақиқаты осы. Оны оқымады деп таусылып отырмыз, ал оку ойына кіріп – шықпайтындардың саны күн өткен сайын көбейіп бара жатса, өсіреле жастар жағы бұлда біздің ем конбас дертіміз ғой....

Осы аксақалдардың ақыл-кенесін, айтқан пікірін, тәлім-тәрбиесін ұлкенді сыйлау, кішіге деген ізеттігін, сөзін тәрбие мектебіне айналдыра-сақ. Жас буын, жалынды жастарымызға үлгі ет-сек. Бұрынғы қалыптасқан этнологиялық мәдение-тіміздің: яғни аксақалдар мен жастар, ұлken мен кіші, ата-ана мен бала арасындағы дәстүрлі сыйластықты, ізеттілікті, имандылықты үзіп алмасақ жарап еді!...

ХОЗЯЙСТВО «С НОРОВОМ»

Седьмой год близ Алматы успешно работает крестьянское хозяйство «Улан», занимающееся разведением чистокровных скакунов. И главой такого хозяйства является хрупкая женщина — Галина Тойшыбаева.

Не будем раскрывать всех секретов, с которыми поделилась предприниматель, но заметим, что «улановские» скакуны не раз были достойными победителями многочисленных соревнований-байги. Призы выигрывали всякие — машину «Нива», цветной телевизор, музыкальный центр, бычков, деньги...

— Как же так получилось, что Вы стали главой крестьянского хозяйства?

— Приехала в Алматы поступать в мединститут, училась на подкурсе, — отзываетя Галина. — Супруг мой, Естлеу, был студентом 2-го курса строительного техникума. Он так красиво ухаживал! Дарил подарки. До сих пор пишет стихи...

Что с нами вытворяет любовь? Известно, чтобы покорить сердце женщины, нужно завалить её подарками! Естлеу так и поступал. Она не могла устоять перед благоухающими букетами сирени, которые он дарил ей целыми охапками, а иногда и ведрами! Получив благословение родителей, они стали мужем и женой. Настала очередь подарков от Галины. Они не заставили себя долго ждать — Галина подарила мужу пятерых сыновей: Данияра, Дамира, Ерика, Улана и Берика.

Растить пятерых джигитов, согласитесь, не просто. Тем не менее, Тойшибаевы стараются рас-

тить сыновей достойными людьми, дать всем высшее образование. Самый старший сын Данияр окончил Юридический университет, второй сын Дамир окончил университет «Туран» банковское право, третий сын окончил Академию железнодорожного транспорта, четвертый сын Улан окончил технологический университет, самый младший сын Берик окончил факультет экологии технологического университета. Целая семейная академия растет в этой семье.

Семейное дело

Заботливые родители заметили любовь ребят к животным и на семейном совете решили приобрести для них лошадей. В начале лошади были беспородными. «Заболели» разведением жеребят после приобретения породистой скаковой лошади Байге-тор. Появился азарт и гордость за свою подопечную, принесшую победу и солидный выигрыш. Байге-тор имела бойцовский характер и была лошадью с норовом. Кстати, ее скаковые качества и грацию оценил наш президент Нурсултан Назарбаев, катавшийся на ней после байги.

У каждой породистой лошади есть свое племенное свидетельство, в которое вписаны такие данные: год рождения, пол, порода, кличка, в каких крупных скачках она принимала участие и какие занимала призовые места. Сегодня крестьянское хозяйство «Улан» занялось разведением жеребят целенаправленно, скрещивая породистых скакунов с хорошей родословной с не менее породистыми кобылами.

Вырастить жеребенка – тяжелый труд. Третий сын Тойшибаевых, Ерик, перешел на заочное отделение вуза, чтобы самому принимать непосредственное участие в воспитании скакунов. Старейшины поселка, подметившие в юноше особую страсть к лошадям и практические знания, не считают для себя зазорным посоветоваться с ним. Стоят жеребята дорого – от 1000 до 5000\$, в зависимости от родословной. За тех, что привезены из-за границы, платить пришлось бы намного дороже. Поэтому разводить своих племенных жеребят обходится хозяйству дешевле. Имя появившемуся на свет малышу подбирается почти через год, когда жеребенок проявит свой характер. Клички даются очень точные – музыкальные и поэтичные: Бес-каска (Пять отметин), Айсулу (Лунная красавица), Соната, Тузовка, Нюся, Пиковая дама, Кокетка, Заря, Дерзкая, Клеопатра...

Ай да, Нюська!

К каждой лошади нужен свой оригинальный подход: Тортобел выпрашивает кисленькие конфеты «барбариски», а чтобы угодить кобыле индийской породы по кличке Кокетка, нужно произнести ласковые слова.

Вот история Нюси. Кличка у этой скаковой лошади была другая, потом поменяли, когда изучили ее получше. Нюська отличается от других кобыл совершенно непредсказуемым, истинно женским характером! Привезли ее как-то на байгу в Баканас. Ерик, определив ее состояние по нервному подергиванию ноздрей, предсказал: «Вот увидите, с места не сдвинется!» Когда пустили

скакунов в первый круг, Нюся, замотав головой, демонстративно сошла с дистанции. В другой раз, участвуя в небольших скачках, Нюся «прилетела» к финишу первой так, что копыта едва касались земли! «Ай да, Нюська! Жарайсын!» – радовался Ерик победе.

Ребята и жеребята

В этом году Тойшыбаевы готовят своих скаковых лошадей для участия в ежегодной байге на кубок президента РК.

Лошадей пасут на отгоне. Спасибо огромное чабанам, которые помогают справиться с крестьянским хозяйством. Только на одну зиму нужно заготовить около 160 тюков сена, не считая комбикорма и соломы. Помогают сыновья, они не боятся физической работы. Отец Галины Кабанбай и мама Эмма Давыдовна всю жизнь растили скот.

К их советам и рекомендациям прислушиваются внуки, перенимающие замечательные традиции прошлого.

В следующем году Естлеу и Галина отметят со дня своей свадьбы 30 лет. Супруг продолжает дарить ей подарки. Когда жене исполнилось 44 года, перед взором изумленных гостей и именинницы в качестве подарка ей была презентована лошадь чистокровной арабской породы! «Пиковая дама!», – сорвалось с ее уст при виде роскошной красавицы. «Боже, зачем мне лошадь?», – пыталась скрыть свое восхищение Галина. Всеобщая любимица стала жеребиться, преумножая качество породистых скакунов и радуя всю семью, ведь жеребята – словно малые дети, их не бывает много.

Серия подарков в этой семье не прерывается. Недавно наблюдательная невестка Вика рассудила очень правильно, подарив свёкру и свекрови внука Диаса. А растроганный дедушка Естлеу преподнес «джигиту в ползунках» появившегося недавно на свет жеребенка.

*Жанар Дауренбекова
газета «Регион плюс»
г. Капчагай 22.04.2005 г.*

СҮЙІП ІСТЕГЕН ІС ШАРШАТПАЙДЫ

Кызметін ауыстырып жатса да, мерзімді басылымдарды үзбей, іздең окуға тырысатын оқырман қауымның бірі – Ізділеу Тойшыбайұлын қалалық салық комитетіндегі қызметінен емес, Шенгелді ауылдындағы үйіне арнайы іздең барып хабарласуымызға тұра келді.

— Біріншіден, аяғым ауырып, дәрігерге қаралуым керек болды, екіншіден, үй-жай, мал-жанға қолғабысымды тигізіп, қарайласуым да керек болып тұрғаны, — дейді қашанда айтарын бұкпей, актарыла сөйлейтін акжарқын ақынымыз Ізділеу Тойшыбайұлы. — Қапшағайдан шығатын басылымдарды енді қалаға дәрігерге не жұмыс жағдаймен бара қалғанда алып оқитын боламын. Биылғы қыстың қаһары қатты болып тұр, тек мал-жан аман болса екен деймін. Аяздың беті сөл қайткан соң Қапшағайға барып, біршама мерзімді басылымдарға жазылсам ба деп ниеттеніп отырмын. Арасында көз жүгіртіп, жаңалықтармен танысып, тұшымды көркем дүниелер оқығанға не жетсін?!

Күні кешегіге дейін қалалық салық комитетінің бас маманы қызметін атқарып келген Ізекен-

нің ауылдағы шаруашылық жұмысына бел шеше араласуына аяғының ауырғаны бізге бір қарағанда жай айта салған сөз секілді боп көрінді. Шаруашылық жайын байыппен баяндаған әңгімесінен анғарғанымыз – өмірлік жары Галина Қабанбайқызы жетекшілік ететін «Ұлан» шаруа қожалығында тиісті жер де, мал да баршылық көрінеді. Мал демекші, ұсак малмен бірге ірі қара, жылқы да бағып, төл төлдетіп отырған ауылдағы іргесі мықты шаруа қожалығының бірі көрінеді. Жылқы дегенде, анау-мынау емес, алыс айналымда, аламан қиқуда құлағын кайшылап шабатын сұлу сәйгүліктері де бар. Осылардан «Қарлығаш», «Марғұлан» секілді жалынан жел ескен жүйріктері облыс қөлеміндегі аламан бәйге жарыстарына қатысып, жүлде алып жұртқа танылған тұлпарлар болып шықты.

Ізекеннің шаруа қамына мығым екендігін естіп жүрсек те, қыран құсы-бұркітті баптап, анға салатын құсбегілік өнері бар екендігінен хабарсыз еkenбіз. «Нұра» ауылындағы Шора атындағы бұркітшілер қоғамының белді мүшесі ретінде Жетісу өнірінде өтіп жүрген байырғы бұркітшілердің аншылық сайысына қатысып, баптаған қыран құсының бағын сынап, олжалы оралып жүргені де көнілге қуанышты ой салды.

— Жылда қыс айларында өтіп жүрген бұркітшілердің сайысына Шелек жағындағы «Нұра» ауылынан құсын баптап жүрген бұркітшілер катысып жүр. Дегенмен мұндай сайыстарға көбіне-көп Қекшетау жағының бұркітшілері белсене қатысады. Сондыктан ауыл жастарын, оның ішінде төрт тұлік малға жақын, аншылықка үйір-аудеген өрендерді ата жолымен атбекі, құсбегілік достүріне ба-

улысам деген іргелі ойым бар, — дейді кәсіпкер Ізтілеу Тойшыбайұлы.

Осылай қолына қыран құсын қондырып, ала-ман жарысқа жүйрігін баптап, қораға мал үйіріп отырған Ізекен бізді көшениң арғы бетіне, қатырып салынған еңселі үйлерге қарай бастады. Сөйт-сек, қақпасы көлденеңнен шалқая ашылған еңселі үй дегеніміз — сәйгүліктеріне арнап салынған қорымды коражайы болып шықты.

— Байқасаныз, жылқы малының тұратын астындағы тәселеімі қара суықты тартатын құйылған цемент емес, — дейді Ізекен біздің қора ұлтанына қарағыштай бергенімізді байқап. — Біле білсен, жылқының табанынан өткен ызғар, мандай алдынан сокқан суық аяздан да ызғарлы болады. Сондықтан ат кораның ұлтанына биіктігі 30—40 см-дей болатын кеспелдек ағаштарды бір тегіс кесіп тәседік. Өткен қыста да, биыл да коражай жылы, күн жылыда малға жетерлік жем-шөбін де жинап алдық, солай ғой, Данияр, — деп жанында шаруа қамымен көмектесіп жүрген үлкен баласына қарап қойды.

Мына іші жылы әрі жинақы, еңсесі биік коражайды көргенде «Кора онды болса, койың қонды болар» деген сөздің осындайда айтылғанын іштей сезінген біз Ізекеннің әдемі әңгімесін бөлмей жүріп тындай бердік.

Бізге қора-жайын аралата жүріп, шаруа жайын асықпай әңгімелеген кәсіп иесі сыртта байлауда жабулы тұрған жылқыларын көрсеткен соң, кен шарбақтың ішінде жапсарлас салынған келесі еңселі екі қабатты үтіп бастады.

— Мынау менің шығармашылық үйім. Жанағы өзін дәм-тұз таткан үйді отау тігіп жатқан ұлдары-

ма қалдырып, өзім Галина женгеңмен осы үйде тұрсақ па деп ойлаймыз. Өзің секілді Шенгелді ауылына қарай жолы тұскен журналистер, ақын-жазушылар, өнер санлактары мені іздең үйге жиі келеді, қала берді кенесуге келетін шаруа қожалық жетекшілері, кәсіпкерлер де бар. Оның үстіне өзін білесін, қолым жұмыстан сәл босай қалса, қаламымды қолыма алып, ақ қағазды ермек ететін кездерім де аз емес. Соңғы кездері Қапшағайдағы туған тілге, аймақ тарихына, мәдениетке бағышталған шараларға да қатысып жүрмін. 2002 жылдан бері екі жыр жинағым жарық көрді. Ақын Мұқағали Мақатаевтың «Күнделіктерін» қайталап оқығаннан кейін арасында күнделік жазып, ойға оралған орамды ойларды қара сөз ретінде ақ қағаз бетіне түсіріп, қалың, ойға батып отыратын кездерім де болады. Жинай берсем, бұл көркем дүниелерім де үшінші жинакқа кәдімгідей жұқ болатын түрі бар.

Ақын Мұқағали Мақатаев демекші, қай әңгімені де әріден бастап өз жүйесімен сарапалап айтқанды ұнататын Ізекен ақының ақынмен кездейсоқ кездесуі жайында да суыртпақтап әңгімеледі. Ол шамасы 1974 жылы Ізекениң Алматы құрылыш техникумындағы окуын бітіріп, диплом корғауға дайындалып жүрген жадыраған жаздың бір жайма шуак кезі болса керек. М. Горький саябағын біраз қыдырыстаған ол достарымен шөл басайық деп сырханаға кірсе, жолдасымен әңгіме-дүкен құрып отырған Мұқанды көрелі. Мерзімді басылымдардан суретін көріп, өлендерін таласа оқып жүрген студент қауымының бірі емес пе, ақынмен дереу амандасуға асығады. Сондағы Мұқанның шымыр үйкасын тауып жаткан өлең шумактары, әлемі да-

усы, өсерге бөлеп айтқан арналы әңгімесін әлі ұмыта коймапты...

Біздер сыртқа, келген жағымызға қарай бет алғанымызда үй алдында созыла үйілген төбешікке көзіміз түсті.

— Ізеке, мынау ауылдасың ақын, тарихшы Жұмахан Жалайырдың ауылымызда көмүлі жатқан құнды «тарихымыз» бар деген төбешігі емес пе, енді сіз осыған шырақшы да болдыныз ғой, — деп әзіл де болса салмағы бар сөзіміздің басымдық жағын өзіне қарай аудардық. Ізекеннен сөз қалған ба, үйден ала шықкан қолындағы «Өмір әлегиясы» жыр жинағын ашып жіберді де, «Обалар» атты өлеңін оқи жөнелді:

Қарасам кыр басына, обаларға
Боламын тілдескендей бабаларға.
Ардақты асылдардың жер мекені,
О, Шенғелдім, айтарың көп үрпактарға!

Тұрады дәйім олар күй актарып,
Тұрады дәйім олар қияктанып.
Кара төс – өріп жиған көп обалар,
Тұрады қас батыр кесенесі сияқтанып...

Бабалар ерлігін паш еткен, ұлттық құндылықтарды сақтауға шакырған, мына обаларды батыр бабалар кесенесіне теңеген ақын өленін мениң манағы сөзіме жауап ретінде оқыды деп түсіндім. Сөйтсем, шабыттанған ақынымның мына кара сұқты елейтін түрі жок. Енді «Ауыл тонырағын» тындағын деп, екінші бір өленін тебірене оқи жөнелді:

Жота, қырат, далан қандай – шоқ арман
Ыстығыңды бала кезде неге шіркін,

Топырағына аунасам да қанша рет
Тасын тұрмак, шаның-дағы жұқпаған.

Табаныма шөңгелерін қадалып,
Тұрса-дағы жүгіруші ек, балалық...
Абайсызда жылап қалсам, құшактап
О, туған жер, аймаладым Анағып.

Ақын Ізекен енді бізге жазамын деген жазушыға, жырлаймын деген ақынға Шенгелді аймалының шежіресі жетерлік қасиетті мекеннің бірі екенін мақтаныш сезіммен, шабыты шалқыған шынайы көнілімен желпіне жырлай айтты.

Азғана жүздесуде осыншама шаруа жайын, тарих, өнер, өлең жайын әңгімелеп, бүгінгі келбеті келіскең көрікті ауылдың тұрмыс-тіршілігіне қанықтырған ойы ояу, жүрегі алау ауыл азаматының мына қолға алып жатқан шаруасына шыны керек, кэтте бек риза болдык.

— «Кешке бірқатар ауыл ақсақалдарын шакырып отырмын, ортасында болып, арғы-бергі көнеден козгайтын әңгімелерін тыңдал, бір-ақ қайтпадын ба» деген ыстық-ықласына да ризашылығымызды білдірдік.

Ауыл ортасындағы кен жолға түсіп, сәл үзай бергенде артыма карасам, Ізекеннің жаңағы біз болған ат коражайына қарай қайта аяндал бара жатқанын байқадым, «Сүйіп істеген ісін шаршатпайды» деген осы болса керек Ізеке, деп біз де үлкен жолға түссе бердік...

*Сәтбай Мырзабайұлы.
«Қашагай» газеті.
27.08.2010.*

КӨСІПКЕР ҚАЛАМ ҰСТАСА...

Атамыз қазақта «Жігітке жеті өнер де аз» дейтін сөз бар. Сөйтіп, «сегіз кырлы, бір сырлы» болуды талап етеді. Ізтілеу Тойшыбайұлы меніңше дәл осындай азамат.

Ізтілеу Алматы облысы Балқаш ауданы Кекжиде ауылында дүниеге келген ауыл баласы. Үш бірдей мамандық иесі. Ол Алматы құрылымын, Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын, Алматы сауда техникумын бітірген. Байқап қарасақ, оның бүгінде осы үш мамандығының үшеуін де халық кәдесіне жаратып отырғанына көз жеткізе аламыз.

Біріншіден, ол бүгінде өзі тұратын сан ұлттан құралған Шенгелді ауылына шапағаты тиюде. Ондағы бұрынғы кеңшар басқармасының мекемесі, мектеп, мәдениет үйі, 90-жылдардың басында бой көтерген мешіт, тағы басқа көптеген көрнекті құрылыштардың әрі прорабы, әрі сәулетшісі, әрі бүгінгі таңдағы демеушісі.

Ал, екінші жағынан асыл тұқымды жылқы өсіруші фермер. Әрі қос-костан жүйрік баптайтын атбегі. Қазір екі ұлы әкесінің осы кәсібімен шұғылданады. Айталық, Ерігі «Баграянец» деген күреніді, Ұланы тортөбелді баптайды. Осы арада айта кететін бір жай бар, жұбайы Галинаның шешесі неміс қызы екен. Бірақ өзі ауылда өскен қазак қызындай.

Ізтілеудің бұдан басқа да екі «мамандығы» тағы бар. Әуелі ақын, сонан соң шежіреші. Оның «Санат» баспасынан «Менде де жүрегі бар ақындардың» дейтін өлеңдер жинағы жарық көріпті. Сірә, жұбайы Галинаның «Біздің арамыздан шықкан ақын» дейтін әзіліне жауабы шығар, жинағын:

Тұсіне бермессіздер Ізкен жанын,
Тұсіну міндетті емес өзге бәрін.
Әр жүрек әр тарапқа сүйрелейді,
Менде де жүргі бар ақындардын, —

деген өлең жолдарымен ашылты. Бұл ақынның «Тындашы мені» деген өлеңінің алғашкы шумағы.

Рас, біз бұлай дегенде Ізтілеуді төрт аяғы тен жорға ақын екен деп дәлелдегелі отырған жокпыз. Бірақ мына бір салыстырмалы жайды ескермей болмайтын сияқты. Айталақ, осы күні бізде үйқастары жып-жылмағай, мінсіз, алайда сезімінді селт еткізер бұдыры жок өлендер аз емес. Не айтқалы отырғаның сол ақынның өзі білмесе, өзгелер мына ине шашып отырып ойланса да ештеңе тұсіне алмасына сенімім мол. Ал Ізтілеу өлендерінде кейбір олпы-сопылықтарына қарамастан, жүрекке жол тартатын жылы жолдар баршылық. Қыскасы әр өлеңінің жылуы өз бойында. Мәселен:

Дала кезген, қала кезген өтті кез,
Сонын бәрі сияқты енді жат мінез.
Кайран менің шалқактаған жастығым,
Асып-тасып шалқар сезім өтті тез, —

деген шумакқа ақын жүректің әмірімен жастық албырттықта, жарты ғасыр жасаған жасамыс ағалықта, қуанышта, өкініш те сиып тұр.

Енді ол өзінің шежірешілікке не үшін бой ұрғаның «Көне қазақ жеріне басып кірген әлемге әйгілі парсы патшасы Кир мен Дари, Македон жиһангері Ескенлір Зұлкарнайын ла ен әусілі көшпелі халықтың жиған шежірлерін әскерлеріне арнайы тапсырмамен жинаттырып, өртеп отырған. Ешкі мен бұзау терісіне жазылған талай мындаған кол-

жазба-шежірелер от-алау болып жалындаған, көшпелілердің келер үрпағының көзінен мұлде гайып болған» дей келіп шежіренің кеңес үкіметі тұсында да да кол жеткізе алмай, әбден көмексі тартқаны тарихымыздың маңызды бір тармағы екендігімен түсіндірген. Сөйтіп, ақын Ізтілеу өзі жиған шежіресінде:

Бабамыз Ұлы жұздің нокта ағасы,
Ешкіммен болған емес бакталасы.
Жалғасып Жалайырдың үрпактары,
Бұғінде өркендей бер, токтамашы!

Өзіннен он екі ата тарапады,
Өсірдің елің үшін даналарды.
Жетісу – жерүйіым – алтын бесік,
Қаншама үрпактарың нәр алады, –

деп өлеңмен бастапты. Әрине, шежіре шегі-шеті жок, таусылмайтын, жалғаса беретін тарих. Оның өткенін зерттеп, өтпегенін қаттап отыратын сана-лы азаматтар бұрын да болған, әлі де керек. Соның бірі – Ізтілеу Тойшыбайұлы.

Өлең мен шежіре – бар қазактың ортак мұрасы. Оған мен де, сен де, ол да атсалысып жатсақ, еш артық болмасы ақыкат. Алайда өлең – өнер атаулының ішіндегі киелісі екенін қайсы ақынның болса да есінен шығармағаны абзал.

Нұрқасым КАЗЫБЕК,
жазушы
«Мұқагали» журналы.

МАЗМҰНЫ

Мақпал Мыса. Ақын жүрегі	3
Бірінші бөлім	
Жан жылуы	7
Екінші бөлім	
Ой қалауы	149
Үшінші бөлім	
Толғаулар	233
Төртінші бөлім	
Ойлар мен мақалалар	285
Нұрқасым Қазыбек. Кәсіпкер қалам	
ұстаса	331

Художественное издание
Изтилеу Тойшыбайулы
Когда цветет джиде...

Стихи и статьи
(на казахском, русском языках)

Бас директоры – Аскар Алтай

Редакторы *Омархан Құлахметұлы*
Көркемдеуші редакторы *Н. Айымбетов*
Техникалық редакторы *М. Картова*
Корректоры *Д. Дәрібаева*
Компьютерде беттеген *С. Беласарова*

ИБ № 08

Терүе 05.06.2012 берілді. Басуға 12.07.2012 көн койылған.
Пицци 75x90^{1/2}. Есентік баспа табағы 22,03. Офсеттік калың.
Офсеттік басылым Таразымы 1000 дана. Тапсырыс № 128

Республика Казахстан, ТОО «Арда+7».

050012, г. Алматы, пр. Гагарин, 196 «А», офис 18
Телефон: 2-91-83-59 ф/с.

**Ізділеу
Тойшыбайұлы**

**Жибелер жұпар
шаңқанда ...**

